

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ

ETHNOPEDAGOGY OF THE TURKISH PEOPLES



АВТОР - AUTHOR

Дүйсенбаев Абай Duisenbayev Abay
Қабакбайұлы Kabakbayevich

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ****ETHNOPELAGOGY OF THE TURKISH PEOPLES****ISBN: 978-605-06240-8-3****Editor:****Prof. Dr. Galib SAYILOV****Prof. Dr. D. Ali ARSLAN****Prof. Dr. Bekezhan AKHAN****АВТОР - AUTHOR****Дүйсенбаев Абай
Қабақбайұлы****Duisenbayev Abay
Kabakbayevich****Cover Design: Prof. Dr. D. Ali ARSLAN****Layout-Offset Preparation: Prof. Dr. D. Ali ARSLAN****© D. Ali ARSLAN****Mer Ak Publishing House, May 2020 – Mersin**

This Book: It was prepared within the project of the "Cultural Treasures of the Turkish World" in cooperation with TÜDBA The Academy Of Sciences Of The Turkish World - MER AK Mersin Academy - Baishev University-Aktöbe.

Mer-Ak Mersin Akademi Yayınları (Mer Ak Publishing House)**Adres: Çiftlikköy Mahallesi, 34. Cadde, Nisa 1 Evleri, No: 35, 6/12,
Yenişehir/MERSİN****Tel: 0532 270 81 45 / 0553 666 06 06**

Note: All administrative, academic and legal responsibilities of the chapters belong to their authors.

Cover Photo: <https://www.vuzbaishev.kz/>



TÜDBA
TÜRK DÜNYASI BİLİMLER AKADEMİSİ
(The Academy Of Sciences Of The Turkish World)



Ak
ışmanlık





Пікір жазғандар:

Әлмұхамбетов Б.А. – педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Бекназаров Р.А. – тарих ғылымдарының докторы,
профессор

Сайлов Г.А. – филология ғылымдарының докторы,
профессор



Д-87 Дүйсенбаев А.К.

Түркі халықтарының этнопедагогикасы. Монография. – Мерсин, 2020.
– 168 бет.

D-87 Duisenbaev AK.

Ethnopedagogy of the Turkic peoples. Monograph. - Mersin, 2020.
- 168 pages.

Монографияда түркі халықтарының ықылым заманнан бергі тәрбиелік тағылымдары мен мәдениетінің тарихы қарастырылған. Түркілік тәрбие ұстанымы әлемдік тұтастықтың, түркі халықтарының парасаттылығы мен шығармашылық әлеуетінің, адам ресурстарының негізі ретінде жас ұрпақ санасын жаңа сапалық даму сатысына көтеретіні зерделенеді. Монография мазмұнында түркі халықтарының ғұлама ойшылдарының түркілік тәрбие идеялары мен тәлімдік тәжірибелері туралы құнды деректер берілген. Монография студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, педагог ғалымдарға арналған.



АЛҒЫ СӨЗ

Әлемдік деңгейде адамзаттың қалыптасу және даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындалған өркениет үрдістерді, халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің негізі мәдениет пен тәрбиеге байланысты. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және мәдени қатынасы қоғамдағы тұлғаның тәрбиесіне және оның прогрессивтік даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін педагогика ғылымы мен білімінің даму тарихы айқындайды. Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде жеке тұлғаны тәрбиелеу, адамгершілік, ізгілік, әдеп туралы зерттеу проблемалары көптеген ғалымдар мен педагогтардың назарын аударды. Осыған сәйкес тәрбие мен білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің, тәрбиешілердің кәсіби бағытта тәрбие жүйесін дұрыс ұйымдастыруы ерекше маңызға ие болып табылады. Тәрбие туралы ойлар ерте кезден бастау алып, қазіргі кезеңге дейінгі мәдени аспектілер негізінде мектептің және педагогикалық теориялардың қалыптасуы кезеңінде терең әлеуметтік-экономикалық үдерістер түркі халықтарының этномәдениетіне үлкен өзгерістер мен проблемаларды алып келді. Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбиенің негізін құраушы мазмұны – сана, этнос, әдет, мінез, мүдде, қажеттілік ұғымдарының мазмұнымен өзекті зерттеулерін байланыстырады. Түркілік тәрбиенің әдіснамалық негізі адамның табиғатпен және техникалық даму қатынасымен сипатталады. Олай болса, психологиялық, педагогикалық, эмпирикалық, теориялық мазмұнда түркілік тәрбие беру проблемасы зерттеуді қажет ететіндігіне көз

жеткіземіз. Жаһандану жағдайында түркілік тәрбие, мәдениет, қоғам және тұлға арақатынасының мазмұны мен әдіснамалық мақсаты түркілік мәдениетті сақтау және дамыту, патриоттық тәрбие беру, тұлғаның жоғары адамгершілік қасиетін тәрбиелеу, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ұлтаралық мәдени дамуы мен қалыптасуы өзге этностардың ерекшеліктерін салыстыра қарастырумен ашылады. Түркі халықтарының салт-дәстүрі мәні мен әлеуметтік маңызы оның қоғамдық өмірдегі атқаратын қызметтерінен көрінеді: әлеуметтік, интегративтік, реттеушілік, коммуникативтік, әлеуметтік-психологиялық, идеялық-тәрбиелік және т.б. деп сипатталады. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құрылымына адамгершілік, саяси, эстетикалық, діни, идеялық мазмұн, ережелер, қалыптар мен қағидалар, тұлғаның саяси және рухани қасиеттері, көзқарасы, сезімі, қажеттілігі мен идеалдары кіреді. Түркі халықтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары отбасында қалыпты қатынастардың бекітілуіне, үлкен мен кіші арасындағы қатынастар мен ережелерді игеруге, шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тәжірибесін жалғастыруға, еңбекке баулуға, этностық мәдениет пен тарихты қадірлеуге, атамекенге деген сүйіспеншілікті арттыруға, эстетикалық және көркем мәдениетті сақтауға жағдай жасайды. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдарына – түркілік дәстүрдегі елін қорғау қағидасы – бұл көне аңыздар мен жырлар, мақал-мәтелдер мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. рухани мәдениет құрылымдары арқылы тәжірибеге айналып, іс-тәжірибе мен халық рухында, ұрпақтар санасында, ұлттық менталитетте қолдау тапқан тәрбиелік тағылымдардың басты әсерлі факторларының бірі болған.

Демек, түркілік тәрбие тағылымдарында ғұлама философтардың, ойшылдардың, ағартушылардың және қоғам қайраткерлерінің

педагогикалық көзқарастары қарастырылады. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдарын оқып-үйрену бүгінгі мұғалімнің мәдениетін арттыруда ерекше рөл атқарып ғана қоймайды, сонымен қатар оны жүзеге асыруда педагогикалық шеберлікпен қарулануға көмектеседі. Мұғалім өткеннің озат тәжірибесін зерттей отырып, шығармашылықпен пайдаланады және оны күнделікті тәжірибесінде қолданады.



CONTENTS

<i>Chapter</i>		Page
	FOREWORD	8
	TABLE OF CONTENTS	11
1	CHAPTER I. ETHNOCULTURAL BASES OF EDUCATION OF THE INDIVIDUAL IN THE EDUCATIONAL HERITAGE OF THE TURKIC PEOPLES	14
	1.1. Goals and Principles of Ethnocultural Education of Youth in the Heritage of the Turkic Peoples	14
	1.2. The Essence and Content of Ethnocultural Education for Young People on the Basis of the Educational Heritage of the Turkic Peoples	29
2	CHAPTER II. THEORETICAL AND METHODOLOGICAL BASES OF THE STUDY OF EDUCATIONAL PROBLEMS IN THE ETHNOPELAGOGY OF THE TURKIC PEOPLES	50
	2.1. Educational Tools, Types and Methods of Ethnopedagogy of the Turkic Peoples	50

2.2. The "Turkic Spirit" Formed on the Basis of the Educational Experience of the Turkic Peoples Is A Composite Image of A Mature Person	128
CONCLUSION	142
GLOSSARY	145
REFERENCES	152
TABLE OF CONTENTS	163



1 Тарау. Түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы жеке тұлғаны тәрбиелеудің этномәдени негіздері

1.1. Түркі халықтарының мұраларындағы жастарға этномәдени білім берудің мақсаттары мен ұстанымдары

Түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы жеке тұлғаны адамгершілікке, ізгілікке, еңбексүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеудің мақсаттары мен ұстанымдары түркілік рухпен байланысты. Түркі халықтарының тәлімдік бастаулары – түркілік өркениет пен рухани өміршеңдігінің көзі, ол түркілік бауырмалдық рухқа айнала отырып, онымен мәңгі бірлікте өмір сүретін этникалық тағылымдар жүйесі болып табылады. Түркілік бауырмалдықтың құрылымдық негізі күрделі, яғни түркілік намыс, жігер, бір-біріне деген ізгілікке негізделген өткені мен болашағын тұтас қамтитын түркілік тәрбие қағидасы болып табылатындықтан, оның элементтерін зерделеп алуымыз да қажет. Түркілік тәрбие әрбір дәуірдің заманауи қажеттіліктерінен, қоғамдық даму заңдылықтарынан туындайды. Қоғам – барынша тұрақты болғанмен, әрбір кезең үшін белгілі бір мақсат қояды, оны шешуге ұмтылады, сәйкесінше келесі дәуірге жаңа ұмтылыстар түзеді. Яғни ол тәрбие қағидалары мәңгі, тылсым болғандықтан, халқымыздың «өткені-қазіргісі-болашағы» үшін құрылатындықтан, түркілік тәрбие қағидаларын жеке мақсаттардан жоғары қоятындықтан, элеуметтік ерекшелік өкілдерінің бәрін қамтитындықтан т.б. барынша асқақ болып табылады. *Түркілік тағылымдар* – мәңгі сақталуы мен насихатталуы және мойындалуы үшін қажетті педагогикалық шарт болмақ. Осы тұжырымдамалар өскелең ұрпақ бойына адамгершілік сана-сезім түрінде сіңіріліп отырады, сәйкесінше түркілік тәрбиені іске асырудың құралы болып

табылады. Осыдан оның өміршең-тәжірибелік сипатта болуы үшін тағылымдық қыры ашылады. Ол қоғамдық-әлеуметтік институттардың барлығында: отбасы, балабақша, мектеп, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қамтамасыз етілетін, сол қағидалар бойынша ұрпақтарды тәрбиелеуге бағытталған тағылымдық мәні зор қағидалар.

Түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы жеке тұлғаны адамгершілікке, ізгілікке, еңбексүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеудің *негізгі мақсаты* – түркілік этнопедагогикалық мұрадағы ерлік пен өнегелік дәстүрді сақтаудың қорғаныш механизмін, тұлғаны қалыптастырудың тағылымдық өнегелерін, елі мен жерін қорғауға тәрбиелеудің педагогикасы, өзін-өзі айқындау мен қоғамдағы орнын ашудың ұстанымдары т.б. бола отырып, бүгінгі заман үшін тағылымдық қуатты тәрбие құралы. Алдымен қазіргі заманғы қазақ зиялылары арасындағы түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен ерлік дәстүрлер туралы түсініктемелеріне шолу жасасак, профессор А.Айталы тұжырымдағандай: «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық мүдденің басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» [1, 81-б]. Шындығында, бұл пікірді қуаттай отыра, біз оның ұлттық рухани мұраларды орнықтырудағы тарихи-ретроспективті функциясы екендігіне көз жеткіземіз. Ғ.Есім ұлттық рухани мұралардың философиялық-әлеуметтік тұрғыдан жалпы бағдарларын ұсынуда оның тұжырымдамалық ұғымдарын сараптайды: «...ұлттың жаңғыруы – Қазақ Ренессансы, Қазақ елінің мәңгілігі» [2, 50-88 бб.]. Аталған ой-тұжырымдарға сәйкес, түркілік тәлім-тәрбиенің негізгі бағытын Асан Қайғыдан бастауға болады, оның «Жерұйық» романтизмін халықтың жақсы, бақытты өмір сүруін армандаған алғашқы тарихи формасы деп ұғындырады [3, 65-б.]. Бұл жерде «Неліктен Асан Қайғыны атап айту керек, өзге де тұлғаларды неге елеусіз

қалдыруға болады, ол қалай ұйтқы болып табылады» деген сауалдар туындайды. Себебі Асан Қайғыны түбегейлі түсіндіру – түркілік мұрат-мақсаттарды аша түсудің басты қырларының бірі. Сондықтан, біздіңше, Асан Қайғы ілімдерінің оптимистік (Жерұйық) парасаты мен пессимистік (Ақыр заман) сарындағы нақты көрінісін былай ашып көрсетуге болады. Оның бүкіл қазақ сахарасын шарлауы жөніндегі аңыз баршамызға аян, бұл құбылыс қана, ал «оның мәні неде, ол неге ел кезіп жүр?» деген сауал туындайды:

- «Дүниені кезушілік» қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуы үшін территориясын белгілеудің символдық және шынайы көрінісі;
- «Менің елімнің жері» деген кең даласына, атамекеніне сүйіспеншілік қатынас орнықтыру және оны кейінгі ұрпақтарға жария ету.

Сайын далада, осы территорияда емін-еркін өмір сүрудің айқын үлгісі «Жерұйық» – символдық кеңістігі, аңыз бойынша Асан Қайғы оны таба алмайды, әрі тапқандай болады. Демек, «Жерұйық» – әрбір азаматтың туған жері, Отаны мен туған елі болып табылады» деген отансүйгіштік сезімін келешек түркі ұрпақтарына паш етеді, мәңгілік канон ретіндегі қағидаға айналдырады. Ал келесі «Қазақ елінің мәңгілігі» деген түсінік мұраттар негізінде құрылған пафостық түрде перспективтіліктің шынайы болашақ қуаттылық деңгейін ашады. Яғни мұнда шабыт пен жігердің, белсенділік пен ұмтылыстың стратегиясында жатыр. Бұл параллелизмнен: «Жерұйықты» (өз Отанын) қастерлеу – Қазақ елінің мәңгілігінің сақталуының кепілі» деген тұжырымдама негізге алынады. Яғни тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының тәлімдік тәжірибесі арқылы үңілу болып табылады.

Ал, түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы тұлғаны ізгілікке, еңбексүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеудің *негізгі міндетіне* – тәлім-тәрбие түсінігін жеке-дара ашу және оның осы ұғымдармен арақатынасын зерделеу болғандықтан, жоғарыдағы ой-пікірлерге сүйене отырып, оның генезисі мен эволюциясын, құрылымдық-функционалдық негіздерін анықтап алу және оның бүгінгі таңдағы маңызын, іске асыру бағыттарын ұсынамыз. Тұтас түркі халықтарының рухани дүниетаным ерекшеліктеріндегі басты байыптау объектісінің бірі – адам проблемасы болғандықтан, ондағы дүниеге ұрпақ келудің әлеуметтік сипаты (ел қорғайтын потенциалды әскер ресурстары ретінде) – ұрпақтар сабақтастығының өмірдегі мәні, дүниеге келген ұрпағына түркілік тәрбие берудің тарихи-тағылымдық жүйесін құрайды. Түркі халқының азаматы ел игілігі үшін белсенді түрде аянбай қызмет етуге кіріскенде, өз Отанының тарихына, мұрасына, халқының салт-дәстүріне сақ болу және ұқыптылықпен қарау; туған жерін сүйе білуге тәрбиелеу, тұлғалық ар-намысын және абыройын нығайтуға, түркі халықтарының салт-дәстүрі мен мәдениетін оқып-білуге міндетті болуы керек.

Тарихи-жүйелілік ұстаным бойынша, түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінің педагогика тарихындағы тәрбиелік қағидалардың бір-бірімен байланыстылығы және тарихи-шығу тектік шарттарының бірі – жауынгерлік идеология: соғыс өнері, эпостық тұлға, елін қорғау т.б. модустарды біріктіреді. Белгілі ғалым А.Сейдімбектің пікірінше: «Түркілік тұтастық пен тәлім-тәрбие, яғни сол мәндегі түркілік дәстүрдің өзара шендескен бастауларынан нәр алуға тиіс. Біріншісі – қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арман-мұраты (идеалы). Яғни кең мағынасында, ондай идеалдың түркілік мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүр түріндегі өмірлік көріністері. Екіншісі –

бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіп отырған ахуал», - деп келтіреді [4].

Сонымен қатар түркілік мұраттар мәселелері туралы зерттеуші ғалым Қ.Сағидоллаұлы өзіндік ойын былайша түйіндейді: «Нысаналы пайым мен тұжырымдамалар түркілік мұраттар қызметін атқарады. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары түркілік тұтастықтың арқасында патриотизмнің үлгісін көрсете алды. Бастапқыда оның мәнін, мақсат-міндеттерін «Оян, қазақ» формуласымен дәйектесе, империя күйрей бастағанда «Қазақ автономиясы» дүниеге әкелді. Түптеп келгенде, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы – «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының салтанаты». Яғни, «Оян, қазақ – Қазақ автономиясы – Қазақстан тәуелсіздігі» құрылымы бойынша: алғашқысы – шарт пен мотив, «Қазақ автономиясы» – ұлт мүддесі үшін құрылған, соңғысы – нәтиже, бүгінгі замандағы мүмкіндіктің шындыққа айналған шынайы көрінісі», - деп келтіреді [5, 9-12 бб.].

Шындығында, «Оян, Қазақ» дәуірінен кейін қаншама жылдар өтті, бұл – тәуелсіздікті аңсаудан туған рухтандырушылық мотив, қозғаушы күш, Ресей отаршылдығынан босау сәтіндегі отансүйгіштік кредо, бүгінгі таңда да қайталанатын осы ұран – Кеңестік империя саясатынан азат болуы, тәуелсіздікті нығайту барысындағы жалғасқан түркілік отансүйгіштік рухтың жаршысы деп бағамдауымызға болады. Демек, мұны: «ұлттың тәуелсіздік рухы» деп көрсету қажет немесе «тәуелсіздік рух» дегеніміз орынды болып табылады.

Сонымен түркі халықтарының тәрбие проблемаларын саралай келе, өз тұжырымымызды да дәйектейміз: *«Түркілік тәрбие – ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени мұрасқорлықтың халық болмысындағы тұтастығының негізі, этникалық қоғамның базисінің саяси-әлеуметтік-мәдени*

қондырмасы, түркі халықтарының жасампаздығы мен мәңгілік өміршеңдігінің тұжырымдамалық теориясы бола отырып, «өткен-бүгін-болашақтың» бейнесін әйгілейтін этникалық сана-сезімнің көрінісі, тәрбие тағылымдары», - деп айтамыз. Ол әрбір қоғамдағы этнос және мемлекеттің түпкі мақсатын, жеке адамдардың мүдделерін белгілі бір этностың өзіндік даму бағдарларына сәйкестендіретін белсенді-әрекетшіл түркілік рухтың шынайы көрінісінен туындайды. Халықтар бірлігі, түркілік тұтастық пен тәлім-тәрбие іске асырушы құрал ретінде де түсіндірушілердің пікірін де мысалға алуға болады. Яғни тәрбиенің өміршеңдігі мен бүгінгі заманға дейін келіп жетуінің тәсілі – «өзінің эволюциясын өзі жасайтын тәуелсіздігі» болып табылады. Түркілік тәрбие мәңгі өмір сүретін, өзіне-өзі қайта оралатын түркілік рухтың тылсымдығымен үстемеленеді. Оның қуатты қайнар көзі – Рух ұжымдық сипаты мен түркі халықтарының тарихи жадынан сақталған күйде сакральды бейнеде, қоғамдық психологияда парасатты түрде өмір сүреді, яғни этностың мәңгілік модусының айшықталуы болып табылады.

Түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы тұлғаны тәрбиелеудің тұжырымдамалық бірлік ұстанымына сәйкес, қазіргі кезеңге арналған негізгі мақсат – түркілік тәрбие мәселесін шешуден бастау алады, осы проблеманың нақты практикалық нәтижесі іске асқаннан кейін ғана жалпыадамзаттық проблемаға сатылы түрде көтеріле бастайды. Яғни оның орнықты сақталуы мен дәйектелуі үшін қажетті қуат көзі – түркілік рух болып табылатындығы және оны ұрпақтарымыздың бойына ғылыми-теориялық әдіснамалар бойынша сіңіріп отыру қажеттілігі. Бұл үдеріс Қазақстан мемлекетінің перспективасы мен прогностикасының жобасын құруды қамтамасыз етеді. Басты мәселе – болашақ мемлекеттігіміз туралы болса, осыған сәйкес құрылған ұрпақ тәрбиесі маңызды буын екендігі сөзсіз. Демек, қазіргі

«ұрпақтарымыздың әрбіреуінің жеке өміріне қатысты болашағы – мемлекеттің болашағы» және керісінше болатын болса, индивидуалды сәтті болашақ – түркі мемлекеттерінің перспективасы болып табылатындығын үнемі ескеруіміз қажет.

Осылай біз негізгі ұстанымдардың біріне *тәрбиелік мәндік ұстанымға құрылған* түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеуде қоғамда мынадай басты қызметтер атқарады: түркі халықтарының тұтастығы, оның өркендеуі, тәуелсіздікті сақтау, түркілік ерлік, батырлық құндылықтарды бағалау, отансүйгіштікті нығайту, түркі халықтарының салт-дәстүрлеріндегі тағылымдық өнегелер т.б. болып табылады. Яғни сол этностың тағдыры мен болашағына алаңдап, оның жаңғыруы мен рухының асқақ болуына негізделеді. Түркі халықтарының өмір сүруі мен сақталуының кепілі – оның тұтастығы мен ішкі бірлігі, ынтымақтастығы мен бірігуі болып табылады. Бұл қағиданы халқымыздың тарихы мен өткенінің өн бойына сіңірілгендігі арқылы тануға болады. Яғни этностың өркендеуі мен тәуелсіздікті сақтау қағидасы сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының арман-мұраттары болып табылады. Сондай-ақ ұлттық «Мен» феномені оның субъектілерінің, яғни әрбір түркі халықтарының әрбір азаматының «Мен – Тұжырымдамасының» тұтастығынан құралатын әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылады. Яғни тұлғаның өзіндік санасы – халықтың өзін-өзі қайтадан тануы, өзін-өзі сынау, өзін-өзі жетілдіру т.б. құрылымдарды кеңінен қамтитын «Этностық-Менге» жинақталады. Мәселен, отаршылдық, құлдық психологияның қалдықтарынан құтылу, өзінің өткеніне қайта үңіліп, шынайы тарихты жасау өзін-өзі танудың бастапқы қағидаларын жүзеге асыру болмақ. Демек, «Этностық-Менді» зерделеуді тереңдету, осыған сәйкес теориялық-практикалық іс-шараларды нығайту қажеттігі туындайды. Ол үшін білім беру саласына психологиядағы «Өзін-өзі тану» курсының «ұлттың өзін тану»

бағдарламасына дейін кеңейту, этнопедагогика курстарын модернизациялау, тарих, әдебиет, тіл білімі, философия т.б. қоғамдық пәндерді оқытуда түркілік тәрбиені қалыптастыру механизмдеріне жете көңіл бөлу қажет. Демек, түркі мәтаэтносы жай ғана кеңістік пен мәдениет арқылы біріккен адамдар тобы ғана емес, табиғи генетикалық туыстық, психологиялық түркілік рух тұтастығы, менталитет пен дүниетанымның өзгеше түрі арқылы ұйысатын органикалық бүтіндік деп қарастыруымыз қажет. Бұл этностық сәйкестікті қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Демек: «Адам өзінің тәуелсіздігін, қоршағандардан өзінің жекелігін өзін қоршағандармен қатынасы арқылы ұғынады, ол өзіндік санаға келеді, басқа адамдар арқылы өзінің «Менін» таниды» [6, 79-б.], - деген пікірге аналогиялық түрде түсінік берсек, этностың өзіндік санасы – тарихын білуі мен оның тәуелсіздігі, өзге ұлттармен қатынасы, басқа да мемлекеттердің дербестігі арқылы таныла бастайды.

Түркілік тәлім-тәрбиенің келесі бір құрылымы тарихи сана болып табылады. Тарих – ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы, қайталанбас экзистенциясы, шынайы көрінісі болып табылады. Осы түсініктер түркілік тағылымдардың түпқазығына айналады да, этнос тарихын құндылық ретінде танып, тарихшылдық ұғымдар желісінде құрылған түркілік бауырмалдық қатынасты жетілдіреді. Осыған байланысты түркілік тәрбиені қалыптастыруда маңызды қағидалар: алдымен шынайы этнос тарихын құру, оны құрметтейтін және қастерлейтін құндылық ретінде сезіндіру, «тарих – өзіміздің ата-бабаларымыздың қайғысы мен қуанышты сәттерінің асқақ өмірі» екендігін түйсіндіру болып табылады. Ал түркілердің моральдық қатынастарындағы тағылымдық, тәжірибелік түрде жүзеге асатын қағидалар бар. Мәселен, ата-баба аруағы, намыс, жігер, қуаттылық, төзімділік т.б. компоненттер – осы түркілік рухтан туындайтын шынайы көріністер. Ал дәстүршілдік қағидалар осыдан туындайтын жалпы тұжырымдамалы тағылымдардан

құралады. Мәселен, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың өзі – мыңдаған жылдар бойғы халқымыздың ұстанған саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени, психологиялық-этикалық, құқықтық-моральдық ережелері деп атауға тұрарлық тұтас кешенді жүйе. Ұрпақтарымызды ерлік дәстүр бойынша тәрбиелеу – отансүйгіштік менталитетті оятудың, қайта жаңғыртудың ерекше тәсілі. Бүгінгі қоғамымызда ол да өздігінен іске асырылып жатқан үрдіс. Дегенмен, ендігі кезекте азаматтарға оның мәнін түсіндіру, терең байыптаулар мен өмірлік тәжірибелерден қорытылған маңызын ашып көрсету міндеті тұр. Түркілік тәлім-тәрбиенің басты құрылымы – түркілік дүниетанымға айналады. Ол кең ауқымды философиялық маңызы бар рухани айғағы. Сондықтан да түркілік дүниетанымға сөзсіз сүйеніп отырады. Осыдан менталитет және дүниені қабылдаудың психологиялық ерекшеліктері туындайды. Сондықтан, өркениет жағдайындағы түркілік тәрбиені жетілдіру мен сіңірудің тарихи-мәдени бағыты, сәйкесінше, салт-дәстүрді сақтаудан, дін мен өнерді дамытудан, тіл мен әдебиетті құрметтеуден, наным-сенімдерді бағалаудан құралады. Бұл жоғарыдағы халқымыздың тарихына түркілік тағылымның дамуы мен өркендеуінің, бүгінгі күнге дейін халқымыздың өміршеңдігінің сақталуы, этнос болмысымен бірлікте дамитын шартына айналуының негізгі рухани көзі, яғни түркілік тәлім-тәрбие мазмұнын құрайтын қағидалар деп айтамыз.

Түркі халықтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі күрделі және көпқызметті ауқымды құрылым. Атап айтқанда оның саяси-әлеуметтік, мәдени-психологиялық, құқықтық, тарихи, т.б. құрылымдарын атап өтуге болады. Сондықтан ол сан ғасырлар бойғы халқымыздың өмір сүруінің жалпылама формуласы мен құралдарын құраған. Өмір заңдылығы мен өмір сүру дәстүрлерінде, ғұмырымыздың әрбір сәтінде шешілуі айқынсыз мәселелер орын алады: «енді не істеу керек», «қайсысы дұрыс»,

«қалай өмір сүру керек» деген сан алуан сауалдарға түркілер осы салт-дәстүр қағидаларынан жауап таба алған. Яғни оның құрылымында «бәрінің әу бастан берілген жауабы дайын» болғандықтан адамзат өмір сүруінің даму жолында қателесуді, адасуды, құлдырауды болдырмайтын жауаптар мен үлгі образдар берілген, сондай-ақ онда психологиядағы «байқап көру – қателесу» құрылымындағы байқап көрмей-ақ, қателеспес үшін арнайы өмірлік ұстанымдар белгіленген. Демек, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қалыптасу эволюциясы жөнінен: діни сенім, көне салттар, этика, өнер, тіл мен әдебиет, жаугершілік заманның талаптарын орындау, жас ұрпақты ерлікке тәрбиелеу, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу ережелері т.б. элементтерден құралған күрделі жүйе. Яғни, өзінің даму эволюциясында сұрыпталу, жүйелену, жетілу т.б. үдерістерді басынан кешірген мінсіз үлгі болып табылады. Сондықтан, ол өздігінен іріктеліп, қажетсіз элементтері жойылып, ұмытылып, тиімділігі сақталып, дамытылып отырған өміршең динамикалы рухани құбылыс болып табылады.

Түркілік тәрбие мазмұны мен мәнін құрайтын түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі еліміздің перспективасы мен прогностикасын құру т.б. құрылымдардан тұрады. Мәселен, геосаяси кеңістікті сақтау мен рух қатынасын ұсынған профессор Ғ.Есім: «Асан Қайғыны рухтың бастауы ретінде таниды. Жоғарыда атап өтілгендей, оның Жерұйықты іздеу «кезбелігінің» басты қыры – қазақ халқының территориясын белгілеуі мен өзгеге танытудың ресми емес идеясы», - деп келтіреді. Яғни тарихи таным бүгінгі заманда да жалғасын табуы тиіс. Мемлекеттің шекарасы мен өмір сүру аймағы оның материалдық құндылығы, ал оның бүтіндігі мен тұтастығын сақтаудың негізгі шарты, осыған келер ұрпақтарды баулу – отансүйгіштік тәрбиеге негізделген тәлімдік тәжірибенің талабы болып табылады. Сонымен қатар, саяси ортадағы лидерлік мәселесі де Қазақстан аумағындағы түркілік өркениеттік

көріністердің белгілері болатын. Түркіорталықтық кезең байырғы ата-бабаларымыздың тек қана саяси ғана емес, мәдени-өркениеттілік аренадағы лидерлігін қамтамасыз етті. Себебі Қазақстан тарихы көрсеткендей, түркілер орталығы «Тұран» эпицентріне айналуы мүмкін. Демек, қазіргі замандағы бірігу үдерісінде де, еліміздің эпицентрлік қызмет атқаруына тарихи-табиғи алғышарттары мен тұтас өзіндік сана бойынша тәжірибесі бар деп байыптауымызға болады. Яғни түркіліктің орнықты сақталуы мен дәйектелуі үшін қажетті қуат көзі – түркілік рух болып табылатындығы және оны ұрпақтарымыздың бойына ғылыми-теориялық әдіснамалар бойынша сіңіріп отыру қажеттілігі зор. Олай болса, түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінің қыры біріктіретін ұрпақтар сабақтастығы қағидасы да халқымыздың дүниетанымы мен өркендеуінің басты талабы болған. Осыған сәйкес туындайтын генетикалық тұтастық пен тазалыққа айрықша мән берген халқымыз «жеті атаға дейін қыз алыспауға» және өзге діни өкілдерінің насихат жүргізуіне тиым салуларды қатаң бақылаған. Себебі этносты сақтаудың басты мақсаты оның мәңгілігі мен жасампаздығы болып табылады. Сондықтан рух дифференциациясына құрылған шежіренама бұл тұста жағымды және маңызды феномен болып табылады. Бұл қағидалар этностың мәңгілік қағидалары болғандықтан бүгінгі таңда да сақталуы тиіс тәлімгерлік маңызы бар нормалар болып табылады.

Ал, *тарихи-этнологиялық ұстанымдар* – түркілік тәрбиенің сақталуы мен өміршеңдігінің басты әлеуметтік құралы деуге болады. Демек, түркілік тағылымдық ұстанымдар негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалық нормалар мен тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, аталған ұстанымдар – қазақ менталитетінің негізгі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі болып табылады. Сондықтан аталған ұстанымдардың кешегі түркі немесе бүгінгі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен

мінез-құлқынан, тұрмыс-салтынан, дүниеге қатынасынан, дүниені этностық тұрғыдан бейнелеуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан көрініс табуы таң қаларлық құбылыс емес, - деп тиянақты ой-пікірімізді нақтылай түсеміз. Ал оның мазмұнына және ұлттық менталитеттің құрамдас бөліктеріне шолу жасаған ойшылдарымыз: «Халықтың ділі – әдет-ғұрып, діни сенімдер мен ырымдар, жыл қайыру мен мал бағудан туындайтын астрологиялық көзқарастар, мал анатомиясының ерекшеліктеріне деген білгірлік, ою-өрнектік сәндік өнеріндегі көшпелі тұрмыс бейнелері мен күрделі рухани болмыс құрылымында осы әлеуметтік қоғамдық тұрмыс-тіршіліктің көріністік бейнеленуі деу абзал», - деп өз ойларын келтіреді [7, 202-203 бб.].

Олай болса, түркі халықтарының тағылымдық өнегелері өзінің болмысын діл арқылы жалғастырады. Себебі қоғамдық психология мен қоғамдық санада сақталған идеяның этностық сипаты мәдени сабақтастық пен биологиялық архетиптер арқылы жалғасын тауып отырады. Сондықтан менталитетіміз түркілік тәлім-тәрбиенің қорғаныштық механизміне айналады. Немесе этностық менталитетте түркілік тәлім-тәрбие биопсихологиялық формада орныққан. Сондықтан түркілік тағылымдарды ұрпақтар бойында қалыптастырудағы басты сүйенер құралымыз – түркілік менталитет болмақ. Мәселен, осы жерде тағы бір есте ұстар мәселе – ол қазақ халқының рухани, ділдік қорының әлі де сарқылмағандығы, оның болашаққа әлі де қызмет ете беретіндігі деген этностық ділдің белсенді ресурс екендігін айғақтай түседі.

Демек, түркілік рух пен рухтану құбылыстары бір ұғым емес, түркілік рух психо-әлеуметтік құндылықтарының элементі. Дегенмен, рухтану үдерісі этностық рухтан туындайды, психофизиологиялық түрде «бөлініп шығады» деп көрсетімізге болады. Этностық рух – құбылыс, ал рухтану – үдеріс, демек, этностық рух рухтанудың психоэнергиялық ядросы болса,

рухтану ұлттық рухтың нәтижесі мен өмір сүретіндігінің шынайы көрінісі. Бұл құбылыстардың жалпы тарихи-танымдық көрінісін былайша бейнелеуге болады. Соғысқа шығар алдында болатын сөз сайысы – бұл дәстүрлі эпикалық локус. Осыған қарап батырлар жырында магияның нышаны көзделгендігін байқауға және анықтауға болады. Белгілі түркітанушы Л.Н.Гумилев өз еңбектерінде: «Түркілерде сөздің күші ақиқатты, шынайы күш болып есептеледі, оларда сөзбен ел мәселелерін шешіп отырған», - деп тегін айтпаса керек [8, 41-б.]. Демек, ел арасындағы бітімгерлік мәселер ел билеушілер мен халық арасында шешіліп отырған.

Жоғарыда көрсетілгендей, түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінің негізгі міндеттері мен мақсаттары үш құрылымды басшылыққа алады. *Біріншісі*, этноретроспективтік сипатта, яғни өткенге қайта оралу, ұмытылған және ұмытылып бара жатқан дәстүрлі түркілік құндылықтарды қайта жаңғырту, тарихилық пен дәстүршілдік қағидаларға сүйену. Бұл – бүгінгі таңдағы жаңалық немесе консерваторлық емес, әлемдегі кез-келген дәстүрлі мемлекеттердің, өркениетті дамудың басты тұғырларының бірі. *Екіншісі*, перспективтік позиция ретроспекция арқылы ашылады. Өткеннен сабақ – болашаққа мақсат қағидасы өткен мен болашақтың диалектикасын басшылыққа алады, себебі тек қана өткенге ұмтылуды негіздеуге болмайды, қазіргі өркениеттілік талаптары мен мемлекет болашағының жаңа модельдерін құру стратегиясы еліміздің келешек тағдырының жобасы болып табылмақ. Бұл – түркілік тәрбиенің жасампаздығы мен өміршендігінің көрінісі әрі толық мазмұны бағытын құрайды. *Үшіншісі*, этноинтроспективтік қағида, сәйкесінше этностың өзіндік сананы қайта жаңғыртып, өзін-өзі тану мен өзін бағдарлауды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде этноидентификацияға алып келеді. Яғни жеке адамға арналған «Мен» тұжырымдамасы тұтас саяси-әлеуметтік мәселе болумен қатар, мемлекетіміздегі әрбір

жастарды толғандыратын жауапкершіліктер жүктейді. Сондықтан оның педагогикалық қыры қоғамдық ортадағы бәсекелестік алаңына түсу сәтінің туғандығын әрбір ұрпақтарымыздың санасына сіңіру, әлемдік бәсекелестікке дайын азамат қалыптастыру міндеті тұр деген сөз. Бұл – жастардың жан-жақты болуын талап ететін табиғи-эволюциялық заңдылық: білім мен іскерлік, адамгершілік пен ізгілік, қабілеттілік пен шығармашылық т.б. білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнындағы басты қағидалар болуы шарт. Түркілік тағылымдардың негізі – оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, тәрбие құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап, қолдауын пайымдайтын отансүйгіштік сезім көрсеткіші болып табылады.

Түркі халықтарының тағылымдық рухани-мәдени және отансүйгіштік құндылықтарын сақтай отырып, түркілік өркениеттердің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру бағытталады. Осыған сәйкес «этнопсихологиялық сәйкестіктің құрылымына индивидтің түркілік мінез-құлық ерекшеліктерін бойына сіңіруі, түркілік ұстанымдарды түсініп әрекет етуі, өзіндік санасының жоғарылығы, түркілік дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сақтауы, сонымен қоса жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгере отырып, өзге елдің өркениетті азаматымен өз ұлтының өкілі ретінде тең дәрежеде қатынас жасай алуы жатады» [9, 12-б.] деген тұжырым қоғамдық ғылымдардың осы ұстанымдағы ортақ қағидаларын тоғыстырады. Сондықтан ұрпақтарымыздың бойына осындай этнопсихологиямен қатар, түркілік ұстанымдарды сіңіре отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірлігі арқылы болашақ Қазақстан азаматының бағалы адам ресурсына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олай болса, біздің пікірімізше, *түркілік тәрбиенің ұстанымдары дегеніміз – түркі халықтарының жалпы бағдары мен мақсаттарының, түпкі ниеті және*

түркілік отансүйгіштік құндылықтар негіздерін сақтау мен өркендетуге бағытталған перспективті көзқарастар. Яғни қазіргі заманғы түркілік ұстанымдарды тәуелсіздігімізді нығайту, өркениеттік деңгейде мемлекеттің өз орнын айшықтауы, адамгершілік пен ізгілікті жандандыру мен өркендету т.б. қағидаларынан құралады.



1.2. Түркі халықтарының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны

Түркі халықтарының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны – түркілердің тағылымдық мұраларында елдің болашақ мәдени дамуында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты рол атқаратындығын, тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, әрі әсерлі сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен жүйелеуге аса мән берген, тіпті белгілі бір тұстарда түркілердің тағылымдық мұраларын айтуымызға болады. Себебі, ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан тәлімдік тәжірибелер, сана түкпірінен тамыр тартатын қалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадыдағы мәліметтер. Оларды сақтаудың және орындаудың қатаң далалық заңдылықтарын ұсынған, ұмытпау мен ескеріп отырудың дағдыларын жандандырған. Үйретушілік пен берері мол сарқылмас қорларын пайдалана білген, әуел бастан-ақ бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігімен сипатталады. Осындай түркілердің тағылымдық мұралары дәстүршілдік қағидалары бойынша өмір сүрудің заңды нәтижесі күні бүгінге дейін өз бетінше орнын тауып келеді.

Демек, түркілік тәлімдік тәжірибесінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің бүгінгі күнгі тәрбие үрдісінде қолдану уақыт талабына сай туындаған деп айта аламыз. Содай-ақ әрбір түркі халықтарының салт-дәстүріндегі отансүйгіштік тәрбие идеяларында түркілік бауырмалдық қағидамен сәйкесіненгендігін түсінуге болады. Оны біз шартты түрде әрбір түркі халықтарында кездесетін салт-дәстүрлерді бірнеше бағытта қарастырғанды жөн деп білеміз. Яғни түркі халықтарына ортақ діни салт дәстүрлер: ораза айт, құрбан айт мейрамдары мен діни жоралғыларды айтамыз. Түркі халықтарының тағылымдық құралдарын пайдаланбай түркілік рухтағы бауырмалдық сана-

сезімі жетілген тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Халықтар арасындағы ізгілік қатынастарды орнату және тәлімдік тәжірибесі мен дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына жаңаша көзқарастар енгізу ерекше мәнге ие. Мұндай тағылымдық құралдар түркі халықтарына ортақ тұлғаны туған жерге сүйспеншілікке, үлкендерді сыйлауға, салт-дәстүрлерді сыйлауға, ізгілік қатынасты орнатуға және түркілік рухта тәрбиелеуге негіз болады. Сондықтан тұтас қамтылған, түбірлестіктегі руханилықтан өз кезеңіндегі адам болмысы мен өзі қалыптастыратын болмысына аса мән берілген тұстарда түркілік тәрбие дәстүрлерінің кешенді және өзара байланысты қырларын ашу үшін сол дәуірдің жалпы тарихи-жауынгерлік құндылықтарына зерделі көңіл бөлу қажет. Көне дәуірлер тынысына қайта оралып, сол кезеңдердегі рухани кеңістік аймағына шолу жасау, байырғы дүние әлемін шарлау мен төл мұрағаттарымызды қайта таразылауда біз өткеннен бүгінге күйылып жатқан үйлесімділік қырларын, парасаттылық ой иірімдерін, байсалды дүниеге көзқарас ерекшеліктерін бағамдай аламыз, өткеннің жаңғырығының жарқын идеяларымен кездесеміз. Себебі Түркілердің тағылымдық мұрасы арнайы ғылыми зерттеуге тұрарлықтай, мазмұны көлемді, мағынасы жайылымды тарихи сабақтастықағы руханилықтың мәнді баспалдақтарының бірі. Міне, бабаларымыздың отансүйгіштік тәрбие идеяларының ғибраттық ой-пікірлерін бүгінгі жас буын мен өскелең ұрпаққа паш етудің өзі зерттеу жұмысының объективті қажеттіліктер шартынан туындап отырған шындық.

Түркілердің көшпенділік өмірі тек қана жаугершілікпен ғана өткен жоқ, оның өзіндік тағылымдық қағидалары болатын. Заманауи түркілік құндылықтар тұрғысынан бағамдап, түркілік салт-дәстүрлерді сақтап отырған. Тәрбие қағидаларын белгілі бір мәдени-әлеуметтік құндылық ретінде бағамдалған. Ол әрбір түркі ұланының салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты рол

атқаратындығын, тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, өмірлік ұстанымы мен парызы ретінде өмір мәнділік сипатқа ие болған.

Сонымен қатар, қазақ халқы сияқты түркі халықтарына ортақ Наурыз мейрамы бірдей деңгейде аталып өтеді. Қазақ, түрік, татар, башқұрт, ноғай, қырғыз, өзбек халықтарында Наурыз мейрамын атап өту дәстүрі бірдей деп айта аламыз.

Түркі халықтарының ислам дінінің талаптарын орындап, нәпсісін тыюды уәжіп ететін рухани тазару айы – отыз күн Рамазаннан кейін бүкіл халық болып мейрамдайды. Әдеттегіше оразаның соңы Ораза айтқа ұласып, межелі отыз күннің бітіп, жаңа айдың басталғандығынан хабардар етеді. Рамазан айында әрқилы себептермен жолы түспеген мұсылмандар бас пітірлерін төлесе, кейбіреулер бүгінгі күн құрметіне пісірілген шелпек нандарынан ауыз тигізіп, бақи болғандардың рухын ризалап, тірілердің салауатын тілеген Құран аяттарын оқытады. Ораза айттың мерекелену рәсімі туралы айтар болсақ: «Ғұрып бойынша, отыз күн оразадан кейін діни мейрам ораза айт болады. Ораза айттың алғашқы күні таңертең оқылатын айт намазын жамағат мешітке жиналып немесе далада таза, тегіс жерде оқылады. Ораза айттың алғашқы күні, ата-бабалар аруағына арнап Құран оқыту, жеті шелпек пісіріп тарату, мұсылмандар үшін сауап болып табылады. Айт мейрамында үлкендер де, балашаға да жақсы киініп, әр үйге кіріп «Айттарың қабыл болсын!» - деп тілек білдіріп, айтқа дайындалған астан ауыз тиіп, Құран оқиды» [10, 141-б.].

Ислам дініндегі ең айрықша мерекелердің бірі – Ораза айттан кейін жетпіс күннен соң келетін Құрбан айты болып табылады. Адамдар осы күні бір-біріне мейіріммен қарап, ықыластана тілек тілеп, қол алысып жатады.

Құрбан айт – мұсылмандардың ең үлкен және қасиетті мейрамы. Құрбандық шалу рәсімдері төмендегідей төрт шартқа ие азаматтарға уәжіп:

- Мұсылман болуы;
- Ақылды және балиғат жасына толуы;
- Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы;
- Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы.

Құрбандық шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені малды ғибадат үшін соятыны секілді, тек қана еті үшін де союға болады. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат.

Құрбан айт мұсылмандық күнтізбесі бойынша, Зу-л-Хиджаның 10-шы жұлдызында басталады. Құрбан – араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істері арқылы жүректі тазартып, Алла тағалаға жақындай түсу. Құрбан айт күндері (алғашқы үш күн) шалынатын мал «үдһия» деп алалады. Құрбандық малды түнде шалуға бомайды. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын, яки соның құнына келетін ақша. Мұсылмандар тоқты, қой, сиыр немесе түйе сойып, құрбандыққа шалады. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болу қажет:

Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар жарамды. Ал үйрек, қаз, тауық, түйетауық, елік секілді және тағы басқа да аң-құстар құрбандыққа жарамсыз. Бұларды құрбандық ретінде шалу харамға жақын мәкрүһ болып табылады. Өйткені мұнда отқа табынушылардың нышаны бар.

Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен, алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қонды болса ол құрбандыққа жарамды. Ал ешкі міндетті

түрде бір жасқа, сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толған болуы қажет.

Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Сонымен қатар оның бойында малды құрбандыққа жарамсыз ететін кемшіліктер болмауы тиіс. Атап айтқанда, екі немесе бір көзінің соқыр болса, бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, көтерем болса, екі құлағының не бір құлағының басым бөлігі болмаса, тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған болса, қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен түсіп қалған болса, сондай-ақ арық болса жарамайды. Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды тек бір адам ғана, ал түйе немесе сиыр секілді ірі қара малдарды бір кісіден жеті адамға дейін бірігіп соя алады. Және біріккен кісілердің барлығының ниеті құрбандық құлшылығын өтеу мақсатында болуы керек. Егер де осы адамдардың ішінен біреуі құрбандыққа тек етін алу ниетімен қосылса, барлығының да құрбандығы қабыл болмайды. Сонымен қатар, құрбандық малды кез-келген адамның дүниеден озған туысының немесе қадір тұтқан кісілердің, құрбандық жасауға жағдайы жоқ адамдардың сауабына бағыштау рұқсат етіледі. Құрбан айттың бірінші күні – мұсылмандар үшін ең маңызды күн. Мешіттерде бұл күні айт намазы оқылады, Қасиетті мейрам Құрбан айтының бірлік пен бейбітшілік, ынтымақ пен ырыс бастауы болып саналуының бір сыры: бұл күні жер жүзіндегі бүкіл мұсылман қауымы оны бір мезгілде атап өтіп, бір мезгілде Айт намазын оқиды. Құрбан айт дастарханы шақырылған да, шақырылмаған да қонақтарға жаюлы болып, араздасқан ағайын ренішін ұмытады. Айт күндері адамдар таза киініп, әдепті сөз сөйлеуі керек. Құрбан айтта әр мұсылман бірін-бірі құттықтап, тілек айтады, қатесі болса кешірім жасайды.

Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) шариф хадистерінде (Айша (с.ғ.) анамыздан риуаят): «Адам баласының Құрбан айт күніндегі сауап істерінің ең жақсысы – қан шығару (яғни, құрбандық шалу). (Ол сойылған мал) қиямет күнінде өз

нәпсіңізді тазалаңыз», - деп жазылған. Ал енді ислам діні дағуатшыларының айтуынша, бір күні Зеид ибн Арқам деген сахаба (пайғамбарға жақын жүрген адам, досы) Расул Аллаһқа: «Құрбандық шалу бабамыз Ибраһимнен қалған бір сүннет», - деген. Иә, Құрбан айтта құрбандық шалу тарихы Ибраһим мен ұлы Исмайылға (ғ.с.) барып тіреледі.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2005 жылғы желтоқсанның 30-ында қол қойған, «Еңбек туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Құрбан айттың бірінші күнінде барша қазақстандықтар демалатын болды. Жер бетіндегі барлық мұсылман қауымы үшін ең қасиетті саналатын екі ұлық мереке – Ораза айт пен Құрбан айт мейрамдары айрықша қуанышпен, ерекше ілтипатпен атап өтіледі. Айт араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда Құрбан айт – мемлекеттік мереке. Құрбан шалу мейрамы көп ғасырлар бұрынғы оқиғалармен байланысты және осы күні адамдар достық, тыныштық және келісім туралы дұға қылады. Қажылық парыз өтелгеннен кейін мұсылмандар 3 күнге созылатын Құрбан айт мерекесін тойлайды. Қазақстанда Құрбан айттың бірінші күні – демалыс күні.

Тарихи құжаттардан белгілі болып отырған деректер: 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Оған негіз 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақстан Автономиялы Республикасы орталық атқару комитеті Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі. Оған С.Мендешев төрағалық жасаса, алаш арыстары А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейхановтар Төралқа мәжілісіне қатысқан болатын. Енді мінеки, 1926 жылдан бері күштеп тоқтатылған мұсылмандар мерекесіне ресми мәртебе беріліп, тарихи әділеттілік қайта орнықты. Құрбан айт ресми мерекелік демалыс ретінде басталатын болды.

Әлемдік деңгейде мәртебеге ие Наурыз мейрамы – түрік халықтарының жаңа жыл мерекесі. Наурыз түркі халықтарының ықылым замандардан бері мейрамдалатын ұлы мерекесі. Ертедегі шығыс астрономы Қожа Әли Термизидің (958-932) «Наурызнама» атты трактатында: «наурыз сәрсенбі күні кірсе қымбатшылық, көптеген қиындықтар болуы мүмкін, жұма, сенбі күндері келсе де осындай жағдайлар болады. Ал, дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жексенбі күндері сәтті болады», - дейді [11, 8-б.].

Ал қазақ шежірелерінде Наурыз, Алаш бірге туған адамдар туралы:

«Қазақтан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,

Наурыздың деп айтады үлкен жасын.

Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,

Келер жыл көктемде оның беріпті асын.

Қазақтың ұрпақтары сонан бері,

«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын», - деп келтіреді [12, 14-б.].

Демек, көшпенді қазақ қоғамында ауызша тарих-шежіре деректерінде тура мағлұматқа негізделген деп айтуға болады. Сондықтан қазақ халқында ас беріледі, спорттық ойындар ойналады. Біздің халқымызда наурызды – Ұлыстың Ұлы күні деп те атайды. Қазақ ойшылы Шәкәрім: «Наурыз – парсы тілінен қазақшаға аударғанда жаңа күн деген мағынаны береді. Негізінен көшпелі түркі халықтарынан парсыларға ауысқан болуы керек. Түркілерде ұлыс күнін наурыз дейді. Жыл басының ұлыс екенінің дәлелі мынада: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы молшылық болады, Ұлы кісіден бата алса – олжалы болар деген сөз бар», - деп ырымдайтын болған [13,13-14 бб.].

Наурыз мерекесінде көшпенділерге тән дәстүрлердің бірі – көрісу, ренжіскен адамдармен татуласу т.б. халықтық мәнге ие

отансүйгіштік, бірлік іс-әрекеттері жүзеге асады. Батыс Қазақстанда 14-15 наурызда халық бір-бірімен көрісіп, дос-жарандарына қонаққа барып, үлкендерге сәлем береді. Мұндай дәстүрлер татар, башқұрт, ноғай халықтарында да кездеседі. Яғни татар халқында: «Кайчандыр дөнъяның бик күп илләрендә таралған Науруз бәйрәме традиция булганнар. Куни өлкән буынга яшлар сәлам бирадиләр Һәм шу күни ил арсыда уйын, такмақлар айтылып, табигат билен ишләнген аш бирләди. Безнең көннәргә кадәр житкән:

Нәүрүз әйтә киләбез,

Хәер-дога кылабыз,

Аш-сый көтеп торабыз,

Науруз мөбәрәкбад», - деп сипаттама беріледі [14, 57-б.].

Наурыз күні «Қыдыр ата» аралайды деген түсінік бар. Сол күні таңертең ертемен ер адамдар қолдарына күрек алып, қорақопсыны тазартып, тал егетін болса, әйелдер үй-ішін тазартып, әртүрлі тағамдар әзірлейді. Қыдыр ата таза, берекетті үйге келеді дейді. Сондықтан қазақта үлгілі шаңырақты «Қыдыр қонған» берекетті отбасы деп атайтын болған. Қазақстанда «Наурыз мерекесін тойлау басқа да Кеңес Өкіметі тұсындағы мемлекеттері сияқты 1926 жылдан кейін тоқтатылған» деген деректі келтіруге болады [15, 21-б.].

Себебі ол діни мейрам ретінде Кеңес Өкіметі құрамындағы түркі мемлекеттерінде тыйым салынды. 1988 жылдары біздің елімізде әр облыстарда стихиялы түрде аталып өте бастаған. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана арнайы мереке ретінде күнтізбеден орын берілді. Біздің пікірімізше, 1 қаңтарда аталып өтетін «Жаңа жыл» мерекесінің болашақта Наурыз мерекесімен ауыстырылғаны жөн болар еді. Себебі, өз халқымыздың салт-дәстүрлерімен байланысты Жаңа жылдың тағылымдық, тәрбиелік орны бөлек деп білеміз. Осындай игі шаралардың қатарында орны бөлек сабантой түркі халықтарының

көшпенділіктен отырықшыландырылып, егіншілікпен айналысуына байланысты келіп шыққан мереке ретінде танылған. Дегенмен аталған мерекені татар, башқұрт, ноғай халқында күзде егін-жиын біткен соң арнайы мейрамдайды. Зерттеуші А.У.Тоқтабай өзінің ғылыми еңбегінде: «Сабантой – күзгі егін-жинау біткен кезде мейрамдалады. Той кезінде күрес, жарыс, ат жарыс, арқан тарту т.б. спорттық ойын түрлері қолданылады. Сондай-ақ мереке кезінде дәмді тағамдар әзірленіп, бүкіл халық болып мейрамдайды», - деп келтіреді [16, 36-б.].

Ал, зерттеуші Ш.Нағымұлы «Мәдениеттану» оқулығында: «Татар халқында жер жырту, дән себу кезіндегі мерекені «Сабантой» деп атайды. Мұны тек қана татар ұлты емес Татарстандағы барлық ұлт өкілдері: орыстар, шуваштар, марийлер, башқұрттар мейрамдайды. Сондықтан Татарстанның ұлттық мерекесі ретінде атап өтіледі. Мерекенің қызықты кезеңдері күш сынасу, ептілікке арналған сайыстар болып табылады. Мысалы, қапты аяққа киіп жүгіру, су толған шелекті бір тамшысын да төкпей алып жүгіру, ат жарысы, күрес т.б. спорттық ойындар көрсетіледі», - деп айтады [17, 242-б.].

Сонымен қатар, ас беру – көшпелі түркі халықтардың бәрінде де бар, ал қазақ халқында ерекше атап өтетін болған. Ас беру дәстүрінің орындалуы дүниеден өткен адамдарың ұрпақтары ғана емес, бүкіл ру, тайпа болып атқаратын болған. Сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызы бар халықтық дәрежедегі «саяси форум» деп айтуға болады. Содай-ақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ас – қайтыс болған адамды еске түсіріп, құрметтеу салты», - деп келтіреді [18, 60-б.].

Этнограф-зерттеуші Е.М.Смағұлов «Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси қызметі (XVIII-XIX ғғ. деректері бойынша) атты еңбегінде: «Ас беру дәстүрі әуел баста қазақ ұлттық-этникалық бірлестігі пайда болғанға дейінгі көшпенділік қоғамның пайда болуымен бірге дүниеге келіп, даму

жолдарынан өткен тәңірілік, ата-баба рухына табынушылық тәрізді дәстүрлік-ғұрыптық көзқарастар негізінде қалыптасқан, бірте-бірте көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының күрделене түсуіне байланысты (мемлекеттілік нышаны қалыптасқан кезде) қоғамдық өмірдің сан-салалы өмірін ретке келтіруде зор рөл атқарып отырған салт-дәстүрге негізделген құқықтық-ұйымдық институттарының бастыларының біріне айналған», - деп келтіреді [19, 16-б.].

Асқа дайындық, оны өткізу мәселесі арнайы алқалы отырыста – «кеңесте» (ақсақалдар кеңесі) шешіледі. Кеңесте марқұмның отбасы мен сүйектес-тұқымдастарының (руластары) асты өткізу кезіндегі міндеттері айқындалады. Асқа кететін малдай шығындарды, тігілетін үйлерді кеңестің шешімі бойынша өз мойындарына алады. Әр үйдің иесіне сол үйге түсетін қонақтарды қарсы алу міндеті толық жүктеліп, ас өтетін жер белгіленеді. Ақсақалдар кеңесінің өзі құрамы жағынан өте көлемді алқалы жиын дәрежесінде өткізілсе керек. Мысалы, 1863 жылы Ұлытау өңірінде Дүзен Сандыбайұлына берілген ас берудің жобасын жасауға күллі Бағаналы елінің игі жақсылары жиналып, тек осы жиынның өзіне 50 жылқы, 100 қой сойылған.

Ас өткізілетін жерге ең алдымен қаралы үй асқа 10-15 күн қалғанда аса салтанатпен көшіріліп келінеді. Қаралы үй оқшау тігулі тұрады. Осы күннен бастап ас өткізетін отбасының руластуыстары киіз үйлерін тігіп, мал әкеліп, қымыз дайындап т.б. көмектерін көрсете бастайды. Қонақтарға тігілген үйлер ошақтан кемінде 50-100 метр қашықтықта, кейде одан да алыс орнастырылады. Қонақтарға тігілген үйлерге кілемдер төселіп, көрпелер жайылады, шақырылған адамдардың бәрі осы үйлерге келіп орналасады. Үй саны әртүрлі, тарихи деректерге келсек, Қарқаралы өңірінде өткен Қорысбайдың асына 500 үй, Ұлытаудағы Ерден Сандыбайұлының асына 500 үй тігілген, XIX ғасырдың 90-жылдарында Қуандария өңірінде өткен Кәрібай асына 200 үй, Талдықорған өңірінде Ақсу өзенінің бойында

Тастөбеде өткен Сеңгірбай асына 300 үй тігіліп, оның 100 үйін туған-туыскандары, қалған 200 үйді руластары тіккен.

Әдетте астың басталуына бір күн қалғанда, мал сойылмай тұрып, асқа тігілетін үйлерден аулағырақ арнайы бөлінген жерде ет асылуға тиісті арнайы ошақтар қазылады. Олардың басына арналып ас үйлер тігіліп, бұл іспен негізінен қайтыс болған адамның жақындары, ағайын-туыстары айналысады. Ошақтардың саны да шақырылған қонақтар көлеміне сәйкес болып келеді. Мәселен, Ақмола өңірінде Ақтасты деген жерде өткен Байдалы бидің асына 200 ошақ, Өскенбайдың асына 300 ошақ қазылған. Осы оқиғаға арналып «ошақ қазу» немесе «ошақ майлар» (қырғыздарда «кемеге бәйге») деп аталатын алғашқы күнгі ас салтанатын ашу үшін кішігірім бәйге өткізіледі. Ошақ қазылғаннан кейін мал сойыла бастайды. Асқа сойылатын малдардың мөлшері жайлы көптеген тарихи деректер кездеседі. Кіші жүздегі атақты Сырым Датұлының асында 2500-дей қой, 200 жылқы, Кіші жүз шөмекей руында өткізілген Кәрібайдың асында 200 қой, 40 жылқы сойылған. Асқа аса көп мөлшерде ел жиылып, ас беруші елге, оның басшыларына үлкен сын болғандықтан, асты ешбір сөз келмейтіндей, өте жоғары ұйымдасқан түрде өткізуге асқа жиналғандардың талап-тілегін толық қанағаттандырып, ата-баба дәстүріне сай жол-жобасын сақтап, қонақтарға қалтқысыз қызмет етуге тырысқан. Ол үшін ең әуелі ас басқарушы арнайы топ тағайындалатын. Асты басқарушылар ақсақалдар кеңесінің шешімімен бекітілген және басқарушылардың атақ-абыройына астың тәртібінің сақталуы мен еш дау-дамайсыз өтуі тікелей байланысты болған.

Ас беруге арналып тігілген ауылға келудің де өзіндік белгіленген тәртібі болады. Әр рудан келген топты бастап келген сыйлы адамдар ең әуелі асқа тігілген «қара ту» ілінген марқұмның қаралы үйіне келген бетінде марқұмды жоқтау дәстүрін атқаруға тиіс, қысқа ғана бата қайырып, марқұмның аруағына мінәжат етіп, құрмет көрсетуі керек. Содан кейін

«азасына салғанымыз», «азасына қосқанымыз» деп марқұмның үй-ішіне өздерімен алып келген тарту-таралғысын табыс ететін.

Ас – ас берушіге ғана емес, келушілерге, әр рудың тұрмыс-дәрежесін, білім-тәрбиесін, күш-қуатын көрсетер үлкен сынақ. Сауын айтылып, хабар алған елдердің асқа салтанатпен келуіне үлкен мән берген. Асқа бару мәселесі, оған баратын топтың құрамы аса ыждағаттылықпен іріктеліп алынады. Асқа бару жайын талқылап, топ құрамын белгілеу үшін күллі рудың, аймақтың ел басылары бас қосқан мәжіліс шақырылады. Табақ тартуға әдетте ылғи сыпайы, ыңғайлы киінген жөн-жосықты білетін жігіттер тағайындалады. Тәртіп бойынша табаққа үйдегі қонақтардың дәрежесіне сай мүшелердің салынып, тартылуын басқаратын, табақ жасаушы жасы үлкендеу адамдар болады. Табақ таратуға бір кісі басшы болады, оны «айдаушы» деп атайды, ол табақтың өзге жаққа кетіп қалмауына жауапты. Ас салтанаттарының ішінде айтыс – астың алғашқы күнінен басталып, соңғы күнге дейін жүргізіліп отырады, ал аста орындалатын спорттық ойындар түрі (бәйге, балуан күрес, сайыс, жамбы ату, теңге алу т.б) негізінен олардың әскери қолданбалылық мәніне байланысты іріктеліп, қалыптасқан тәрізді. Оның ішінде бәйге – асты жалпыхалықтық мейрам, тойлардың ішіндегі «мерекелердің мерекесіне» айналдыратын ең дәстүрлі спорттық ойын түрі. Ас салтанаты бәйгемен ашылып, бәйгемен жабылады, астың алғашқы күнінен басталатын бәйгелер тізбегі (ошақ майлар, тай-құнан, дөнен бәйгелері) астың соңғы күні өткізілетін аламан бәйгемен аяқталады. Аламан бәйгенің өтуімен астың сән-салтанат бағдарламасы аяқталады, астың ресми жабылуы жария етіліп, келген қонақтар тарай бастайды.

Астың соңғы күні сеп бұзылып таратылады. Қаралы ту сындырылып, тұл ат сойылады және соңғы рет жоқтау айтылады. Осы ырым-жоралық жосындардың орындалуы жылға созылған аза тұту мерзімнің аяқталғанын паш етеді, бұл жосын-жоралар

әдетте аламан бәйгемен бірге астың сән-салтанаттық бағдарламасы аяқталғаннан кейін марқұмның туған-туыстары мен асты өткізуге ерен еңбек сіңірген сыйлы, кәделі адамдар сияқты шағын топтың қатысуымен өтеді.

Түркі халықтарында ас беру дәстүрінде қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, қарақалпақтар арасында ас беру тәртібінің ешқандай өзгешелігі мен ерекшелігі жоқ. Демек, түркі халықтарында ас беру дәстүрінің өзінің ғана біркелкі, бүтіндей, біртұтас болып келетіндігі түркі этномәдениетінің бірегейлігін анықтайды. Дәстүрлі түркі халықтарының қоғамның саяси-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі ас беру дәстүрінің институционалдық реттеушілік қызметі бар. Ас қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік-саяси тұтастықтың мызғымастығын, бірлігі мен өміршеңдігін қалыптастырып, қамтамасыз ететін салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық жосын-жоралар жүйесінде негізгі заңдық-құқықтық құралдардың бірі ретінде қызмет атқарған. Сан ғасырлар бойғы өмір сүру тәжірибесінің нәтижесінде дүниеге келіп, сұрыпталып шыққан халықтың заңдық-құқықтық шығармашылығының көптеген жүйелері қалыптасып, белгілі бір уақыттық-кеңістіктік өлшемде қоғамдық қатынастарды реттеп отырған, халықтың осындай ұжымдық, рухани-дүниетанымдық, қоғамтанушылық шығармашылығының ішіндегі салт-дәстүр жосын-жораларының арасындағы ең бастысы дүниеден өткен адамды шығарып салуға байланысты қалыптасқан ырым-жоралғылар жүйесі болып табылады, ал оның ішіндегі ас – осы шаралардың ішіндегі көптеген вариацияларының арасындағы ең маңыздысы.

Сонымен, ас беру – ғасырлар бойы қалыптасқан өмір тәжірибесі мен белгілі бір экологиялық кеңістікті игеру барысындағы пайда болған экономикалық-идеологиялық жүйенің халықтық-құқықтық нормалар қалыптастыру шығармашылығының ең басты, ажырамас элементтерінің бірі болып табылады, тіпті осы нормалардың іске асуы мен

өміршеңдігін қамтамасыз ететін ең басты құралдардың бірі ретінде жоғары инстанциялық қасиетке ие. Өйткені дүниеден өткен адамға құрмет үстіндегі берілген сөз, кесілген кесім бүкіл қоғам мүшелері үшін, олардың қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан қалтқысыз орындалуға тиісті болған. Демек ол тек қана марқұмды шығарып салуға байланысты міндетті түрде орындалатын діни-ғұрыптық жосын-жоралар жиынтығы мен оның атқарылуы ғана емес, үлкен қоғамдық-әлеуметтік, саяси институционалдық статусы одан әлдеқайда жоғары маңыздағы саяси форум дәрежесінде болған, көшпенділердің дәстүрлі қоғамының құқықтық реттеу кодексі іспеттес. Негізгі қызметі қоғам өмірінің ішкі өміршеңдігін сақтаушы. Этникалық құндылықтарды жаңғыртып отыру мен нормалардың күш-қуатын арнайы ұйымдастырылатын шиеленісті ситуацияларды туғызу арқылы қоғамның қалыпты жағдайын сақтап, реттейтін тетіктерін тексеру арқылы этностың динамикасын қамтамасыз етеді.

Ас беретін адамның бүкіл халық білетін ірі тұлғасына құрмет ретінде түркі халықтарының ішінде ноғай, башқұрт, қазақ халықтарында жалғасын тапқан. Ас беруде мынадай жағдайларды ескеретін болған:

- ас кез келген адамға беріле бермеген;
- астың бүкіл қаражатын халық көтеретін болған;
- аста міндетті түрде спорттық ойындар өткізілетін болған;

Осындай көшпелі түрік халықтарының айт пен аста жиі қолданылатын мерекелі ойындарына тоқталамыз. Арқан тартыс түркі халықтарының атаулы мерекелерінде және басқа да халықтарда кездеседі. Ойынды алаңда, жазық жерде өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрлік жуан арқан қолданылады. Ол арқанның ортасына орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы

тәртіппен белгілейді. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10-12 адам болуы мүмкін. Ойын басқарушы берген белгі бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш...» деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Ойын басқарушы берген белгі бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты – тартысқа түскен топты жұлқа тартып өздеріне жақындату болып табылады. Сонымен қатар, ойынға қатысушылардың қимыл бірлігін, ұжымдық іс-әретін қалыптастыруға бағытталады [20, 114-б.].

Ал, күрес – көшпенділердің негізгі ептілікті қажет ететін спорт ойыны болып табылады. Бұл ойын адамның дене бұлшық еттерін ширатып, төзімділікке, табандылыққа баулиды. Мұнда өз күшінді еркін пайдалануда әртүрлі әдісі бар, яғни шалу, жата тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру т.б. қолданылады. Палуандарға кілем үстінде, арнаулы жазық жерде белдесіп күресуге болады. Күрес ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

Сонымен қатар, жорға жарыс – көшпелі халықтардың ең сүйікті спорттық ойыны. Жорға жарысы қысқа қашықтыққа, яғни 3-4 шақырымға арналады. Мұның өзі аттың шаршап, жорғадан шабысқа түспеуі үшін қолданылады. Жарыс кезінде нағыз жорғалар жорғасынан танбайды. Ондай жорғаларды су *жорға* дейді. Егерде жорға ат жорғасынан жаңылып шоқырата шабатын болса, оны жарысқа қосушы иесіне айып салынады. Жорға жарысы ат спортында сирек кездеседі және белгілі мерекелерде ұйымдастырылуы мүмкін. Ертеде түркі халықтарында сәтті аяқталған аңшылықтан соң немесе ел шетіне басып кірген жауынан кек алып, жеңіске жеткенде жорға жарыстарын өткізетін болған. Жорға жарысы халықтың

отансүйгіштік рухын көтеретін сайыстың бірі деп айта аламыз. Себебі өз руының атынан, елдің атынан түсетін жорғалар үшін халық болып жарысты тамашалайтын болған.

Теңге алу – өте ертеден келе жатқан түркі халықтарының сайысы. Теңге алу ойыны тегіс жерде өткізіледі. Ойынға жасы 18-ден асқан адамдар ғана қатыса алады. Негізгі ережесі бойынша тегіс жерге жайылған киіздің үстінде 10, 20, 50 теңгелік тиындар салып қояды немес тегіс жерді ойықтау етіп қазып, ақ шүберекке түйілген зат тасталады. Сайысқа қатысушылар қос тартпалы мықты ерттелген атқа мініп 30-40 метр жерден шауып бара жатып, ақ киіздің үстінде жатқан теңгені немесе шұқырдағы ақ шүберекке түйілген затты іліп алып кетулері керек. Сол затты дұрыс еңкейіп алса, жеңімпаз атанады. Ойынға негізінен үйретілген жылқылар пайдаланылады. Теңге алу ойынының мақсаты жеке тұлғаны ептілікке, қайраттылыққа, қырағылыққа және атқа міну өнерін мейлінше меңгеруге баулиды. Көбіне қазақ, ноғай, башқұрт халқының ұлттық мейрамдарында жиі кездеседі.

Аударыспақ – түркі халықтарының әскери өнері ретінде белгілі. Оның мақсаты жеке тұлғаны ептілікке, күштілікке, батылдыққа тәрбиелеуге бағытталады. Аударыспаққа негізгі ережесі бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар адамдар қатыса алады. Аударыспақ сайысында аты мықты және иесінің ыңғайын тез қабылдайтын аттар мен атқа отырысы мығым, білікті жігіттер жеңіп шығады. Жарыс кезінде дөрекі сөйлесе, ережеге жат қимылдар жасаса ойыннан шығарылады. Аударыспақ ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып жасалса нәтижелі болады. Аударыспақ ойыны белгілі адамдарды еске алуға арналған аста, Наурыз мейрамында, ауыл арасындағы айтулы мейрамдарда ұйымдастырылады.

Ал, шүлдік ойыны – жасөспірімдер ойнайтын ойын. Ойын талабына сәйкес екі басы үшкірленген бір қарыс ағаш

колданылады. Шүлдікті ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады. Ортасында шүлдік қойылатын шұқыр қазылады. Шүлдік шұқырдың ішінде емес, үстінде жатады. Әр ойыншының қолына ұзындығы жарты метрдей жалпақтау ағаш беріледі. Ойыншыларды санына қарай екі топқа бөледі. Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы шүлдікті қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне қояды. Ал, екінші болып кезек алған ойыншы шүлдікті түскен жерінен алып, бірінші ойыншы соққан таяғын көздеп, шеңберге қарай соғады. Егер ойыншы таяққа немесе шеңберге түсіре алмаса ойыннан шығады. Ал, бірінші ойыншы енді шүлдікті шекіп соғып қай жерге түсірсе, сол жерден бұрынғы орнына дейінгі қашықтықты таяғымен өлшейді, ол соның ұпайы болып есептеледі. Осылайша барлық ойыншылар ойынды жалғастырады. Ойынның шарты бойынша шүлдікті үш ретке дейін шекуге болады. Одан әрі дұрыс тигізе алмаса онда ұпай сандары күйіп кетеді. Шүлдік ойыны жастардың қолының бұлшық еттерінің дұрыс жетілуіне әсер етіп, шапшаң қозғалуға баулиды, шүлдікті дәл соғу арқылы дәлдік пен мергендікті жетілдіреді.

Сонымен қатар, көкпар – түрік халықтарына кең таралған спорттық ойын. Ноғай және қарақалпақ халқында «лақ ойыны» деп атайды. Зерттеуші ғалым Б.Төтенаев: «Қазақтың мерекетойында жиі ұйымдастырылатын ойыны – көкпар тарту немесе «көк бөрі тарту». Бұл ойынға атқа шабатын, білегінің қарымы мығым, астында жаратқан аты бар ауыл адамдарының бәрі қатыса алады», - деп келтіреді [21, 9-б.]. Көкпар сайысы көптеген қарулы жігіттердің қатысуымен өтетін ойын түрі. Ойынға бауыздалған теке немесе серке пайдаланылады. Негізгі ережесінде қатысушы аттылы жігіттер белгіленген сызықтың бойында қатар тұрады. Аттылы адамдардың алдына 50-60 метрдей жерге көкпар тасталады. Ойын жүргізушінің белгісімен салт аттылар тұра шабады, сол-ақ екен кім көкпарға бірінші

жетсе, сол іліп алып қашады. Оның артынан қуып жеткен ойыншы көкпарды одан тарып алып, 4-5 шақырым жердегі көмбеге алып келсе сол жеңімпаз аталады. Оны көмбеге алып келудің өзі оңайға соқпайды. Көкпарды ұйымдастырушылар қанша рет бәйге тігетін болса, сонша рет ойналады.

Қазіргі кезде көкпар ойыны командалар арасында ұйымдастырылып өткізіледі. Жарыс өтетін орын тегіс, топырағы жұмсақ, ашық алаңда өткізіледі. Алаңның ұзындығы 300-400 метр, ені 200 метрдей болады. Осы алаңның ортасына мәре – диаметрі 9 метр шеңбер сызылады. Алаңның шетіне ара қашықтығы 2 метрден жалаушалар оранастырылады. Ойыншы шекарадан шығып кетпеуі керек, олай болса ойыншыға ескерту беріледі. Негізгі ережеде төрешінің белгісі бойынша командалар алдында тұрған көкпарды алып қашып көмбеге салуы керек. Қарсы жақтың командалары оны көмбеге салдырмай қарсылық көрсетеді. Сөйтіп екі команда арасында ойын тартысты өтеді. Ойынның шарты бойынша қай команда көмбеге көкпарды көп тастаса, сол команда жеңімпаз аталады. Көкпар ойыны кезінде қарсыластың тізгінін ұстауға, аттың жүгенін сыпыруға, қамшымен ұруға, балағаттауға тиым салады. Егер осында жағдайлар кездесе ойыншы сайыстан шығарылады. Жалпы көкпар ойынында ептілік, шапшаңдық, аттың иесін жақсы түсінуі жеңіске жеткізеді [22, 122-б.].

Көкпардың отансүйгіштік тәрбиелік маңызы зор екендігін мынадан білеміз. Яғни жеңген жақтың ойыншылары немесе жеңімпаз жігіттің өзі көкпарды қалаған үйіне апарып тастауының да мәні бар. Мұндай мезірет бұл үй үшін үлкен қуаныш болып табылады. Өйткені көкпаршылар лақты немесе серкені ру ақсақалдарының, балалы немесе баласы жоқ үйлердің алдына әкеліп тастап, «көгерт, көгерт, көгерт» дейтін болған. Отбасы иелері «көптің тақымынан шыққан ет дәрі, шипа болады» деп ырымдап жейтін болған.

Осындай өнегелі ойындардың бірі жамбы ату жарысына мерген және атты жақсы басқарып білетін ойыншылар қатыстырылады. Жарысқа жасы 16-ға толған ер және қыз балалар қатыстырылады. Жарыс өткізілетін орын 50x200 метр болуы қажет. Нысана 3-4 метр биіктікте болады. Нысана мылтықпен немесе садақпен көзделеді. Жарыс ережесі бойынша салт атты қатысушы төрешінің белгісі мен атты шауып келе жатып жүрісті баяулатып нысана сызығына 45 метр жерден атады. Оқ нысанаға дәл тисе ұпай болып есептеледі, егер тимей қалса онда ұпай саны есептелмейді. Жарыс талаптарына сәйкес шабандоз аттан құлап немесе қаруын қолынан түсіріп алса екінші рет қайталауға рұқсат етілмейді.

Бәйге – түркі халықтарының бәрінде кездесетін ат жарысының түрі. Бәйге ереже бойынша 7, 12, 16 км қашықтықта өткізіледі. Жарыс болатын жер ашық, тегіс болуы керек немесе ипподромда өткізіледі. Бәйге аты 5 жасар болғаны жөн, ал атқа шабуға жас балаларды отырғызады. Жалпы ат жарысында ересек адамдар қатыстырылмайды. Жарыс шарты бойынша кімнің аты бірінші келсе сол бас бәйгені алады. Ал қалғандарына екінші, үшінші орындар беріледі.

Аламан бәйге – қазақ халқында ұйымдастырылатын ат жарысы. Оған төзімді жылқылар қатыстырылады. Аттар ұзақ қашықтыққа шабады, яғни 20 км-ден 100 км-ге дейін болуы мүмкін. Жарысқа қатысатын шабандоз да шыдамды, тәжірибелі жасөспірім болуы керек. Жарыс ережесі бойынша қашықтықты азайтуға, екінші адамның атын қамшымен ұруға, балағаттауға болмайды. Мұндай жағдайда жарысқа қатысушы ойыннан шығарылады.

Қыз қуу – түркі халықтарында өте тамашалап қарайтын ат спорты сайыстарының бірі, оның шығу деректеріне келетін болсақ: «Қыз қуу ойыны өте ерте заманнан бері келе жатыр, ертедегі сақтардың әскерлерінің мергендер мен барлаушылары қыздардан құралған. Оларды соғыс өнеріне баулуда атпен бірін-

бірі қуып ойнаған. Бертін келе қызық болу үшін қыздарды ер балалар қуып, талаптары өзгертілген. Содан «қыз қуу» ойыны келіп шыққан. «Қыз қуу» ойыны жазық жерде өткізіледі. Ойынның ережесі бойынша, көрермендер алдында тұрған атқа мінген шабармандар арасынан бір қыз шығып, қалаған жігітінің атын немесе өзін қамшымен бір басып, алға қарай шаба жөнеледі. Есесін қайтарғысы келген жігіт ізінен қуады. Егер қуып жетсе, есесін қыздың бетінен сүйіп қайтарады, ал қуып жете аламаса, онда қыз кері қайтара қуып жетсе жігітті қамшымен сабап, көпшілікке күлкі қылады» [23, 102-б.].

Сирек кездесетін немесе ұмытылып бара жатқан спорттық ойындардың бірі – ат ерттеу сайысы. Жылқы көшпенділердің аяқ артса көлігі, сауса сауыны, сойса тамағы, жауға шапса серігі болған. Қазақ халқы сияқты ноғай, башқұрт халықтарында да жылқыны өте қадірлейді. Батырлар мен билердің, сал-серілердің атқа салатын ер-тоқымының да өзіндік маңызы зор. Жалпы аттың жасы мен дене бітіміне сәйкес ер-тұрмандар ерекше жасалады. Ат әбзелдерін дұрыс қолдану мақсатында халық арасында осындай сайыстар өткізіліп тұрған. Негізгі ережесі бойынша, атты ерттегенде өте шапшаң, тиімді уақытта, дұрыс ерттеу керек, яғни ертеде бәйгеге шабатын аттарды ерттейтін болған. Себебі, бәйге кезінде жарысқа қатысушы құлап қалмай, атқа да салмақ түсірмейтіндей болуы керек. Ат ерттеу сайысы ас беру, қыз ұзату, наурыз, сабантой мерекелерінде өткізілетін болған.

Қазіргі кезде көп қолданыла бермейтін сайыстың бірі үй тігу сайысы – көшпенді халықтың өмірімен тығыз байланысты жарыс түрі. Мұндай сайыстар ертеде көшпенді түркі халықтарында (қазақ, ноғай, башқұрт, қырғыз т.б.) ұйымдастырылатын болған. Бертін келе халықтың отырықшылануына байланысты ұмыт бола бастаған. Киіз үй тігуге бір рулы елдің атынан екі ер және үш әйел адам қатысатын болған. Негізгі ережесі бойынша 6-8 қанатты үйлер сайлап

алынады. Топ құрамындағы ер адамдардың міндеті шаңырақты көтеру, кереге және басқа да салмақты заттарды құруға қатысу. Ал әйелдер болса, уықтарды тез қадап, туырлық жабылғаннан кейін, үйді сәніне келтіру, безендіру жұмыстарын атқарады. Негізгі ережесі бойынша үйді өте тез уақытта құрып, үйдің әртүрлі бөліктерін сапалы, дұрыс құрастырумен бағаланған. Яғни кімдер бірінші құрып болса, сол топ жеңімпаз атанған. Арнайы жүлдеге жылқы немесе ірі қара тігетін болған. Болашақта наурыз мерекесінде, белгілі мерекелерде киіз үй тігу сайысын өткізудің маңызы зор деп білеміз. Яғни Қазақстанда мекендеген басқа ұлт өкілдеріне қазақтың киіз үйін тігуді насихаттаудың этнопедагогикалық ролі ерекше деп айта аламыз.



II Тарау. Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие мәселелерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

2.1 Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие құралдары, түрлері мен әдістері

Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие құралдары, түрлері мен әдістері қоғамдық жағдайындағы түркілік тәрбиені қалыптастыру мен халықтар арасындағы байланысты нығайтуға септігін тигізеді. Олай болса, жастарға түркілік тәрбие берудің бірнеше факторларды атап өтуге болады: дін, рух, туған жер, тіл, діл болып табылады.

Түркілердің рухани өмірінде және атамекенді қорғауда шеніне бөлінбестен және әлеуметтік тұрғыдан бай немесе кедей т.б. бөлінбей қоғамда дамыған имандылық қатынас жүйесі негізінде қалыптасты. Қоғамда азаматтар ұстанатын негізгі діннің болуы табиғи құбылыс екендігіне сүйене отырып, адамдар өздерінің қарым-қатынастарын сол діннің қағидаларына негіздейтіні хақ. Сол себепті түркі халықтары үшін рухани болмыстың аспектілері ата-бабаларымыз ұстанған ислам діні болып табылады. Осыған орай, бүгінгі түркі халықтары үшін ең маңызды проблемалардың бірі – ислам дінінің тағылымдық категорияларын халықтың рухани құндылықтарына сай қарастыруды негізге алады. Түркілік тәрбиенің имандылық негіздері мұсылмандардың адамгершілік сенімдерінде, тәртіптілік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, имандылық туралы ой-санасына діни ұғымдардың орын алуы ең жоғары әдептілік нормалар ретінде сипатталды. Түркілер ислам дінін қылыштың күшімен емес, өз еріктерімен қабылдады. Бұл дінді таңдауларының ең басты себебі көне түркі сенімі мен ислам

дінінің арасында көптеген ұқсастықтың болуы еді. Біріншіден, көне түркі діні Көк Тәңірі сенімі деп аталатын. Бұл сенім бойынша түркілер ислам дініндегі секілді бір Аллаға ғана сенетін және оны Тәңірі деп атайтын. Ислам дініндегі «исмах-и хусна» деп айтылатын Алланың сипаттарының кейбіреуі көне түркі сенімінде де кездесетін еді.

Екіншіден, ахирет пен рухтың мәңгілігі екі сенімде де бар еді. Түркілер жәннат үшін жұмақ, ал тозақ үшін тамұқ сөздерін қолданатын.

Үшіншіден, ислам дініндегі секілді Көк Тәңірі сенімінде де Тәңіріге құрбан шалатын.

Төртіншіден, ислам дініндегі бағыт (жиһад) және ғазауат (дін үшін соғыс) түркілердің әлемде төрені үстем ету үшін жасаған соғыстары бір-біріне ұқсайды. Ислам сенімі бойынша соғыстан кейін қол жеткізілген ғанимет (байлық) адал болады. Түркілерде де осыған ұқсас ұстанымдар кездеседі.

Бесіншіден, ислам дінінде бұйырған адамгершілік талаптары түркілік түсінікке де сай келеді. Демек, түркілер ислам дінін бейбітшілік жолмен қабылдады.

Осыған сәйкес Ислам дінінде де Отанды қорғау барлық мұсылмандарға міндетті болып табылады. Өйткені ар-намыс, елдің тәуелсіздігі, адамдардың аман-сау жүруі Отанымыздың аясында қорғалады. Отанды қорғау дегеніміз дінін, ділін, тілін қорғау деп түсінгеніміз жөн. Сондықтан мұсылмандардың өз Отанын қорғау үшін әскери борышын өтеуі үлкен сауапты істердің бірі деп аталады. Яғни Мұхаммед с.ғ.с. тафсирлерінің бірінде: «Мұсылман пендемнің өз Отанын қорғап, шекарада күн ұзағына күзетте жауынгерлік борышын өтеп тұруы күндіз-түні ғибадат етуден де үлкен сауап болып табылады», - делінген [24, 63-б.].

Ал, Отанды қорғау жолында қайтыс болған жауынгерлерді «шейіт» деп атайды. «Дүниеден өткеннен кейін адамдар қайтып

оралмауы мүмкін. Ал шейіттер жарық күнге қайта орлуы мүмкін. Қайтадан он төрт рет келуіне мүмкіндік беріледі» деген тұжырымды пікірді белгілі Әл-Бухаридің «Жиһад» атты еңбегінде атап өтеді. Ал Отан үшін соғыстан қашу діннен шығу мен бірдей ауыр күнәлардың бірі болып табылады. Мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран Кәрімде: «Соғыс жағдайында шегініп, жаудан қорқып қашса, олар Алла Тағаланың азабына душар болады. Олардың орны тозақ», - деп келтірілген [25, 39-б.].

Түркі халықтарында тағылымдық мәні зор адамдарға ислам дінінің қағидаларын жеткізудің хикмет дәстүрі ғасырлар бойы жалғастық тауып келеді. Осы дәстүрдің мейлінше дамып, бастау алар кезеңін орта ғасырлардағы кезеңіндегі түркілік өркениетпен байланысты қарастыруға болады. Мұсылмандық қағидалардың осы кезеңге дейін жалғасын тауып келе жатқан негізгі тұлғаны елін, жерін және көшпенділік ел дәстүріндегі тәлімдік тәжірибелермен байланысты болып табылады. Орта ғасырларда түркі халықтарында мұсылмандық тағылымдық өнегелер басты тақырып болды. Себебі көптеген онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелердің толғауы тоғысар, шешуін табар түйіні осы мұсылмандық қағидалар еді. Хақты тану мүмкіндігі, адамның рухани ізденісінің түп мақсаты турасындағы ақыл-ой деңгейіндегі толғаныстарды шешуге де мұсылмандық тағылымдық өнегелер мен имандықты жетілдіріп, ерлікті шыңдауға негіз болды. Жалпы имандылықтың негізі «дініне беріктілігімен» сипатталды. Түркілердің мұсылман дінін берік ұстағаны үшін Исламның жер шарындағы «қылышы» деп бекер айтпаса керек. Мұсылмандардың сабырлылығы мен мәдениеттілігі жоғары болумен қатар олардың ерлігі, ажалдан қорықпауы, өзін Отан үшін құрбан «шаһид» қылуы, яғни иманына берік болуын басқа діндегілерді таң қалдырған. Оны біз белгілі ислам дінінің насихаттаушысы, ғалым М.Ж.Бұлұтайдың зерттеулеріне тоқаталатын болсақ: «Түркілердің соғыс кезіндегі

қаһармандығы, ажалдан қорықпайтындығы Алла Тағалаға деген иманының беріктігінен, яғни:

Біріншіден, Аллаһ бұйырмай ажалдың келмейтұғыны;

Екіншіден, мұсылман ұғымында ажал мұсылманды Алла Тағалаға қауыштыратын қадам;

Үшіншіден, мұсылмандар үшін фәни өмірдің бітіп, бақи өмірдің басталуы;

Төртіншіден, соғыста қайтыс болған мұсылман шаһид болады, шаһидтік болса пайғамбарлықтан кейінгі ең жоғары мәртебелердің бірі», - деп келтіреді [26, 262-б.].

Осыған сәйкес, түркілердің даңқты сұлтандарының бірі Заһираддин Мұхаммед Бабыр өзінің жеңіске жетуінің себептерін былайша сипаттайды: «Жаудың кейін шегінуі, олардың біздің әскерлерімізге төтеп бере алмай қырылуы – Аллаһ Тағаланың жазуы. Жер бетіндегі пенделердің жақсы-жаман «істерінің бәрін көріп-біліп тұратын Аллаһ Тағаладан өзге не бар? Біздің сиынарымыз да, жалбыранарымыз да Аллаһ Тағала емес пе? Тоғыз жүз отыз үшінші жылы екінші жұмада айының жиырма бесінші күні жазылды. Осы жеңістен кейін тұғрама «ғазы» деген сөзді тіркедім. Жеңіс жарлығына мөрімді басып мынадай рубайы жаздым:

Ислам үшін тентіреп,

Кәпір үнділермен соғыстым.

Сенімім үшін дайынмын азап тартуға,

Мейіріммен Аллаһтың ғазы болып толыстым!» - дейді [27, 373-374 бб.].

Мұндағы «тұғра» деген патшаның есімі жазылған рәмізі (штандарт, елтаңбасы). Ал «ғазы» деп соғыста болып аман сау елге оралған батырларға берілетін құрметті атақ. Ислам дінің түркі халықтары арасында таралуының тарихи, әлеуметтік,

тағылымдық сипаты зор болатын. Оның негізін біз көшпенділердің құқықтық заңдарымен сәйкес тұстарын салыстыратын болсақ: «Мұсылмандардың шарифат заңында мұсылман дініне қарсы құқық бұзушылықты үш топқа бөледі:

Біріншісі, Алла тағаланың әміріне бағынбау;

Екіншісі, тұлғалардың құқығын бұзу;

Үшіншісі, жеңіл қылмыстар. Дегенмен, шарифат заңы бойынша қылмыстың осы үш түріне де жазалар сай белгіленеді. Ал, дінге қарсы қылмыстар туралы «Жеті Жарғы» заңдар ережесінде: «Кімде-кім Алла тағалаға тіл тигізіп, діннен безген болса, егер оны куәгер әшкерелеп көрсетсе, таспен ұрып өлтірілсін», - деген қатаң жаза қолданылған. Сонымен қатар «өзі мұсылман бола тұрып, одан кейінгі өмірінде христиан дінін қабылдайтын болса, оның туған-туыстарының мекен-жайы тартып алынып, өзі елден қуылған» деп атап өтеді [28, 47-б.].

Түркі халықтарының жаугершілікпен, басқа мемлекеттердің құрамында өмір сүруінде және халықтың түп негізін сақтап қалуда ислам дінінің ролі жоғары болды. Мысалы, татар халқы шынайы ұлттық келбетін сақтап тұрған Ресейдегі бірден-бір ел деп айтуға болады, керісінше орыстандыру саясаты салдарынан чуваш, саха, тува т.б. түркі этностары ұлттық салт-дәстүрлерінен толықтай айырылды. Мұрағат деректеріне келетін болсақ, Ресейдің отаршылдық саясатын айқын сипаттайтын құжаттарының бірі – Түркістан генерал-губернаторы Духовскийдің 1899 жылы жоғары өкіметке жіберген «Түркістандағы ислам» атты баяндамасында: «Сырдария, Ферғана, Самарқанда 119 орыс оқу орнына 5246 мұсылман діни мектебі, ал 42 православиелік шіркеуге 11964 мешіт келетінін», - айтып дабыл қағады [29, 1-б.].

Негізінен генерал-губернатор Духовскийдің басты идеясы – мұсылман дінімен күресу болды, себебі ислам дінің орыстануға үлкен кедергі жасап отырғанын (бұл заңдылықты алғаш

зерттеген миссионер Н.И.Ильминский болатын) нақтылы тарихи жағдайда мұсылман діні түркі халықтарының күшті интеграцияға айналатынын атап өтті. 1870 жылы «Ресейде мекендеген бұратана халықтарды ағарту шаралары жөнінде заңы» жарияланды. Бұл заңға негізінен Н.И.Ильминскийдің орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі енгізілген болатын. Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш категорияға бөліп оқытуды көздеді:

- біріншісі, сабақтар ұлттардың өз тілінде, бірақ орыс тіліндегі пәндерді көп оқыту талап етілді;
- екіншісі, сабақтар таза орыс тілінде жүргізіліп, тек түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етілді;
- үшіншісі, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге тыйым салынды.

Аталған талаптарға сәйкес, түркі халықтарын салт-дәстүрлерінен аулақ ұстап, орыс мәдениетін, дінін насихаттауды пәрменді жүргізді. Мұның өзі түркі халықтарының рухани тәрбиесінен айырылуға бағытталды.

Сонымен қатар, түркі халықтарын орыстандыру саясаты барысында балаларын орысша оқытып, орыс мектептерінің санын көбейтуді қолға алған болатын. Негізінен қазақтардың арасында ислам дінінің терең тамыр жаймауын қадағалап, көршілес мұсылман халықтарының ықпалынан ажыратып, орыс мектептеріне баулуды пәрменді жүргізді. Оның үшін әрбір түркі халықтарының табиғи ерекшеліктерін тиімді пайдаланды. Яғни, өзбек, түркімен, татар халықтары ислам дініне берік халықтар деп, ал қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б. халықтар ислам дініне әлі де болса берік дамымаған деп оларды шоқындыруға, орыстандыруға әртүрлі іс-әрекеттерді қолданды. Дегенмен, түркі халықтарының шынайы діни наным-сенімдерінің арқасында ел тұтастығын сақтап қалуға ислам дінінің ықпалының мүмкіндігі зор екендігін түсінуге болады.

Ғасырлар бойы түркі халықтарының қанына сіңген имандылық қағидалары: қайырымдылық, әділдік қарым-қатынасы негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің сыры тереңде жатыр. Түркілік тәрбие берудің имандылық негіздерінің мазмұны қашанда еліміздің әлемдік өркениеттілік белесіне оңай өрлеуіне септігін тигізеді. Сондықтан оның сенім мен сезімге негізделген тұстары оған тылсымдық рух түріндегі көріністі балама ретінде қолдайды. Ол халықтың бойында мәңгілік сақталатын, оның болмысы мен сипатын, бар болуының ішкі жағдайдағы қуатты энергиясы болып табылады.

Демек, аталған афоризмдер тұлғаның этнопедагогикалық орнын айқындауға негіз болады. Түркілік этноцентризм кезеңінің неліктен мыңдаған жылдар бойына созылып, олардың әлемдік саяси-рухани өркениетке қалай үстемдік еткені осы түркілік рухқа байланысты болып отыр. Осы үрдіс түркілік ұстанымдарынан жалғасын табуымен, ерлік дәстүрмен үндесе отырып, елдік тұжырымдамаларында да көрініс берген еді. Түркілік тағылымдардың сан мыңдаған жылдарға созылған тұғырнамасы оның мәңгілігі мен түркілік рух түрінде көріне алатындығын бағамдайды. Сонымен қатар түркі халықтарының тарихының өн бойына үңілген сайын ондағы адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиені қалыптастыру мен ұрпақтарының бойына сіңіру дәстүрлерін де бағамдауымызға болады. Алдағы болатын қоғамдық үдерістерді үш ғасыр бұрын ескерткен көріпкел данамыз Асан Қайғы ой-толғамдарының халықты сақтаудағы қорғаныштық болжаулары жөніндегі толғаудан бастау алады. Сонымен қатар, дала демократиясының үлгілеріне сәйкес хандарға, сұлтандарға, бектерге тура айтатын болған:

«Әй, Жәнібек хан ойласаң,

Қилы-қилы заман болар,

Суда жүрген ақ шортан,

Қарағай басын шалар,

Балшықтан үй болар,
Сиыр малы пұл болар».

Мұндай жыраулардың толғаулары ел арасында ханға, батырға тура айтылғандықтан мәңгілік ескерту ретінде халық жадында сақталып отырған. Кейіннен мұндай астарлы толғаулары XIX ғасырларда Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындар шығармаларында жалғасын табады [30, 24-б.].

Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие құралдары, түрлері мен әдістерінде ұқсастықтардың негізі тұтас көшпенділік өмірдің әсерінен сақталған. Міне, осының өзінен-ақ адам баласы даму тарихында тәрбие халықтың ой-пікірімен, адамгершілік талаптарымен үнемі сабақтастықта болғанын байқауға болады. Ендеше, халықтық педагогика мұраларына тек өткен ғасырдың ескерткіші ретінде қарауға болмайды. Өйткені ол түркі халықтарының салт-дәстүрлеріндегі отансүйгіштік тәрбие мәселесімен тығыз байланысты және этностық ерекшеліктер сол халықтың саяси, әлеуметтік, экономикалық, географиялық, тарихи жағдайына байланысты туындап отырады. Барлық халық ізгілікке, жақсылыққа, елін, туған жерін, тілін сүйуге, тарихын білуге, мәдениетін тануға, дәстүрін қастерлеуге, қысқасы барлық адамзаттық тәрбиеге тірек болатын ең құнды адамгершілік қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді көздейді. Жастарға түркілік тәрбие берудің құралдары, түрлері мен әдістеріне көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған, қаймағы бұзылмаған дәстүрдің бар екенін көреміз.

Татар халқының тәлімдік тәжірибесінде жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі тәрбие құралдары деп мақал-мәтелдерді (мәкальләр), ырымдар мен тиымдарды (ырымнар), жұмбақ айтуды (табышмақлар), батырлық жырларды (батырлық дастанлар) айтуға болады. Отансүйгіштік тәрбие беру құралдарының бірі *мақал-мәтелдер (мәкальләр)* туралы татар ғалымы Н.Исәнбәт: «Шуңа күрә дә хәзерге телебездә

йөргән мәкальләренң күпчелерге дә ирликкә һәм гади хезмәт халкы телендә барлыкка килгән дип уйларга кирәк», - деп келтиреді [31, 122-б.].

Мақал-мәтелдер – сөзге нәр беретін, тилге икемді сөздің негізі. Мақал да, мәтел де образды халық сөзі болып табылады. Мақал – халық тағылымының қысқартылған афоризмдік көрінісі, мәтел – қандай да бір өмір құбылысына баға беретін бейнелі сөз. Татар халқының тәлімдік тәжірибесіндегі мақал-мәтелдерін зерттей келе, онда сол ұлттың адамгершілік нормаларына, ойлау мәдениетіне, өнерге, туған жерін қадірлеуге, отансүйгіштікке т.б. қойылған талаптарын да тұжырымдауға болады. Мысалы, «Йорттан аерылған илне яу чабар», «Арпа ашатмаған ат ерак бара алмас, артында терәге (гаскәре) булмаған батыр дошманны жиңә алмас» деген мақал-мәтелдерден Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы туындаған халықтың ой-тілегі, арман-мүддесі, отансүйгіштік сезімі қандай екенін байқалып отырады. Мақал-мәтелдегі туған жердің қасиетін, оның байлығын жоғары бағалап, ардақтаған халық оларды қорғау әрбір азаматтың міндеті деп санаған. Егер туған жерге ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану ер жігіттің азаматтық борышы деп білген.

Ерлік жасау тек Отанын, ел-жұртын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді. Олар қандай қиыншылықтар кездесе де үрейленбей, мұңаймай ажалға қарсы шабады деп сипаттайды. Батырдың күші оның ақылы мен айласында деп сипаттайды. Мұнымен қатар халық ісі үшін қажымай күресіп ерлік жасаған, ел сүйіп батыр атанған адамдарды әрқашан қадір тұту туралы өнегелер мақал-мәтелдерден орын алған. Яғни турашылдық, әділдік, айтқан сөзден қайтпаушылық, достыққа адал болу, ерлікті сыйлау т.б. қасиеттер құнды екендігін аңғартады, бұл қасиеттер: «Дус дус өчен мал бирер, яу килгәндә, жан бирер» немесе «Батырлар бәлен сугышма, биклар белан бәхәсләшмә», - деген ғибрат сөздермен дәлелденеді [32, 45-б.].

Татар халық тәлімдік тәжірибесіндегі басты мәселелері жеке тұлғаның отбасы тәрбиесіне негізделген. «Тай ат булса – атка ял, ул бала ир булса – атага ял», «Алып анадан туар, аргамак биядан туар», «Атаның урыны, исеме улына калыр» т.б. мақал-мәтелдерден отбасында бала тәрбиесіндегі ата-ана ролінің маңызына зор көңіл бөлінгенін және жасы үлкендердің балалар мен жастарға үлгі көрсетуде қойылар отансүйгіштік тәрбиенің талап деңгейі әрдайым жан-жақты, биік болғанын байқаймыз [33, 134-б.].

Татар халқының ауызекі тәлімдік құралдарының бірі – *жұмбақ айту (табышмақлар)*. Жұмбақтардың дүниетанымдық, тәрбиелік мәні жоғары болып келеді. Отансүйгіштік тәрбие беруге арналған жұмбақтардың дені ел қорғаған батырлардың ерлігін насихаттауға негізделеді. Мысалы:

«Әнә бара Алып,

Икә колагын салып.

Киңдер кукрәге,

Тимердер иөрәге» (пешлеван, яғни батырдың алып тұлғасы).

Осындай жұмбақтардың мағынасы Отанын сүйеге, туыс-бауырларын құрметтеуге, қас пен досты айыра білуге негізделгенін байқауға болады.

Татар халық фольклорының келесі бір маңызды, көлемді түрі – *батырлық жырлар (батырлық дастандар)*. Татардың ерлік дастандарының мазмұны қазақ халқының тарихында болған кезеңдермен сәйкес келеді, мұнда Алтын орда дәуірі кезеңіндегі, Дешті-Қыпшақ даласындағы тарихи деректер туралы айтылады. Татар халқы Алтын орда дәуірінде дәулетті болғаны, кейін бірнеше ұлыстарға ыдырап, 1438 жылы Қазан хандығы болып құрылғаны тарихтан белгілі. Осы кезеңнің өзі тарихи тұрғыдан қым-қиғаш соғыстардан тұрды. Демек, батырлық дастандардың дені осы кезеңде келіп шыққан.

Мысалы, «Йр Төшлек», «Идегэй», «Алпамша», «Жик мергән», «Чура батыр» т.б. Татар халқының батырлық дастандарында баһадүрлердің басқыншыларға, дұшпандарға, билеуші-қанаушыларға қарсылық көрсетуі, олардың мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттер – жан дүниесінің тазалығы, турашылдығы, теңдесі жоқ ерлігі, халыққа шексіз берілгендігі, Отаны үшін өзін құрбан етуге дайын тұратындығы ашып көрсетіледі. Мұндай қасиеттерді «Идегэй» немесе «Едіге» жырындағы батырдың бейнесін сипаттауға арналған:

«Ул дигәнче бу булды,

Кара болыт якынлап,

Көн урнына төн болды.

Кук ярылды, жир ауды,

Бер фәлякәт инде, дип,

Ханлар катып торганда,

Яулар посып торганда,

Анда тузан ачылып,

Илле торке ту белән,

Илле меңдек яу белән,

Житеп килде Идегэй», - деген жолдардан көруге болады [34]. Әдетте Едігенің батырлығы тұтас түркі халқына ортақ деп саналады. Эпостық жырдағы баһадүрдің бейнесі олардың жауға шабардағы кескін-келбетінің өзі де қаһармандық сезім тудырады.

Татар халқының отансүйгіштік негіздегі дастандарында батырлардың қайратын да, парасатын да асқақтата жырлау, жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, оларды ерте есейген, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу жырларда қалыптасқан желі болып табылады. Ал, қазақ халқында Едігенің өзін халық әділдік

пен ақылдылықтың, қайсарлықтың асқар биігі етіп дәріптейді.
Мысалы:

«Едіге деген ер екен,

Елдің қамын жер екен.

Ел шетіне жау келсе,

Мен шығайын дер екен», - деп сипаттайды [35, 6-б.].

Батырлық жырларында батырдың тұлғасын толықтырып тұратын адал жарын суреттеуге орын беріледі. Бұл жерде халықтың адалдықты, ерді сыйлауды, ізгілікті көксемгені көрінеді. Татар халқының отансүйгіштік негіздегі дастандарында батырдың бейнесін былайша сипаттауға болады: батырдың жаратылысы ерекше, ол халықтың ұлы болып өседі, өмірінде адал жарын табады, сүйгеніне қосылады, соның көмегімен өмір жолында көптеген ерлік істерін жасайды, адал жары батырға ер қанаты тұлпарын таңдап, баптап, жорыққа шығуына көмектеседі. Батыр халық қамын ойлайтын ізгі жан болып табылады.

Татар халқының тәлімдік мұраларында күні бүгінге дейін маңызы зор ғұрыптардың бірі – *ырымдар мен тыйымдар (ырымнар)*. Ырымдар мен тыйымдар тілек сөздерден тұрады және белгілі бір жағдайға байланысты қолданылады, мысалы, ұрпақ қалдыру, ерлік көрсетіп, жеңіспен оралу, ақ жол тілеу т.б. Сондай-ақ халықтың тілегі орындалатын болғандықтан, олар магиялық сипатқа ие, бұл туралы профессор Г.Т.Хайруллин: «Ырым сузләрен әйтүнең үз хасияте бар, алар билгеле бер эмоциональ көчкә ия буларга тиеш», - деп түсінік береді [36, 101-102 бб.].

Сайып келгенде ырымдар мен тыйымдар – ерлік дәстүрдің онды іске асуына халықтың өз батырларының аман болуына, мұрат-мақсатқа жетуіне және жеңіспен оралуына септігін тигізетін халық мұрасы. Сондықтан болар: «Алла куәт берсен,

жанына саулық бирсен», - деп бекер айтпаған. Бата-тілектер жас ұрпақтың ата-аналарының ақ тілегі мен өнегелі сөздерін құрметтеп, отансүйгіштік ойының дұрыс дамуына септігін тигізеді.

Татар халқында мейрамдарға көп көңіл бөлінеді: «Татар халқының асыға күтетін мейрамдарының бірі – күн мен түннің теңесетін уақыты «*Наурыз байрамы*», оны 7-8 күн немесе одан да көп мейрамдайды. Мейрам күндері медресе шәкірттері әрбір үйге барып «Наурыз айту» тілегін айтып, әртүрлі сыйлықтар алатын болған». Бұл қазақ халқындағы жарапазан айтумен бірдей болады [37, 46-б.].

Татар халқының отырықшы сипатта өмір сүретініне байланысты егін салу, жиын-терім, азық-түлік туралы деректер көптеп кездеседі. Татарлар дастархан мәзірінде ет, сүт, балық, көкөніс өнімдерінен әртүрлі тағамдарды дәмді етіп даярлайды. Олар да қазақтар сияқты ет өнімдерінен қазы-қарта жасайды, оны «қазылық» дейді, бұл – «әртүрлі бұрыш, әрлеуіштермен дайындайтын татарлардың сүйікті асы» [38, 39-б.].

Татарларда жалпы халық болып көмектесу туралы: «В новых условиях некоторые старинные обычаи приобретали иное содержание. В частности, характерный для общинной жизни обычай взаимопомощи (помочь – *өмә*) соседей и родственников во время уборки строительства домов, сенокосов в ходе развития капитализма часто превращался в инструмент эксплуатации богатыми крестьянами своих односельчан» деп, қазақ халқындағы үме немесе асар туралы салыстырмалы деректерді негізге алуға болады [39, с.157] .

Татар халқының тәлімдік мұраларында тұтас түркі халықтарына ортақ тәрбие құралдары: мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, ертегілердің, батырлық жырларының т.б. алатын орны ерекше болып табылады. Бұлар қаһармандық, ерлік жасау, Отанға деген сүйіспеншіліктің мәнін түсіндіруде оқушылардың

отансүйгіштік дүниетанымының кеңеюіне әсерін тигізеді. Татар халқының тәлімдік мұралары батырлықтың символы ретінде елдің бақыты үшін күресетін идеал тұлғаны дәріптеудің ауызекі құралы болып табылады.

Түрік халқының тәлімдік тәжірибесінде жастарға жан-жақты тәрбие берудің ғасырлар бойы жалғасып келе жатырған тағылымдық мұраларының көптігімен сипатталады. Түріктер бүгінде жер шарының Азия мен Еуропада орналасқан аймақта тұрады. Олардың жерінің 97%-ы Азия бөлігінде орналасқан. Бұл аймақты түрік халқының қоныстануы туралы деректер б.д.д. III ғасырдан бастау алады, яғни Орта Азиядан ғұндар, сақтар, сарматтар келген, ал кейінгі көш Анадолы жарты аралының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі IX-X ғасырларда келген деп айтуға болады.

X ғасырда өздерінің ата қонысы Тұраннан кеткен оғыз тайпалары алғашында Хорасанға (қазіргі Иранның солтүстік шығысы, Мерв және қазіргі Түркіменстанның оңтүстігіндегі оазистерді қамтыған аймақ) келіп қоныстанғанымен, XIII ғасырдың 20-шы жылдарында монғол шапқыншылығы салдарынан ығысып, Анадолыға қарай көшеді. Бұл кезде осы жерде олардан бұрын жеткен тағы бір түрік тайпасы – селжүктер Византияның біраз жерін тартып алып, өз алдына жеке мемлекет құрып отырған болатын. Тарихта Кония (қаланың аты) сұлтанаты деп аталған сол мемлекет XI-XIV ғасырларда өмір сүрген іргелі мемлекет еді. Негізінен бұл мемлекет Алладдин Кейкуаттың (1219-1236 жж. билік құрды) тұсында ерекше гүлденді.

Халықтық қарсылықты бастаушылардың көбісі Жас түріктердің жаңғыртушылық көзқарасын қолдайтын білімді де отаншыл әскери кадрлар еді. Осынау тарихи күресті таяуда ғана аяқталған соғыстың батыры, «БІстамбұлдың құтқарушысы» атағына ие болған Мұстафа Кемал басқарды. Ол 1911-1912 жылдары Италия мен Түркия арасында болған соғысқа, 1912-

1913 жылдары Балқан соғысына қатысып, өзінің әскери шеберлігін танытқан еді. Ол I дүниежүзілік соғыс кезінде Дарданелл, Кавказ, Сирия-Палестина майдандарындағы қолбасшылық қызметі үшін түменбасы (генерал) және «Мұстафа Кемал паша» лауазымын алған болатын. Әскер мен халықтың көмегіне арқа сүйеген Мұстафа Кемал уақытша үкімет құрып, интервенттерге қарсы соғыс қимылдарын өрістетті. Мудрос келісім-шартынан (1918 жылғы 3 қазан) кейін Түркияға батыс елдері тарапынан қатты қауіп төнгендіктен, Түрік мемлекетінің бірлігі мен тәуелсіздігін сақтап қалу Мұстафа Кемал басқарған күрестің басты мақсаты болды. Оның басшылығымен «Ұлт бірлігі және азаттығы» партиясы басқыншыларға қарсы күресті одан әрі жандандырып, 1919 жылғы 22 маусымда халыққа «Отан тұтастығы және ұлт азаттығы қауіпте!» деген үндеу тастады. 1920 жылғы 10 тамызда Севрде Антанта державалары мен Сұлтан үкіметінің арасында бейбіт шартқа қол қойылғаны мәлім. Бұл Түркияның бөлінуі мен кіріштарлыққа түсуінің ресми түрде құжатталуы еді. Содан іс жүзінде Сұлтан үкіметіне Анкара мен Қара теңіз жағалауы арасындағы жер ғана қалдырылды. 1920 жылғы наурыз айында Түркия мемлекетінің өмірінде үлкен тарихи оқиға болды. Ол Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің құрылуы еді. Сол жылғы сәуір айында оның төрағасы болып Мұстафа Кемал сайланды. Мәжілісте Түркия өз алдына жеке тәуелсіз республика болуға тиіс деген шешім қабылданды. Мұстафа Кемал Ұлы Ұлттық Мәжілістің қарауына «саяси, экономикалық, әкімшілік және әскери мәселелерді қамтитын басқаруды жүзеге асыру бағдарламасын» ұсынып, алғаш рет «Түрік мемлекеті» деген ұғым енгізілді. Осылайша Осман империясынан мүлдем бөлек, жаңа геосаяси субъекті дүниеге келіп, ол заңды тұрғыда бекітілді. Бүкіл Түркия халқы Мұстафа Кемалдың саясатын толық мақұлдап, оған жан-жақты қолдау көрсетті. Бас қолбасшы ретінде Сакария қаласы үшін гректермен болған 22 тәулікке созылған ұрыста жеңіске жеткені үшін 1921 жылғы қыркүйек айында Мұстафа Кемалға маршал дәрежесі мен

«Ғази» (Gasi – жеңімпаз) атағы берілді. Негізінен 1920-1922 жылдар аралығында Ғази Мұстафа Кемал және оның жақтастары шығыстағы, оңтүстік пен батыстағы жау әскерлерін талқандаумен бірге Ресеймен, Ұлыбританиямен, Франциямен және Италиямен де бейбіт келісімге келген болатын. Зерттеуші Ә.Сқағиқызы Мұстафа Кемал туралы: «Людвиг Эрхард (ФРГ президенті) былай деген екен, Ататүрік – Түркияны дұшпандардан азат етті. Женевада өткізілетін келісім-ынтымақта өзінің ойындағыдай келісімге қол жеткізе алмайтынын білген Мұстафа Кемал күрес жолын таңдап, сол жолда өзін көрсете білді. Бүкіл Германия жұртшылығы Ататүрікті мақтан тұтады. Ататүрік – неміс елінің жұршылығы үшін – ұлы тұлға, бостандық пен патриотизмнің символы дейді. Ал, неміс генералы Лиман Вон Сандерс: «Ататүрік адам-аңыз, өз елі үшін дәл осындай жанқиярлық пен еңбек еткен басшы тарихта болған емес», - деп келтіреді [40, 99-104 бб.].

Түрік ұлтының дербес ел болып қалыптасуына көптеген тарихи жағдайлар өз әсерін тигізді. Сондықтан болар, ерлік, батырлық туралы өнеге-өсиеттер бала тәрбиесінде кеңінен қолданылды. Мысалы, «Оғызнаме», «Дәдәм Коркут», «Коруглы» т.б. батырлар жырларында отансүйгіштік тәрбие туралы кеңінен баяндалады. Түрік халқының «Дәдәм Коркут» батырлық жыры мен қазақ халқындағы «Қорқыт ата» туралы айтатын болсақ: «Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайтпас күрескер сипатында айтылады. Бірақ ол өмірінің соңында өлмейтін нәрсе жоқ екен деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді екен. Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде сияқты көрінеді. Ол күйлерін толасыз тартып, дүниеден өтеді. Өзі қайтыс болса да артында күйлері, ұлағатты сөздері қалады. Ал халық тарихында деректі түрде «Қорқыт ата кітабы» бар. «Қорқыт ата кітабы» осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан тұратын қолжазба күйінде және Италияда алты жырдан

тұратын қолжазба күйінде сақталып келеді. «Қорқыт ата кітабын» VIII ғасырда және одан да бұрын туған аңыздардың жинағы деуге болады. Оларды жыр түрінде жазған Қорқыт ата. Кітапта түркі халықтарының құрылуына тікелей қатысы бар, тарихта белгілі оғыз тайпаларының тағдырына байланысты оқиғалар баяндалады. «Қорқыт ата кітабы» мынадай жырлардан тұрады: «Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр», «Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Оғыз қаған жыры» т.б. «Қорқыт ата кітабының» жырлары оғыз тайпасының туған жерін, елін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырлардың ерлігі туралы толғайды. Дастанда ерлік, әділдік, адамгершілік, ата-ананы құрмет тұту, уәдеде тұру сияқты ізгі қасиеттер айтылады. Оның қаһармандары қорқақтық пен опасыздыққа, әдепсіздік пен сараңдыққа қарсы күреседі. Қорқыт ата кітабының қаһармандары мен олардың бастан кешкен оқиғалары осы идеяларды аша түседі. Жырлардың жартысынан астамы Қазан бектің ел қорғаған ерлігін, ел-жұртқа жасаған ізгілікті істерін жырлауға арналған. Ерлерше қару асынып, жаумен тайсалмай соғысқан Қазан бектің әйелі Бөрілі сұлу және оның ұлы Ораз ел басқарған Баяндыр хан, Дерсе хан, оның баласы Бұқаш т.б. кейіпкерлер ерлікпен бірге ізгілік те танытады. Қорыта айтқанда, «Қорқыт ата кітабында» тәрбиелік құнары мол қанатты сөздер көптеп ұшырасады. Мысалы, «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі», «Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды», «Көңілі пасық ерде дәулет болмас» және т.б. тағылымдар түрік және қазақ батырлық эпостарында да кездесетін сарын екенін білеміз. Осыдан байқайтынымыз, екі халық арасында тағылымдық, тәлімдік дәстүрлердің жақындығын айтуға болады [41, 84-б.].

Түрік халқының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие беру құралдарының бірі *мақал-мәтелдер* болып табылады. Түрік мақал-мәтелдерін зерттей келе, нақыл сөздерде Отанын, елін, жерін, халқын қорғау, бауырмалдық, қаһармандық

қасиеттерге тәрбиелеу мақсаты көзделгенін аңғарамыз. Яғни тұтас елге дұшпан шабуыл жасаса, оған қарсы аттану ерлер мен баһадүрлердің борышы деп бағалаған. Туған жердің қадір-қасиеті туралы «Pehlivan dünyağa qeltirer vatan» («Батырды дүниге алып келіп, жетілдіретін елі, Отаны»), «Gavuz milleti mutlu eder» («Батыр елді қорғап, бақытқа жеткізеді») т.б. тұжырымды ғибраттар арқылы ұрпақ санасына ел мен жердің адам өмірінде алатын орнын, маңызын сіңіреді [42, 241-б.].

Түрік халқының тәлімдік тәжірибесі негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу құралдарының бірі – *жұмбақ айту*. Құрылымы жағынан жұмбақтар қара сөз, өлең және айтыс түрінде де кездеседі. Жұмбақтардың ерекше қасиеті – олардың қиялды қанаттандыратын, ойды ұштайтын өткірлігі және қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ұқсастықтарын баламалау арқылы логикалық ойлауды жетілдіретін жүйріктігі. Түрік әдебиетінде батырдың бес қаруын сипаттауға арналған жұмбақтар кездеседі. Мысалы:

«Gavuzu qüa verilmiş,
Gavuzu one qüa edinmiş» (*at*),

қазақ тіліне аударғанда да сол мағынада беріледі:

«Батырға күш береді,
Батыр оны дос қып жүреді» (*at*).

Сондай-ақ:

«Boyu uzun yüzü yok» (*Sancak*),

мағынасы:

«Өзі ұзын, бірақ жүзі жоқ», (*найза*)

осындай мағынадағы,

«Kendisi keskin insansiz faidasi yok» (*kilig*), яғни:

«Өзі өткір, Білекке сенеді» (*қылыш*) [43, 352-б.].

Жұмбақтардың сан қырлы қасиеті батырлардың сөзбен жұмбақтау арқылы сүйгенінен, жақын туыстарынан, достарынан хабар алып тұруына, тығырықтан жол табуына септігін тигізген, бұл батырлардың ақылдылығын, ойлылығын, тапқырлығын көрсетеді.

Түрік халқының тәлімдік тәжірибесіндегі жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеуде ерлік туралы аңыздардың алатын орны ерекше. Соның бірі «Оғызнама» эпосында бөрілік тәрбие туралы: «Түріктер жауларымен соғысқанда, аттың басына қасқырдың бас сүйегін ырым ретінде ілетін болған. Яғни Оғызхан соғысқа аттанғанда әскерлерін көкжал бөрі басқарып жүретін болған. Сол дәстүрді кейінгі әскерлер де де қатаң сақтайтын болған», - деп айтылады [44, 29-б.].

Жеке тұлғаның бойында отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде халық педагогикасының құралдары мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, батырлық дастандарының, аңыздардың т.б. алатын орны ерекше. Мұндай тәрбие құралдары өскелең ұрпаққа ерлік жасау, Отанды сүю қасиеттерінің мәнін түсіндіруде, отансүйгіштік дүниетанымының кеңеюіне әсерін тигізеді, сондықтан жас ұрпақты елдікті тануға, түркілік бауырмалдыққа тәрбиелеуде маңызы зор болып табылады. Демек, тұлғаның халықтар достығы мен тағылымдық өнегелерді құрмет тұтуы түркілік бауырмалдық санасының дамуына септігін тигізеді.

Ноғай халқының тәлімдік тәжірибесінде халықтық тәрбиенің мәні мен мазмұны салыстырмалы тұрғыдан қазақ халқына өте жақын болып табылады. Ноғайлар бүгінде Ресей Федерациясының Ставрополь өлкесінде, аз бөлігі Дағыстан Республикасында және Ингушетия Республикасында тұрады. Ноғайлар – түркі тілдес халық. Діні – мұсылман, сунниттер. Өдет-ғұрпы жағынан қазақ, қарақалпақ халықтарына өте жақын. Көшпенділікпен өмір сүрген кезде ноғайлар да киіз үйде тұрып, мал шаруашылығымен айналысқан. Ер адамдары жейде, шалбар,

папаха, башлык, бурка, тон киеді. Бурка – киізден жасалған ер адамдарға арналған шекпен, оның екі түрі болады. Салт ат мінгенде киетін бурка – түкті, тігісті, ұзын, екі иығы шығыңқы келеді. Ал жаяу адамның буркасы тықыр жүнді, қысқа әрі тігіссіз болады. Әйелдер кең етек көйлек, бешпент, қысқа тон киіп, зергерлік бұйымдар тағынады.

Тарихи зерттеулерде: «Ноғай ұғымының этимологиясы негізінен XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әскерінің қолбасшысы болған Ноғайдың атымен байланысты», - деген деректер кездеседі [45, 71-72 бб.]. Бізге жеткен тарихи мәліметтерде Ноғай ордасы туралы: «Ногайская орда, феодальное государство кочевников на территории от Северного Каспия и Приаралья до Туры и Камы и от Волги до Иртыша. Ногайская Орда выделилась из Золотой Орды в начале XV в. при Едиге. Окончательно оформилась при его сыне Нураддине (правил в 1426-1440 гг.). Ногайскую Орду населяли мангыты и кунграты, которые со 2-ой пол. XV в. стали называться ногаями, а также другие тюркоязычные племена. Центр Орды – город Сарайчик (Сарайджук)», - деп келтіреді [46, с.88].

Алтын Орда мемлекетінің әскери-саяси күштері этномәдени күштің деңгейін белгілі бір дәрежеге жеткізудің, жинақтаудың, шоғырландырудың және нығаюдың негізгі факторы болды. Бұл Алтын Орда мемлекеті шеңберінде қыпшақ немесе Алтын Ордалық қыпшақ халқының мәдениет пен тілдің, соның ішінде жазба әдеби түрінің сипаты сәйкес қалыптасу үдерісінде көрініс тапты. Бұл Орта Азиядағы шағатай тілінен айырмашылығы бар Алтын Орданың ерекше әдеби тілі болды. Шамасы қыпшақ әдеби тілі Еділ маңындағы Алтын Орда қалаларында қолданылған тірі тілден ерекшелігі болған. Алтын Орданың әдеби тілінің қалыптасуына Сырдария сағасындағы қалалардың мәдениет қайраткерлері зор үлес қосты.

Шежіре, эпос, тұтас фольклор және т.б. бойынша ноғайлар қазақтармен және Орта Азиямен тығыз байланыста болған. Бұл

байланыстар қалыптасқан және біршама жинақталған Алтын Ордалық қыпшақтық этникалық қауымдастықты көрсетеді. Алтын Орданың кең байтақ территориясы және оның халқының түрлі тайпалық құрамы жағдайында нығаюы мемлекеттің аймақтық бөліктерінің этномәдени ерекшеліктерін сақтау жағдайында орын алды, бұған көптеген факторлар себепші болды, ең алдымен Қырымда, Солтүстік Кавказда, Орта Азияда немесе Қазақстанда деп бөлінетін субстрат қабаттардың этникалық сипаты себепші болды. Орта Еділ жағалауы мен Оңтүстік Жайықтағы ислам дінінің нығаюы Орта Азиядағы мұсылман орталықтарымен байланысты жеделдетті. Ислам діні мен қатар жазу мен жазба мәдениет одан әрі таралды. Этномәдени үдерістер аспектісінде араб жазуы мен әдебиетінің, жазба мәдениетінің таралуы тұтастай алғанда ақпараттық байланыстардың көлемінің ұлғаюына әкелді.

XV-XVII ғасырларда Дунай өзені мен Еділ бойында Ноғай ордасы қалыптасты. Орда биліктің ыдырауы себебінен және хандар мен сұлтандардың алауыздығынан орыс империясының құрамына еніп кетті. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ: «Ханлардың, мырзалардың эткен залымлығынан себеп, кара халыққа пайдасы болмаған бек коьп кавкалардан себеп, ногай халқы кавгада эм ашлықтан, мараздан кырылып, калганы да туьркке эм Аккерманга ыдыраган», – деп келтіреді [47, 14-б.].

Сонымен қатар ноғай халқының ұлт болып қалыптасуындағы кедергі болған тарихи жағдайлар туралы деректерде: «Ноғай-ханның 1300-шы йылда Алтын Орданың Тохта ханының қолынан аьжел табувы ногай халқының каьлиплесуьв процессининь тамамланувына буршав болган. Тохта-хан, Ногай-ханың аьдемлерин аз етеек болып, Узу (Днепр), Манан (Дунай) сувлары бойларындагы ногайлардың бир кесегин Мисирге (Египетке) сатып, баскаларын Яйык (Урал) сувы бойына коьширген. Соннан себеп, «Ногайлы» деген бизим халктынъ миллет аты Эдилде тувып, оннан сонъ Сырт Кавказга,

Азов, Кара денъгиз ягаларына кеткен. Дурысын билмеген, ногай халқының тарихын терең тергемеген, бирнеше мағлуматларды оқымаған эм оқығысы да келмеген бир кесек авторлар коып затты бырықтырып язып шыгарганлар», - деп көрсетіледі [48, 6-б.].

Демек, XIII ғ. 30-шы жылдарынан XV ғ. дейін Еділ-Жайықтың ірі территориясы, сондай-ақ Батыс Сібірмен шектесіп жатқан аймақтар түркі-мұсылмандық мәдениет пен этноконсолидациялық үдерістердің даму аймағына айналды. Қазақстан тарихындағы осы күрделі дәуірдің алғашқы кезеңі – Дешті Қыпшақ пен Орта Азиядағы (Мауереннахрдағы) Шыңғыс иеліктерінің құлдырауымен, соңғысы – шын мәнісінде қазақ мемлекетінің, Қазақ хандығының құрылуымен сипатталады. Осы уақытта бұл аймақтағы халықтың саяси өмірі түрлерінің эволюциясы оның территориясында бірнеше мемлекеттің – Ақ Орда (немесе Көк Орда), Ноғай Ордасы, кейінгі кезеңде көшпелі өзбектердің мемлекеті немесе Әбілқайыр хандығының бөліне бастауына ұласты. Алтын Орданың құлдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі Ноғай Ордасы болды. XIV-XV ғғ. оған Батыс Қазақстан территориясы да кірді. XIV ғ. соңынан бастап Жайық пен Еділ арасындағы тайпалар бірлестігі солардың ішіндегі ірі тайпаның атауымен «Маңғыт жұрты» деп аталды.

Батыс Қазақстан тарихындағы аса маңызды кезең ноғай кезеңі (XIV-XV ғғ.) болып табылады. XV ғ. басында құрыла бастаған Ноғай Ордасына алшын, қыпшақ, найман, арғын, қаңлы, қоңырат, кенгерес, қарлұқ, алаш, тама және т.б. тайпалар кірді. Ноғай Ордасы тайпаларының шаруашылығында Арал-Каспий аймағына тән көшпелі мал шаруашылығының экстенсивті сипаты сақталып қалды. Олардың қоныстары Орта Еділ жағалауынан Арал теңізіне дейін жайылып жатты. Ноғайлардың бір бөлігі Ембіден Үстіртке дейінгі аралықта көшіп жүрді.

Ноғайлы кезеңінің аса маңызды нәтижесі Кіші жүз қазақтарының этнотерриториялық қауымдастығының қалыптасуы болды. Оның Батыс Қазақстан территориясында құрылуы тарихи заңдылық. Бұл үдеріске әсер еткен жағдайлар: біріншіден, Арал-Ембі-Каспий далалық және жартылай далалық аймақтарға ежелден тән көшпелі мал шаруашылығының экстенсивті сипаты, екіншіден, аймақтағы көшпелі халықтың этногенетикалық ерекшеліктері. Батыс Қазақстандағы көшпенділердің консолидациясы ноғай кезеңінде қуатты алшын тайпасының қамқорлығымен шешуші дамуына қол жеткізді. Халық әпсаналары бойынша Кіші жүздің ертедегі атауы Алшын деп саналады. Жазба деректерде, сондай-ақ шежірелерде және этнографияда Кіші жүздің құрамында негізгі үш ұрпақты: Әлімұлын, Байұлын, Жетіруды атап көрсетеді.

Ноғай халқының тарихи мұралары мен жәдігерлері туралы айтатын болсақ, деректерде: «Ер титиреткен юзлеген мынь аьскерлери болган, ишинде шувласкан миллионлаган халкы болган ногай ханлары оззлерине деп, халыктынъ кара куьши мен тастан, кербиштен уьйкен шахарлар, калалар, минаретлер, кешенелер ясаткан эдилер. Кайда солар? Калып турганы аьли Шешен-Ингушетиядынъ еринлеги Боргакаш кешенеси, Сырт-Осетияга киретаган атакли Татартуьп минарети эм содай увак-туьеклер. Кара халк оззине деп шыгарган ногайдынъ баьтир йырлары ман ашыклык дастанларыбизге де етип, буьгуьнде яшайды, бизим сувьган юреклеримизди йылытады», - деп халықтың тарихи мұраларының маңызы туралы шынайы бағасы беріледі [49, 87-б.].

Демек, ноғай ұлтының дербес ел болып қалыптасуына көптеген тарихи жағдайлар өз әсерін тигізді. Сондықтан болар, ерлік, батырлық туралы өнеге-өсиеттер бала тәрбиесінде кеңінен қолданылды. Мысалы, «Эдиге», «Мамай», «Эр-Косай», «Ноғайдынъ кырк баьтири», «Адиль-Солтан», «Эр-Таргыл»,

«Копланлы-баьтир», «Казы–Туган» және т.б. батырлық жырларында отансүйгіштік тәрбие туралы кеңінен баяндалады.

Ногай халқының «Адиль-Солтан» (Әділ сұлтан) батырлық жырының мазмұны отаншылдық тәрбиеге арналады. Яғни:

«Ол заманда Аьдилим,
Каарланды, карланды,
Каты яман шамланды,
Бизим килик йигитлерге,

Кылыш урып кан аларга каьр тугыл», – деп батырдың елі үшін соғысып, халқын бақытқа жеткізуді армандағаны жырланады [50, 84-б.].

Сонымен қатар ногай халқының «Шора батыр» эпостық жырында:

«Ай тамгалы тама ман.
Асылымды сорасань
Аргы атам менин Коянак,

Коянактынъ улы Карт-Кожак,
Карт-Кожактынъ улы Бай-газый,
Бай-Газыйдынъ улы Эр Толъек,
Эр Толектинъ улы Карт-Нарик,

Нариктинъ улы Шора ман...», - деп батырдың жеті атасын таныстыруы қазақ батырлық эпостарында да кездесетін сарын екенін білеміз. Бұл екі халық арасындағы тағылымдық дәстүрлердің жақындығын, ұқсастығын айтуға дәлел болады [51, 9-б.].

Ногайдың «Едіге» дастанының мазмұнында оның екінші есімі туралы айтылады: «Эдиге йылкышыдынъ колында сав калады. Йлкышы буган энди Эдиге демей Кубугул дейдилер.

Олай дегени «Куба огул» демек болады. «Куба» деп бек юрекли баътирге айтылған, баътир демеклик болады». Ал қазақ халқында «Құбығұл» батырлық жыры бар. Демек, қазақ пен ноғай халықтарының отаншылдық тәрбие берудегі байланыстарын осыдан да көруге болады [52, 253-б.].

Ноғай халқының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие беру құралдарының бірі *мақал-мәтелдер*. Тәлімдік мұраларындағы аз сөзбен көп мағына беретін, тұжырымды ой мен икемді тілге құрылған мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойы қордаланған ерлік, еркіндік, бостандық философиясынан хабардар ететін жанды сөзі ретінде өскелең ұрпақтың санасына отансүйгіштік тәрбиені сіңірудің тиімді тәсілі болып есептеледі. Халық келешек ұрпаққа атамекенді қорғаудың мәні зор екендігін және ел мен жердің қадір-қасиетін терең ұғындыру үшін «Көлді қамыс көркейтер, Ерді намыс көркейтер», «Батырдың кеудесінде жаны барда, елі үшін шайқасуы тиіс» секілді мақал-мәтелдер арқылы жас буынның шартарапқа шарықтаған қиялына қиялына канат бітіріп, санасына сәуле құяды [53, 195-б.].

Сонымен қатар, ноғай халық тәрбиесінде қолданылатын отансүйгіштік тәрбие беру құралдарының бірі – *жұмбақ айту*. Жұмбақтардың тәрбиелік, психологиялық маңызы зор, баланы ұшқыр ойлауға, ұқсастықтарды таба білуге, заттар мен құбылыстардың құпиясын баламалау, салыстыру арқылы тәрбиелеуде таптырмас құрал. Ноғай халқының отансүйгіштік тәрбиесінде батырлық, ерлік, қаһармандық тақырыбына арналған жұмбақтар көптеп кездеседі. Мысалы:

«Сүйектен сабы,
Ағаштан қабы» (*Қанжар*).

Сондай-ақ:

«Жебе теспес,
Қылыш кеспес» (*Сауыт*)

Сонымен қатар:

«Оймақтай жерден оқ шығар» (*Мылтық*) [54, 255-256 бб.].

Ат үстінде күн кешкен, елі мен жерінің қамы үшін жорықтарда жүрген батырлар үшін де жұмбақтар тиімді байланыс құралы болған, бұл ретте батырлық жырларындағы, аңыз әңгімелер мен ертегілердегі сұлулардың батырды сынау үшін ойын жұмбақтап ишаратпен білдіруі, қиындыққа ұшыраған сәтте батырға хабарды жұмбақтап жіберуі туралы сюжеттер ел қорғаған ерлердің ақылдылығын, ойлылығын, тапқырлығын көрсетеді.

Ноғай халқының тәлімдік тәжірибесінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде батырлық жырлардың көп кездесетіні байқалады. Мұның өзі ноғайлардың бір кездері қазақ халқымен біртұтастығын, бірге өмір сүргендігін айғақтайды. Ноғай Ордасына қоныстанған тайпалар қазақ халқының қалыптасуының күрделі этникалық үдерістеріне тікелей қатысты.

Ш. Уәлиханов Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туыстығын көрсетеді. Ол қазақтың бірінші ханы Жәнібектің кезінде достық қарым-қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «туысқан екі орда» деп атады. Мұндай қарым-қатынастар кейін де сақталып қалды. Мысалы, жазба деректерде XIV ғ. ортасында Хақназар ханды «қазақтар мен ноғайлардың ханы» деп атаған.

Қазақ-ноғай қатынастарының қарқындылығының өсуі XVIII ғ. басына дәл келеді және жоңғар агрессиясымен байланысты. Жоңғарлардың ауқымды шабуылы 1723 жылы басталды. Шашыраған және аңдаусызда қалған қазақтар жоңғарлардан шегінеді. Кіші жүз қазақтары Ембіге өтіп, Жайыққа қарай жақындайды, ал Орта жүз қазақтары Башқұртстан шекарасына қарай өтеді. Қалмақтардың үлкен

тобын бөліп тастауға себепші болған ноғай әскерлерінің тегеурінді соққысымен түсіндіруге болады.

Қарақалпақ халқының тәлімдік тәжірибесінде түркілік тәрбие берудің негізгі құралдары ұлттық салт-дәстүрлерінде кеңінен орын алады. XIV-XV ғасырларда қарақалпақтар қазақтың бір тайпасы ретінде қатар қоныстанған. Алтын Орда ыдырап, ноғайлардың Еділ-Жайық бойындағы бөлігі ноғай атымен қалғанда, олардың Үргенішке қарай көшкен бөлігін қарақалпақтар деген. Бұл туралы қарақалпақтың классик шайыры Бердақтың «Алты улы» шығармасында:

«Қоңырат, мүйтен, қыпшақ,

Кенегес, маңғыт, ақпышақ,

Бәри алты ру қарақалпақ,

Үргенічті жайлаған екен», – деп сипатталады [55, 49-б.].

Тарихи деректерге сүйенсек, қарақалпақтар көшпенділікпен өмір сүрген, кейін отырықшы халық ретінде қалыптасқан. Түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші, белгілі шығыстанушы, түркітанушы ғалым В.М.Жирмунский: «Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар өзбек, қазақ, түркімен, қарақалпақтар көшпенділікпен өмір сүрген түркілердің ұрпақтары», – деп келтіреді [56, 6-б.].

Кейбір зерттеушілер «қарақалпақ» этнонимін қара бөрік киген қыпшақтар деп атайды. XII ғасырда Арал теңізі өңірінде өмір сүрген тайпалар осылай аталған. Осыған сәйкес, XIII ғасырда монғол шапқыншылығы кезінде Жошы ұлысының құрамында болған. Алтын Орданың ыдырауы кезінде қазақ хандының қол астына өткен. Дегенімен қарақалпақ ұлтының салт-дәстүрлері мен ғұрып-әдеттерінде көшпенділік мәдениеттің белгілерінің болуы қазақ халқымен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Қарақалпақтарда төрт түлік мал мен егіншілік, аңшылық жақсы дамыған. Қазіргі кезде елдің солтүстік бөлігінде

киіз үйде тұратын қарақалпақтар кездеседі. Амудария өзенінің жағалауында тұратын қарақалпақтар балық шаруашылығымен маманданған. Сондықтан болар, қарақалпақтарда мынадай мақал бар: «Үш ай сауыным, үш ай қауыным, үш ай қабағым, үш ай шабағым», - дейді. Демек шаруашылық жағдайына байланысты отбасында тұтынатын тағам өнімдері туралы: «пищу каракалпакского народа составляют растительные и молочные продукты, мясо и рыба. Преобладающую роль в пище каракалпаков играет хлеб, который выпекают в виде лепешок из пшеничной муки «шөрек нан», «қатырма нан» или джугаровой «зағара нан». Пекут их специальных стоящих во дворе печах «тандыр», сходанных у всех среднеазиатских народов. Из зерновых продуктов готовят еще другие кушанья: «машаба» - суп из маша; «кеспас» - лапшу; «қайыс гуртик» – тесто из пшеничной муки, сваренное в масле. Мясными блюдами являются «қуырдақ», «сорпа», «гөш бөрек», рыбные блюда «қарма», «балық сорпа», «балық қуырдақ» и т.д.», - деп мәлімет беріледі [57, с.346-347].

Қарақалпақ халқының тәлімдік тәжірибесіндегі бала тәрбиесіне қатысты тағылымдары өзбек, түркімен, қазақ халқына ұқсас болады. Баланың дүниеге келуіне, қыз бала мен ер баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Бала тәрбиесінде ұлттық мейрамдарда, ораза айт, құрбан айт, наурыз мерекелерінде күрес, көкпар (ылақ), дәуаз (арқанмен жүруші), жастар алты бақаны (әткеншек) ойналады.

Қарақалпақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында, ауыз әдебиеті үлгілерінде отансүйгіштік тәрбие мәселесі кеңінен орын алады. Бұған дәлел «Алпамыс батыр», «Көрұғлы», «Қобыланды батыр», «Қырық қыз» батырлық жырлары, жұмбақтар, мақал-мәтелдер.

Жұмбақлар немесе жұмбақтар. Қарақалпақ халқының тәлімдік тәжірибесіндегі жұмбақтардың дені жеке тұлғаның ой-өрісін кеңейтуге және тез шешім қабылдауға үйретеді.

Жұмбақты қарақалпақ халқының этнопедагогикасында қыз-жігіттер, жасы үлкен адамдар да тәрбие құралы ретінде қолданады. Қарақалпақ этнопедагогикасында отансүйгіштік тәрбие беруге арналған жұмбақтардың маңызы зор. Олардың дені қару-жарақ тақырыбына арналған. Мысалы:

«Бели қайқы,

Жоны тартық.

Силтеп қаласаң,

Бөлип артып» (Қылыш)

және:

«Жылт-жылт етер,

Жалмап кетер» (Мылтықтың оғы) [58, 8-б.].

Нақыл-мақаллар немесе мақал-мәтелдер рухани тәрбие құралдарына жатады, бұл туралы қарақалпақ зерттеушісі Қ.Айымбетов: «Нақыл менен мақаллардың арасында айырма тек бири узын, бири қысқа айтылуында. Екеуі – «нақыл-мақал» болып айтылып, қоса изертленеді», – деп анықтама береді [59, 122-б.].

Біздің ойымызша, зерттеуші Қ.Айымбетов аталған ұғымды толық ашпаған секілді. Мақал сөздері қысқа жинақталған, мазмұнды ойды тура қолдануға арналған сөздер деп айта аламыз, ал нақыл сөздер бағыт беруге арналған ой-пікірді білдіреді деп ойлаймыз. Мысалы:

«Қошқар болар қозының,

Маңлайлары дөң болар.

Адам болар жигиттің,

Етек-жеңі кең болар», – деп ер-азаматтардың ерлікке тән мінез-құлқын сипаттайды.

Жас буынды отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды құралы – қахарманлық эпослар немесе батырлық жырлар. Шынтуайтына келгенде, «Алпамыс батыр», «Едиге», «Қобыланды батыр», «Ер Қосай», «Ер Шора», «Қырық қыз» батырлық жырларының мазмұнындағы деректер қазақ халқының батырлық жырларындағы оқиғалармен сәйкес келеді. Демек, мұның өзінен қарақалпақ халқының қазақ халқына өте жақындығы байқалады. «Алпамыс батыр» жырындағы (Қияс Қайратдиновтың нұсқасы) ерді, батырды құрмет тұту, ерлікті бағалауды:

«Хызмет етсең ерге ет,

Ер жеткерер мақсетке,

Ерге берсең асыңды,

Ер сыйлайды басыңды», – деген жыр жолдарынан байқауға болады [60, 208-б.].

Сонымен қатар, «Қырық қыз» батырлық жырының мазмұнында ерліктің символы ретінде әйелдердің батылдығын бейнелегенде Гүләйім қызды былай сипаттайды:

«Батыр еді жасынан,

Белгили ердің бири еді.

Қарсы келген көп душпан,

Журе алмаған қасынан.

Болса да нашар шырағым,

Кетпеген дәулет басынан».

Жалпы, «Қырық қыз» батырлық жыры Гүләйім батырдың елін шауып кеткен қалмақтың Сұртайша ханнан кегін алып, ел-жұртын құлдықтан босатып, Арыстан батырға қосылып бақытты өмір сүруімен аяқталады.

«Қырық қыз» батырлық жырының жеке тұлғаны ерлікке тәрбиелеудегі негізгі идеясы – қырық қыздың батырлығы, әйел адамдарың сол қоғамдағы әлуметтік орнын айқын көрсету. Сондай-ақ, қырық қыздың ерлігі туралы:

«Ерлерше киім киеді,
Көкпарды алып қашқанның,
Бір бетінен тиеді.

Шыдай алмай жігіттер,
Құр айқайға салады.

Қуып жетіп көкпарды,
Қыздар тартып алады.

Шабандоз деген жігіттер,

Жете алмай әбден талады

Батыр деген жігіттер,

Күштері жетпей қыздарға,

Қас масқара болады», - деп сипаттайды [61, 153-б.].

Демек, қарақалпақ халқының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие негізінде мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, батырлық жырларының т.б. алатын орны ерекше болып табылады. Бұлар жалпытүркілік идеяға бағытталған елін, жерін қорғаумен қатар халықтар достығын нығайтуға бағытталған жеке тұлғаның отансүйгіштік дүниетанымының кеңеюіне әсерін тигізеді.

Қорыта айтқанда, қарақалпақ халқының қазақ халқымен тығыз байланыста болуы тарихи деректерде күні кешеге дейін мемлекет болуымен сипатталады. Соңғы кездері тарих саласындағы зерттеулерде: «Түркі тектес халықтардың бірлігін арман етіп, кезінде олардың тұтастығын көздейтін мемлекет құру идеясын Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин қаласында

Түркістан жастарына арналған сөзінде: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан деп үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – тұтас, айырылмас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір», - деп келтіреді [62, 20-б.].

Башқұрт халқының тәлімдік тәжірибесінде тұлғаға түркілік тәрбие беруде салт-дәстүрлері көшпенділерге жақын халықтардың бірі. Ұлттың негізгі аталуы туралы энциклопедияда: «Башқорт, түркі тілінен тура аудармасы (бас бөрі) деген мағынаны береді», - деп мәлімет беріледі [63, 211-б.].

Башқұрт этнонимінің шығуына байланысты қазіргі уақытта түрлі көзқарастар туындаған. Башқұрт халықтарының аңыздарының бірінде, яғни «Бұхарадан мұсылмандық наным-сенімдерді таратушы миссионерлер шыққан уақытта» түрлі көзқарастар пайда бола бастаған. Олар қайда барса да, кәпірлерге (дінге сенбейтіндерге) кездеседі. Сол жерде оларға қасқыр жолығып, башқұрттардың пұтқа табынған ата-бабалары мекендеген Жайық тауларына апарады. Осыдан башқұрт атауы немесе қасқырдың басы деген атау пайда болады [64, 14-б.].

Деректер бойынша, кейінірек, шұрайлы жер іздеп Бұхарадан шыққан (кейбір деректерде Алтайдан немесе Арал теңізінің жағалауынан шыққан) мифтік қасқырды башқұрттардың жол бастаушысы ретінде санаған аңыздардың басқа да нұсқалары анықталады. Қасқырды кездестіріп, оның көмегімен Жайық жеріндегі туған жерін тапқандығы дәлелденген. Этнонимнің мағынасы «жетекші қасқыр», «көсем қасқыр» мағынасына аударылған [65, 89-б.].

Башқұрттар туралы жасалған мұндай пайымдаулар халық арасында ғана емес, көптеген зерттеушілердің де тұжырымдарында кеңінен таралған. Мұндай ой-пікірлердің арасында кең таралған түрі «корт» сөзі «ара» сөзі түрінде қорытындыланып, ал этноним – «жетекші ара», «араның

аналығы» немесе «жетекші ара өсіруші» мағынасында берілген. Қосымша дәлел түрінде мұндай жағдайда башқұрттардың дәстүрлі түрдегі ара өсіру ісімен айналысатындығы туралы айтылады [66, 194-195 бб.].

Осындай мұрағат деректерінде «Ноғайлар сияқты башқұрттардың башқұрттар деп аталатынын» И.Г.Георги атап көрсетеді. Оның қорытындылауынша өздерінің осы атаулары ара өсіруші («кұрт» – «ара» сөзінен алынған) ал ноғайша – «жетекші қасқыр» деп түсіндіріледі [67, 125-б.].

Башқұрт этнонимі «башка» («бөлек, басқа») және «йорт» («тұрғылықты жер», «тұрақты жердің бастауы», «мекен», «ел»), яғни «жеке ел, жеке мекен», «жеке халық» дегенді білдіреді деп жасалған болжамдар да болған [68, 46-б.].

Соңғы жылдары жаңа болжамдар пайда болды. Этнонимді зерттеушілердің көпшілігі башқұрт этнонимін «биш» + «қорт» – «бес қасқыр», «боз/буз» – «қорт» – «көк қасқыр», «баш» + «қарт» – «жетекші қарт», «ақсақал» деп есептеген [69, 46-б.].

Сонымен қатар, ежелгі түркі халықтары мен Орталық Азияны мекендеген монғолдардың, Орта Азия мен Шығыс Еуропаның көптеген тотемдік мәдениетіндегі генеалогиялық мифологиясында тотем ретінде қасқыр алынған. Түркі-монғол мифологиясында қасқыр барлық түркі және монғол халықтарының арғы атасы мен желеп-жебеушісі деп саналған [70, 47-б.].

Тотем атауы башқұрт халықтарының этимологиясында да кездеседі. Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих хамса» деген еңбегінде башқұрт этнонимінің шығу тегін былайша сипаттайды: парсы тілінен аударғанда қасқыр – «гөріг», ежелгі түркі тілінде «корт-кұрт» қасқыр дегенді білдірсе, ал қазақ тілінде қасқыр деп түсіндіреді. Башқұрт ру-тайпалары осы тотемге жақындығын көрсету үшін өздерінің батылдықтарын қасқырдың өжеттілігімен салыстырып, «баш» – бас сөзін

иемденген, яғни этнос атауының өзі «баш» – бас, «курт» – қасқыр деген екі сөзден шыққандығын көрсетеді [71, 47-б.].

Ал лингвистикалық тұрғыдан: «Башқұрт тілі – башқұрт халқының ресми сөйлеу тілі. Түркі тілінің қыпшақ тобына жатады. Көбіне қазақ тіліне өте жақын болып келеді», - деп сипаттама беріледі [72, 218-б.]. Соның ішінде олар түрік тобына кіретін алтайлық жалпы тілге жатады. Екі халықтың тілі батыс хундық бұтақтарға, башқұрт тілі – қыпшақ-бұлғар тіліне, қазақ тілі – қыпшақ тілінің қыпшақ-ноғай тобына жатады. Сонымен қатар қазақтар мен башқұрттар конфессионалдық бір жүйеге (ислам) жатады. Бір ғана қыпшақ элементі екі халықтың да құрылуына тән. Бұл халықтардың арасындағы айырмашылық, башқұрт халқының қалыптасуында түркі тілімен қатар фин-угор тайпалары да белсенділік көрсетті. Оңтүстік, әсіресе шығыс башқұрттары ұзақ уақыт бойы қазақтармен этникалық байланыс жасау арқылы салт-дәстүрді сақтап отырған. Тұтасымен алғанда қазақ халқының башқұрттардың арасына енуі XVIII ғ. бойы жалғасып, XIX ғ. ортасында ғана тоқтатылған. Башқұрт халықтарының ру-тайпалық құрылымында қазақ жүздерімен аттас рулар: табын, тама, тілеу, таз, тана, керейт, жағалбайлы, маскар, қаңлы, дулат, үйсін және т.б. кездесе, ал қазақтар арасында башқұрт-естектер кездеседі. Экологиялық факторлардың ықпалынан туындаған өмір сүру образы мен тұрмыстық-шаруашылық қатынастарындағы ұқсастықтар географиялық аймақта өмір сүрген қазақтар мен башқұрттардың мәдени-шаруашылық әрекеттерінде байқалып отырады. Сол уақытта шаруашылық-мәдени типтерінің қалыптасуына әсер еткен тек экологиялық фактор ғана емес, тарихтың дамуымен қатар кәсіпорындардың еңбек ету тәсілі мен халықтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі де өзгеріп отырды. Дегенмен қарастырылып отырған кезеңде (XVIII ғ. I жартысында) көшпелі мал шаруашылығы екі халыққа да бірдей шаруашылықтың негізгі түрі болып есептелді. Қазіргі кезде

Башқұртстан – Ресей Федерациясының құрамындағы Автономиялық Республика. Сондай-ақ башқұрт ұлтының өкілдері Ресей Федерациясының Қорған, Орынбор, Пермь, Саратов, Екатеринбург т.б. қалаларында қоныстанған. Тілі мен мәдениеті, қоршаған ортасы татарларға ұқсағанымен, салт-дәстүрлері, тұрмысы жағынан қазақ ұлтына жақын. Башқұрт-қазақ халқының тарихи жақындығы туралы тарихи деректерде: «XVI-XVII быуаттарза башкорт-казак бәйләнштәре катмарлы төс ала. Бер яктан, ике халықтың хезмәтсән катламы, канкәрзәшлеккә таянып, уз-ара татулыкка, дуслыкка ынтыла. Үзенең рухи байлығын булешеп-уртаклашып йәшәй. Башкорт һәм казак халықтарының ауыз-тел әдебиетенде шул нигедә барлыкка килгән уртақ дәстәнлер («Алпамша», «Кузейкурпәс менән Маянһылу», «Тарғын менән Кужак» һ.б.) – шуга асык мисалдар», - деп екі ел арасындағы фольклорлық байланыстардың орны ерекше екені көрсетіледі [73, 31-б.].

Мысалы, башқұрттар теріден, қайыстан жасалған бұйымдарды пайдаланады, киіз басып, ер-тұрман жасайды. Ал кәсібі мен ұлттық тағамдарына келетін болсақ, негізгі кәсібі төрт түлік мал бағу, аңшылық, саятшылық, сонымен қатар татар ұлтының ықпалынан болу керек егіншілікке де маманданған. Ал айран, құрт, ірімшік, қымыз, ет, салма, чурпаря т.б. тағам түрлері қазақ халқына ұқсас. Ұлттық киім үлгісінде: әйелдер «кюлдек» деп аталатын ұзын кең етекте қынама көйлек, зерлі камзол, әсем тақия кисе, ерлер шалбар, көйлек, бағалы аң терісінен тігілген ішік, бөрік, тымақ киеді. Ұлттық мерекелері ретінде наурыз, сабантой, құрбан айт, ораза айт т.б. тойланады. Баланың дүниеге келуі мен оның тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлерге сай ұрпақ жалғастыру мақсатында бәле-жаладан қорғауға қатысты ырымдар мен тиымдар сақталып отырған. Сұқтанған көз бен жын-шайтандардан сақтандыру үшін ата-бабалардың әруақтарының киесін «бойына жинаған» «зұлым күштерден қорғайтын» жүн, бүркіт пен үкінің тырнақтары түріндегі

бойтұмарлар кең таралған. Соның ішінде бойтұмарлар балалардың киімінде және бала тілеген, баласы жоқ әйелдердің киімінде жиі кездескен. Қазақтар мен башқұрттардағы ислам дініне дейінгі діни ұғымдар бойынша жын-шайтандар, дүниеден өткен адамның жаны мен рухы (қазақтарда – обыр, башқұрттарда – убыр) жүкті әйелдерге, әсіресе дүниеге келген алғашқы 40 күн ішінде жаңа туған нәрестелер мен сәбилерге жағымсыз әсер ететіндігі анықталған. Жын-шайтандарды аулақтату үшін үйді отпен аластау рәсімдері жасалған. Қазақ және башқұрт халықтарында сақталған салт-дәстүрлердің ұқсастықтарын дүниеден өткендердің рухына сиыну мен белгілі бір себептерге байланысты олардың мәйіттеріне түнеуден көруге болады. Қазақтар мен башқұрттардың салтында дүниеден өткен адамның, әсіресе ол ұзақ ғұмыр кешкен ақсақал немесе ұрпағының жапырағы жайылған қарт адам болса, оның қазасына жиналған адамдарға ырымдап киімдерін тарату сияқты рәсімдер жасалып отырған. Сонымен қатар дүниеден өткен адамды жерлеу рәсіміндегі ұқсастықтар да осы екі халықта кездеседі. Күнді қайтқан адамға жол сілтеуші ретінде қабылдағанымен, дүниеден өткен адамды күн батпай тұрып жерлеген. Күн батқаннан кейін жерленсе, адамның жаны тұңғиықта қалып, жол көрсетушісіз адасып кетуі мүмкін деп болжаған. Әулиелердің басына түнеу, оларға құран бағыштаудың әдетке айналуды мәйіттерді дүниеден өткендердің тұрақты мекені ретінде қабылдаудан туындаған. Дүниеден өткен адамның жаны мен рухына сиында әдетке айналған салттың бірі, яғни қазақтардағы өлген адамның 3, 7, 40, 100 күндігі және бір жылдығына арнап бес рет ас беру. Башқұрттарда садақа 3, 7, 40 күнде беріледі.

Біртұтас этникалық (түркілік) шығу тегі мен тікелей территориялық шекараластық екі халықтың да мәдениеті мен әдебиетінің дамуына әсер етті. Фольклордағы, соның ішінде ертегілердегі, тарихи өлеңдердегі, батырлық эпостық

жырларындағы кейіпкерлерді қазақ халқында да, башқұрт халқында да кездестіруге болады.

Башқұрт халқының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие беру құралдарының бірі *мақал-мәтелдер* болып табылады. Башқұрт халқының мақал-мәтелдерін зерттей келе, олардың мазмұнында халықтың ойлау мәдениетіне, рухани санасына, діліне сәйкес талап-тілектерінің бейнеленетінін байқадық. Солардың қатарында тұжырымды сөз мәйегінің туған жері мен елін қорғау, ерлік, қаһармандық тақырыбындағы мақал-мәтелдер башқұрт халқының ой-тілегін, арман-мүддесін, отансүйгіштік сезімін бейнелейді. Туған жердің қадір-қасиетін, оның байлығын жоғары бағалап, ардақтаған халық оларды қорғау әрбір азаматтың міндеті деп санаған, соның көрінісі «Батыр өзі үшін туады, халқы үшін өледі», «Батыр жауды құдым дейді, қорқақ неге тудым дейді», «Атыңды ер танысаң, ерлік қыл», «Батыр алдында арыстан да қоян» т.б. ғибратты мақал-мәтелдерінде орын алады [74, 158-б.; 75, 211-б.].

Яғни мақал-мәтелдерде ел қорғап, ерлік жасаған батыр бейнесін насихаттауға кең көңіл бөлінеді. Қаһармандық жасау тек Отанын, ел-жұртын сүйген адамдардың ғана қолынан келетінін, олардың қандай қиыншылықтар кездесе де үрейленбей, мұңаймай ажалға қарсы шабатынын деп сипаттауға, батырдың күшін оның ақылы мен айласында деп көрсетуге, халық қамы үшін қажымай күрескен, елін сүйіп батыр атанған адамдардың мінезіндегі жақсы қасиеттер де кеңінен суреттеледі.

Башқұрт халқының бала тәрбиесінде кеңінен қолданылатын тәрбие құралдарының бірі – *жұмбақ айту*. Жұмбақтар белгілі бір мазмұнға құрылады, олардың тағылымдық, тәрбиелік мәні зор болып келеді. Жұмбақтар қандай да бір затты немесе құбылысты басқаша поэтикалық тілмен жеткізуге құрылған фольклордың бір жанры. Башқұрт ауыз әдебиетінде батырлардың ерлігі, олардың пайдаланатын қарулары туралы жұмбақтар кездеседі. Мысалы:

«Сілтенер де сілтенер,
Тиген жері өртенер» (*Қамшы*).

Сондай-ақ:

«Жұтқаны темір,
Түкіргені от» (*Зеңбірек*) деп сипаттайды [76, 18-б.].

Башқұрт халқының мақал-мәтелдері мен жұмбақтары әдептілік нормаларының қалыпты дамуына ықпал етеді. Сонымен бірге туған жерін, Отанын сүйеге, туыс-бауырларын құрметтеуге, жақсы мен жаманды, қас пен досты айыра білуге баулиды, халықтың жасампаздығы мен оның даналығынан хабардар етеді.

Башқұрт халқының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – *ертегілер*, олардың қатарында «Ақайдар батыр», «Жолдыбай аңшы», «Ел батыр», «Сарбай» т.б. шығармаларды айтуға болады. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанына, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген.

Башқұрт халқында отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыруда өзіндік шыншылдығы мен әлеуметтік мәні жағынан қарағанда ертегілер көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Оның маңызды ерекшелігі мынада: ертегілерде жекелеген құбылыстар фантастикалық бейнелермен әсірелеп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың мазмұны объективті болмыстың көрінісі болып табылады. Ертегілердің көркем эпостың басқа жанрларынан ерекшелігі – ертегіні қалай түрлендіріп айтса, тыңдаушы сол күйінде қабылдап, айтушының шеберлігіне тәнті болады. Ертегінің балалар тәрбиесіндегі маңызды ролі оның тыңдаушының қиялын шарықтатып, ойын оздырып, арман-

мұратын биіктетіп, жақсының, әділдіктің жеңісіне тәнті болып, әділетсіздіктің жеңілісіне куә болуы арқылы жақсылық пен жамандықты айыруға үйренуінде болып табылады.

Башқұрттардың батырлық ертегілері батырлардың дүниеге келуімен және олардың ерекше сипатты жаратылысын суреттеумен басталады. Ертегілерде батырлардың түр-тұлғасын «жауырыны қақпақтай, бұлшық еті бүлкілдеп, алысқанды алып ұрар» т.б. сипаттамалар арқылы суреттеулер көптеп кездеседі. Мысалы, «Ақайдар батыр» ертегісінде: «Ол халқын, елін аңкүспен асырап отырған халық батыры. Бір күні әке-шешесі қайтыс болып, өзі ата-анасын арулап, жерлеп болған соң, сапарға шығады. Жол барысында тау батыр, Орман батырлармен достасады. Ғайыптан жер асты патшалығына түсіп, ерлік көрсетіп халықты жаулардан азат етеді. Өзінің бар байлығын халқына үлестіріп, мұрат-мақсатына жетеді. Ақайдар батыр «күн сайын емес, сағат сайын өсіпті. Өте күшті, сымбатты батыр болады. Алысқанды алып ұрып, жүзктің көзінен атқан мерген» болыпты [77, 20-б.]. Демек батырдың тұлғасы әп-сәтте көз алдымызда қалыптасып, оқиға бірден оның елін, жұртын қорғап, ерлік жасағандығын баяндауға ұласады. Сондықтан мұндай сипаттау ертегіге тән қасиет деп ұққанымыз жөн. Себебі халықтың арман-тілегі бойынша осындай батырлар елін, Отанын қорғайтынын ұғынуға болады.

Сондай-ақ халық ауыз әдебиетіндегі жақсы айтылған ертегінің жасөспірімдер ғана емес, ересектердің де ой-өрісі мен дүниетанымының кеңеюіне тигізетін әсері мол. Мұндай ертегілерді оқушылар бос уақытында оқи отырып, халықтың қиялға құрылған өмірінен сабақ алады. Оқушылардың мектеп сахнасында өздері оқыған ертегілерді қойылым ретінде көрерменге көрсетуіне мүмкіндіктері бар.

Башқұрт фольклорының келесі бір маңызды, көлемді түрі – *батырлық жырлары*. Бұл шығармаларды башқұрт халқының осы кезге дейін ұлт болып қалыптасуының отансүйгіштік

негіздегі тарихнамасы деп айтуға болады. Башқұрттардың эпостық жырларының мазмұнына еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, әйел затына, үлкен ақсақалдарға құрметпен қарау, адамгершілік, имандылық, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік т.б. тақырыптар арқау болады. «Урал батыр», «Қамбар батыр», «Ақбузат», «Кара юрга», «Салауат батыр», «Каражал батыр» жырларындағы басты идея – халықтық ізгілік пен отаншылдық қасиет болып табылады. Батырлардың ерлігін көрсетудегі белгілері – басқыншыларға, дұшпандарға, билеуші-қанаушыларға қарсылық көрсетуі, мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттер – жан дүниесінің тазалығы, турашылдығы, теңдесі жоқ ерлігі, халыққа шексіз берілгендігі, Отаны үшін өзін құрбан етуге дайын тұратындығы ашып көрсетіледі. «Урал батыр» эпосында тылсым күштермен күресіп, халқын, елін қорғайды, мұны:

«Ил батыры – батырдән,

Батыр ирдан, туыр ул,

Ататанаң күреп, ук юның,

Өлкәндән күреп, яу кыуып,

Ил әсенде усер ул...», - деген үзінділерден көруге болады [78, 27-б.].

Демек, «Урал батыр» жырының мазмұнындағы ерлік іс-әрекеттердің негізі ел бірлігін сақтау, жаудың шапқыншылығына, зорлық-зомбылығына жол бермеу идеясынан туындайды, сондықтан батырлардың нақты іс-әрекеттері сипатталады. Ондай мақсатқа жету үшін әрі батыр, әрі ақылды ер керек.

Батырлардың қайратын, парасатын асқақтата жырлау, жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, оларды ерте есейген, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу жырларда қалыптасқан желі болып табылады. Мысалы:

«Яуызға юлдаш булмаңыз,

Кәңәшһез еш қылмаңыз.

Уландарым, һезге әйтәм», - деп келтіреді [79, 122-б.].

Ел үшін ерлік көрсеткен батырларды ардақтап жырға қосып отырған халық «Салауат батыр» эпосында қас батырдың бейнесін:

«Салауат батыр ир ине,

Менген аты кир ине,

Дошман менән алышканда,

Ил эсенде бер ине;

Халкы өсөн көн ине,

Дошман өсөн төн ине», - деп бейнелейді.

Халық ауыз әдебиетінің негізін құрайтын батырлық жырлары жеке тұлғаның рухани ой-өрісінің дамуымен қатар, отансүйгіштік сезімінің оянуына әсер етеді.

Яғни башқұрт халқында отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыруда эпостық жырлардағы кейіпкерлердің өз Отанын, елін қорғаудағы ерлік дәстүрлері, туған-туыс, бауырларын, сүйген жарын құрмет тұтуының барлығы да жеке тұлғаның ізгілік тәрбиесінің рухани дамуына жетелейді.

Қазақ халқының тәлімдік тәжірибесінде жастарға «сегіз қырлы, бір сырлы» тәрбие берудегі негізгі тәрбие құралдарына ауыз әдебиетінің үлгілері жатады. Оның негізін *мақал-мәтелдер* құрайды. Шын мәніне келгенде: «Мақал-мәтелдер – тура мағынасына орай астарлы ой бере алатын ықшамды нақыл сөз» [80, 222-б]. Мақал-мәтелдер образды халық сөзі болып табылады. Мақал – халық тәжірибесінің қысқартылған афоризмдік көрінісі, мәтел – қандай да бір өмір құбылысына баға беретін бейнелі сөз болып табылады.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттей келе, халқымыздың мінез-құлық, адамгершілік нормаларына, ойлау мәдениетіне, өнерге, туған жерін қадірлеуге, отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, т.б. қойылған талаптарын да тұжырымдауға болады. Мысалы, адамгершілік пен мінез-құлыққа байланысты «Жаны сұлудың – тәні сұлу», «Түсі игіден түңілме», сөйлеу мәдениетіне байланысты «Сөздің көркі – мақал», «Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды» деген мақал-мәтелдер айтылар ой-пікірдің әрі қысқа, әрі нұсқа болуын, мақал адамның тіл байлығын, сөздік қорын, ақылын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін байқататынын ескертеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Ер бір сөзді» деген халық даналығы жасөспірімдерді сөз мәдениетін меңгеруге, уәдесіне берік болуға, зерделі сөйлеуге шақырады.

Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы туындаған халық мақал-мәтелдері негізінен халықтың ой-тілегі, арман-мүддесі, отансүйгіштік сезімі қандай екенін байқатып отырады. Мақал-мәтелдегі туған жердің қасиетін, оның байлығын жоғары бағалап, ардақтаған халық оларды қорғау әрбір азаматтың міндеті деп санаған. Егер туған жерге ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану ер жігіттің азаматтық борышы деп бағалаған. Туған жердің қадір-қасиеті туралы балаға әңгімелемей-ақ, «Туған жер – алтын бесік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Отан от басынан басталады» т.б. деп, Отан-Ананың адам өмірінде алатын орнын, маңызын бір-екі ауыз сөзбен жеткізген [81, 5-б.].

Сондай-ақ «Ер еліне, гүл жеріне» немесе «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды» деген мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағынаны ұғындырады [82, 102-103 бб.]. Сонымен қатар мақал-мәтелдерде ел қорғап, жауды талқандап, ерлік жасаған немесе қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған ер, батыр бейнесінен мағлұмат беруге кең көңіл бөледі.

Бұл туралы «Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра», «Ер жолдасы – тәуекел» т.б. мақалдарды атап өтуге болады.

Қаһармандық жасау тек Отанын, ел-жұртын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді. Олар қандай қиыншылықтар кездесе де үрейленбей, мұнаймай ажалға қарсы шабады деп сипаттайды. Батырдың күшін оның ақылы мен айласында деп сипаттайды. Мұнымен қатар халық ісі үшін қажымай күресіп ерлік жасаған, ел сүйіп батыр атанған адамдардың мінезіндегі жақсы қасиеттер де мақал-мәтелдерден орын алған. Яғни турашылдық, әділдік, айтқан сөзден қайтпаушылық, достыққа адал болу, қарапайымдылық т.б. қасиеттер екендігін аңғартады. Бұл қасиеттер «Ердің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны» немесе «Жау төнгенде батыр бол, дау төнгенде ақыл бол» деген ғибрат сөздермен дәлелденеді.

Сондай-ақ батырлардың ерлігіне сай қырағылық, сақтық жайлы да мақал-мәтелдердің орнын ерекше айтуға болады. Мысалы, «Сақтықта қорлық жоқ», «Ежелгі жауда елдік жоқ» деген нақыл сөздер батырлардың қаһармандық сипатын нақтылай түседі [83, 29-30 бб.].

Ер баланың өнерлі болып жетілуіне халқымыз көптеген жағдайлар жасаған. Өнерлі адамды қадірлеп, қастерлеген. Сондықтан болар «Өнерлі бала сүйкімді», «Өнерліге өріс кең», «Бес саусағынан бал тамған өнерлі жігіт», «Жігітке өлең де – өнер, кәсіп те – өнер», «Жігіт адамға жетпіс өнер де аз», «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар», «Өнер – ердің қанаты» деп санаған. Өнерлі жігіттердің өсуі ел мақтанышы екенін айтуымыз орынды.

Ал, керісінше еңбектен бойын аулақ салатын, өнерден құр алақан, жатып ішер жалқау, қолынан іс келмейтін олақ жандарға халық мүсіркей қарап, «Жалқауға жылқы бермей, ұйқы берген, жаманға ақыл бермей, күлкі берген», «Сылбырдың сылтауы таусылмайды», «Алтынды еріте білген – жігіттер, теріні илей

білмеген – мігіттер» т.б. дей отырып, жалқаулықтан арылуға, адал, жемісті еңбек етуге шақырады.

Қазақ этнопедагогикасының басты мәселелері бала, отбасы тәрбиесіне негізделген. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Әке – бәйтерек, бала – жапырақ», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» т.б. мақал-мәтелдер арқылы отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ана ролінің маңызына зор көңіл бөлінгенін байқаймыз. Бұдан отбасында ата-аналардың, үлкендердің балалар мен жастарға үлгі көрсетуде қойылар отансүйгіштік тәрбиенің талап деңгейі әрдайым жан-жақты, биік болғанын байқаймыз.

Қазақ мақал-мәтелдеріне жоғарыда келтірген мазмұнды шолуымыз отансүйгіштік тәрбиеге үлкен мән беретін ұлтымыздың даналығын аңғартады.

Мақал-мәтелдер бойынша халық ойындағы, тәрбиесіндегі батырлар бейнесін сипаттасақ, мынадай көрініске куә боламыз:

1. Тәуекелге бел буу, шешім қабылдау;
2. Жауға шапқанда батырлық көрсету;
3. Бір сөзділік, уәдесіне берік болу;
4. Сақтық, қырағылық;
5. Өнерлілік;
6. Сөзден іске көшу.

Қазақ тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік тәрбие құралдарының бірі – *жұмбақ айту*. Жұмбақтар белгілі бір мазмұнға құрылады, олардың дүниетанымдық, тәрбиелік мәні жоғары болып келеді. Жұмбақтар қандай да бір затты немесе құбылысты басқаша поэтикалық тілмен жеткізуге құрылған фольклордың бір жанры. Құрылымы жағынан жұмбақтар қара сөз, өлең және айтыс түрінде де кездеседі. Қазақ әдебиетінде

батырдың бес қаруын сипаттауға арналған жұмбақтар кездеседі.
Мысалы:

«Ұшы үшкір, сабы бар,
Екі жүзі қайраулы.
Бауы менен қабы бар,
Белде жүрер байлаулы» (*Қанжар*).

Сондай-ақ:
«Сүмбелі теректі,
Қызыл желекті,
Ерден қалмайды,
Жауда керекті» (*Найза*)

немесе
«Сырты ағашпен қабатталған,
Ілініп бір бөлшегі салақтаған,
Асылды ішіндегі алсаң тартып,

Тіліндей оқ жыланның жалақтаған» (*Қылыш*) [84, 78-83 бб.;
85, 83-б.].

Қазақ халқында жұмбақтар ой-өрістің, танымның да маңызды элементтерінен құралады. Академик М.О.Әуезов: «Кейде бүкіл бір ертегі жұмбақтан тұрады. Өңгіме, әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған», - деп келтіреді [86, 121-б.]. Бұл пікірдің ақиқаттығы соншалық, ерте заманда жар таңдаған қыздар жігіттің ақыл-ойын, өнерін, қайсарлығын, адамгершілік қасиеттерін байқау үшін, оларға өз ойын жұмбақ түрінде айтатын болған. Мысалы, «Аяз би» ертегісінде Жаманды шынын айтпағаны үшін дарға аспақшы болады. Бірақ жендеттер дарға аса бергенде, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне ақ перде жапқан кісі келіп, қылышты

көкірегіне көлденең тастап жүре береді. Жаман есіне келіп, жендеттерге мені ханға алып барыңдар дейді. Жаман: «Тақсыр, манағы айтпаған себебім мынау еді. Мен барып Уалыбай қызына сырттан хабарласқанда, ол маған шыны табақ, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Бұл жұмбақтың шешуі: «Қайрақтай болып қақ бөлінгенше, табақтай болып уатылғанша, пышаққа түсіп басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі – мынау гауһар тастай жарып мені алады», - деген еді. Мен солай істеуге уәдемді берген едім. Сондықтан сізге шынымды айтпадым. Қыз мені аяп, өзі ақ боз атқа мініп келіп, дардың шетін қиып, көкірегіме қылыш тастап кетті. Ол жұмбақтың шешуі: «Мен үшін күнәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмеуші еді, антыңды қайтып ал», - дегені еді. Өзі рұқсат берген соң ағымнан жарылып отырмын», - деп Жаман сөзін аяқтайды [87, 16-б.]. Қазақ халық ертегілеріндегі ел билеген патшалар мен хандардың қыздарының жар таңдаудағы талап-тілектері осыған сәйкес келеді.

Жұмбақтар әрқилы жағдайларға ұшырап, қауіп-қатерге басын тігіп жүретін батырлардың өмірінде үлкен роль ойнады. Себебі батырлар сөзбен, ишаратпен жұмбақтау арқылы сүйгенінен, жақын туыстарынан, достарынан хабар алып тұратын болған. Бұл батырлардың ақылдылығын, ойлылығын, тапқырлығын көрсетеді. Қазақ халқы табиғат көріністерін, құбылыстарын да жұмбақ түрінде бейнелеп көрсететін болған. Жұмбақтау арқылы зат пен құбылыстың атауын баланың ойына сіңіру оның есте сақтау қабілетін, зеректігін, ойлау қабілетін дамытады. Халқымыздың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары жасөспірімдердің әдептілік нормаларының қалыпты дамуына ықпал етеді. Сонымен бірге туған жерін, Отанын сүюге, туыс-бауырларын құрметтеуге, жақсы мен жаманды, қас пен досты айыра білуге баулиды, халықтың жасампаздығы мен оның даналығынан хабардар етеді.

Қазақ халқының отансүйгіштік тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – *ертегі*. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанына, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т.Барласұлы ертегінің адам баласына беретін тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі – рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», – деп анықтама береді [88].

Отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыруда өзіндік шыншылдығы мен әлеуметтік мәні жағынан қарағанда ертегілер көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Оның маңызды ерекшелігі мынада: ертегілерде жекелеген құбылыстар фантастикалық бейнелермен әсірелеп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың мазмұны объективті болмыстың көрінісі болып табылады.

Жеке тұлғаның ерлікті сүйіп, оған қызыға білуі олардың өмірді ерте тануына көмектеседі. Ертегілерде суреттелген туған жер байлығы, табиғат сұлулығы, ертедегі батырлардың оған деген көзқарасы, олардың халық бақыты үшін күресі, киген киімі, пайдаланған қару-жарағы, сауыт-сайманы, мінген аты балалардың ата-баба өмірін танып-білуінің құралы болып табылады. Орыс педагогы А.В.Сухомлинский: «Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы, оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып біледі», – деп орынды айтқан [89, 12-б.]. Демек ертегінің қай түрін алсақ та, онда халықтың отансүйгіштік, елін, жерін сүйуге, отбасының, бауырларының амандығын ойлаған арман-тілектеріне негізделген отансүйгіштік сезімі жатыр.

Ертегілердің көркем эпостың басқа жанларынан ерекшелігі – ертегіні қалай түрлендіріп айтса, тыңдаушы сол күйінде қабылдап, айтушының шеберлігіне тәнті болады. Ертегінің жасөспірімдер тәрбиесіндегі маңызды ролі оның тыңдаушының қиялын шарықтатып, ойын оздырып, арман-мұратын биіктетіп, жақсының, әділдіктің жеңісіне тәнті болып, әділетсіздіктің жеңілісіне куә болуы арқылы жақсылық пен жамандықты айыруға үйренуінде болып табылады.

Сонымен қатар ертегіні мәнерлеп, нақышына келтіріп айту, өз орнымен жеткізе білудің мәні жоғары. Бұл ертектің жеке басының шеберлігіне, тіл мәдениетіне, сөз өнеріне, тыңдаушының сезіміне эмоционалдық тұрғыда әсер ете білуіне байланысты. «Ертекті батырлықты, қаһармандықты сүйетін болса, ертегінің ішінде соғыс, майдан, ер сыны, ерлік сыны, сипаты көбірек көрсетіледі. Ертекті ойшыл, ақылгөй, дана кісі болса, оның ертегісінде басты кейіпкердің аузында адамгершілік, жақсылық, жамандық туралы неше алуан терең ойлар, шешендік нақылдар, үлгі-өсиеттер жүреді» [90, 8-б.]. Ертекті өнер адамы болса, ертегіде табиғаттың әсем көрінісі, музыкалық аспаптар, ән-күй, өнер туралы басымырақ сөз қозғалады. Осының бәрі ертектің жеке басының бала тәрбиесіне қосатын үлесінің зор екендігін көрсетеді.

Ертектің тағы бір ерекшелігі – ертегінің мазмұнын домбыра, қобыз, сыбызғы секілді музыкалық аспаптармен немесе ән-күйлермен өзі сүйемелдеп отырады. Мұны естігендердің эмоционалдық тұрғыдан жылдам қабылдауына әсер етеді, сезіміне, түйсігіне ықпал жасайды, сөйтіп ертегіде бейнеленген образдар оның жүрегі мен зердесінде мәңгі сақталып қалады.

Негізінен ертегілер жеке тұлғаның ой-өрісін жетілдіріп, оларды Отанын сүйуге, халқын қорғауға және өнерді игеруге, ел қорғаны болуға уағыздайды. Мұны ертегілердің қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты өзгерістерінен байқауға

болады. Өте ертедегі архаикалық ертегілерде көбіне батырлар мерген немесе аңшы бейнесінде кездеседі. Мысалы, «Құламерген», «Аламан мен Жоламан», «Ағайынды екі жігіт», «Шора батыр», «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік» т.б. ертегілерде батырдың ерлігі елін, жұртын аң аулаумен асырауынан және жын-перілермен күресінен көрінеді.

Ал классикалық батырлар ертегісінде батыр тылсым күштермен емес, елді, халықты жаулаған дұшпандармен күреседі. Оның астарында ел, жер үшін күрес, кек алу жатыр. Ертегінің негізгі құрылымдарында туған-туысқанға көмек беру, шынайы ғашықтық, өзінің айнымас серігі тұлпарды бейнелеу байқалады. Мысалы, «Әлібек батыр», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Нарық батыр», «Ер Көкше және Орақ», «Қамбар батыр» т.б. ертегілерде көбіне ерлік көрсету, қаһармандық рух жоғары тұрады.

Қазақтың батырлық ертегілері батырлардың дүниеге келуімен және олардың ерекше сипатты жаратылысын суреттеумен басталады. Ертегілерде батырлардың түр-тұлғасын «жауырыны қақпақтай, бұлшық еті бүлкілдеп, алысқанды алып ұрар» т.б. сипаттамалар арқылы суреттеулер көптеп кездеседі. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде: «Ол өзгеше бала болып өседі. Бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат темірден өткізеді», - дейді [91, 5-б.].

Ал «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебайдың сипаты мен ерлігін былай береді: «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты, сондай күшті болыпты, алысқанды алып ұра беріпті, күрескенді жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атанды жалғыз тартып шығара беріпті».

«Әлібек батыр» ертегісінде: «Әлібек батыр туғанда алты қарыс селебесімен туылады, ай сайын емес, күн сайын өседі», - деп айтылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «селебе» сөзіне: «Ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ», - деп түсінік беріледі [92, 258-б.].

Сондай-ақ «Қазанбай батыр» ертегісінде оның бейнесі: «Өзінде алпыс ердің айбаты, алпыс ердің қайраты бар, дұшпанына кекшіл, бағынған дұшпанына кешірімшіл», - деп суреттелсе, ал оның жеке басының қасиеттері былайша сипатталады: «Қазанбайдың ұрыс кезіндегі тағы бір айласы арқанды ілмектеп, қашып бара жатқан жаудың мойнына лақтырып дәл түсіру және қанша жау болса да сескенбестен қарсы бару. Ол көп, аз демейді. Өзіне жұмсалған жаудың қаруын бойына дарытпай, екі жігіт әзер көтеріп жүретін найзасын кәдімгі қамшыдай үйіре сілтеп, көзіне көрінгенді шаншып, түйреп тастап отырады. Және бір ерекшелігі жауға оңтайлы күні ғана аттанады. Шабуылға ертеңгі Шолпан жұлдызы туған мезгілде шыққанды қалайды» [93, 308-309 бб.]. Демек батырдың тұлғасы әп-сәтте көз алдымызда қалыптасып, оқиға бірден оның елін, жұртын қорғап, ерлік жасағандығын баяндауға ұласады. Сондықтан мұндай сипаттау ертегіге тән қасиет деп ұққанымыз жөн. Себебі халықтың арман-тілегі бойынша осындай батырлар елді, Отанды қорғайтынын ұғынуға болады.

Содан кейін ертегілерде батырдың қаһармандық, ерлік қасиеттерін көрсету үшін нақты оқиғаға құрылған сюжетке орын беріледі. Осы кезде ертегі батырларының сан қилы ерліктері айқын суреттеледі. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде Ер Төстік жұт болғанда жоғалып кеткен ағаларын іздеп табу үшін жер астына түсіп, Шойынқұлақпен жекпе-жекке шығып, жыландар патшалығына барып, жолда айнымас достары – Көлтауысар, Таусоғар, т.б. жер асты өнерпаздарының көмегімен кездескен қиыншылықтарды жеңіп отырады. Сонымен қатар Темір хан елінде өз мергендігін көрсетеді, Айдаһармен алысады, пері

Шойынқұлақты жеңеді. Бұдан біздің түсінетініміз, ертегіде Төстіктің асқан ерлігімен қатар бауырмалдығы, достыққа берік болуы, мақсатына жетудегі қиыншылықтарға төзімділігі әсірелеп беріледі. Және де қазақ халқының өнердің қай түрін болмасын жоғары бағалағанын, оларды қадірлей білуге ұл-қыздарын жастайынан үйреткендерін байқауға болады.

Ал Керкұла атты Кендебай аң аулап әкесіне жәрдем беріпті, құралайды көзіне атқан мерген болыпты. Жеті басты дәуді, азулы арыстанды жеңіп, мыстан кемпірді өлтіріп, алтын құйрықты, күміс жалды сегіз құлынды алып келеді, қалмақтарға қолға түскен Мергенбай батырды босатып шығарады. «Өнер мұратқа жеткізеді» демекші, ертегі кейіпкерлері шығарма соңында мақсат-мұратына жетеді. Осы мұрат-мақсатқа жетудің өзі тыңдаушының психологиялық әсерленуіне ықпал етіп, қызығушылығын тудырады.

Ертегілердегі батырдың сипатын былай беруге болады:

- батырдың ерекше сипатты жаратылысы (дүниеге келуі, физиологиялық өсуі, ерекше тұлғалы болуы);

- көзсіз ерліктері (мергендік, алып күш иелерімен кездесуі, ерекше оқиғаларға тап болуы);

- туғандары мен туысқандарына, бауырларына, ауылдастарына мейірімді, қайырымды болуы, халық қамын ойлауы;

- ертегіде батырдың айнымас серігі – тұлпарының ерекше сипатты болуы (сөйлеуі, бапталуы, иесін кедергілерден алып шығуы).

Батырлық ертегілердің келесі бір тобын *қаһармандық дастандар* құрайды. Негізінен бұл шығармаларда өмірде, тарихта болған, батырлығымен елге танылған батырлардың ерлігі әсірелеу жағдайында жыр күйінде сипатталады. Мысалы, «Мұңлық – Зарлық», «Құбығұл», «Қасым – Жомарт»,

«Патшаның ұлы Әбдімәлік», «Жүсіп – Зылиха», «Атымтай Жомарт», т.б. жырларды атап өтуге болады. Әдетте дастандарды жыраулар мен жыршылар орындаған. Мұндай дастандар төмендегіше бөлінеді:

- Ғашықтық дастандар;
- Хикаялық дастандар;
- Тұрмыс-салт дастандары;
- Қаһармандық дастандар.

Біздің негізгі бағытымыз қаһармандық дастандарға арналады. Мұнда кейіпкердің батырлығы психологиялық тұрғыдан сипатталады: «Әділдік, адамгершілік, шындық, зеректік, ақылдылық, адалдық, тапқырлық жеңеді», - деп айтылады [94, 14-б.].

Мысалы, «Жүсіп – Зылиха» дастанында Жүсіптің он қасиеті бар: «Әуелі – орта бойлы, гауһар көзді; екінші – өзі сұлу, көркем жүзді; үшінші – жетпіс екі тілді біледі; төртінші – шапағатты, инабатты; бесінші – адал жүрек, бек айбатты; алтыншы – қырық кісінің жігері бар; жетінші – діні таза зиянатты; сегізінші – залым емес, ойлар хақты; тоғызыншы – пайғамбардың нәсілінен; оныншы – мінезі артық, шапағатты» [95, 14-б.].

Демек мұндай адами, қаһармандық қасиеттерді сипаттауда негізінен шығыстық мотив үлгі ретінде алынады. Жүсіптің қаһармандығын «адал жүректілік» негізінде түсіндіргеніне тоқталамыз. Себебі бүгінгі жеке тұлғаның бойындағы осы адал жүректілікті шынайы отансүйгіштікпен салыстыра түсіндіруге болады.

Мұндай теңеу қаһармандық дастандардың ішінде «Мұңлық – Зарлық» жырында кездеседі: «Қызыр Ілияс Ғайып Ерен Қырық Шілтен ұлының атын

Зарлық қойды, қызының атын Мұңлық қойды. Ата-ананың жүзін көрмеді деп Зарлыққа жүз ердің күшін пайда қылды, һәм садақ тартуды үйретті. Қызға ана жүзін көрмеді деп жеті ғалам елінің өрнегін үйретті» [96, 26-б.]. Сондай-ақ ерлікпен қатар сұлулықты, нәзіктікті де насихаттайды. Халық сыртқы сұлулықтың адамның ішкі рухани байлығымен, оның ақыл-ойының тереңдігімен, моральдық қасиеттерінің жоғары болуымен, ержүректік, батырлық, отансүйгіштік, ізгілікті терең сезімімен үйлесімді болуын талап етеді.

Қаһармандық дастандардың бір ерекшелігі олардың шығыстық үлгіде жазылуында болып табылады. Сондықтан бұл шығармаларда ер адамның қаһармандығымен қатар сұлулығы, өмірдің дінмен байланыстылығы орын алады.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті туындылардың бірі *лиро-эпостық жырлар* болып табылады. Халқымыз бұл жырларда тарихта болған оқиғаларды суреттеген. Лиро-эпостық жырлар халықтың сұлулық, сүйіспеншілік, адамгершілік, қаһармандық сипаттарды бір адамның бойына жинақтауға талпынысынан туған. Лиро-эпостық жырлардың арасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының негізгі тақырыбы ғашықтық пен адалдықты дәріптеу болып табылады. Дегенмен жыр компоненттерінің басым бөлігі отансүйгіштік тәрбиеге негізделгенін байқаймыз. Жырдың басты кейіпкерлері Қозы Көрпеш пен Баян сұлу ғашықтықтың, адалдықтың символы болса, Қодар, Қарабайлар надандықтың, жауыздықтың көрінісін береді. Жырдың сюжеттік құрылымының тарихи деректермен байланыстылығын жер-су аттарының берілуімен түсіндіруге болады, ал басты кейіпкерлердің өмірде болған жандар екенін біз Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың ескерткішінен білеміз. Мұндағы ерлік образы батырлық жырымен салыстырғанда тамаша сомдалады. Мысалы, Қодар мен Айбастың соғысында:

«Қай адам ер Айбасқа теңеледі,

Үш қыз да қызығына кенеледі.

Қойға қасқыр шапқандай бөріктіріп,

Талқан қылып ордадан жөнеледі», - деп сипатталады.

Сондай-ақ «Зерде» журналында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының оқиғасы Ақтөбе өңірінде болғандығы» туралы мәліметтер айтылады. Мысалы:

«Су аяғы құрдымнан іздеп едім,

Қозы Көрпеш шын жарың, келін бала», - деп Айбас айтады деп келтіріледі. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры шамамен XIII-XIV ғасырларда пайда болған. Қозы мен Баян өмірде болған адамдар делінеді. Жырдың негізгі идеясы – мөлдір махаббат тақырыбын жырлау. Дегенмен мұнда ерлік, қаһармандық тақырыбына арналған элементтер де бар [97, 24-25 бб.]. Осы жырда Қозы Көрпеш туралы:

«Қайыспас Қозы Көрпеш кетті сері,

Қойдай маңырап артында қалды елі.

Басында тәңірі артық жаратқан соң,

Артында жұрт шуылдап салды үнді», - деп келтіреді [98, 7-б.]. Яғни батырлар жырындағыдай аңқау батыр емес, айлакер, соғыс тәсілдерін білетін батыр образында айтылады. Мұнда:

«Бұл жерде аттан Қозы түседі енді,

Өзіне бір Тазшаның реңін берді», - деген жолдардан көруге болады. Бірақ жыр соңында Қозы Көрпеш ерлік көрсетіп емес, махаббат жолында құрбан болады. Мұның өзін де қаһармандық деп бағалаған дұрыс.

Қазақтың әлемге белгілі лиро-эпостық жыры – «Қыз Жібек». Бұл жырды негізінде ХҮІІ ғасырда пайда болған деп тұжырымдайды. Жырдың нұсқалары басқа эпостық шығармалардай көп емес. Мұның өзі де «Қыз Жібек» жырының кейін пайда болғандығын аңғартады. Мазмұнында Базарбай

байдың баласы Төлеген батыр өз қалыңдығы Сырлыбай ханның қызы Қыз Жібекті алып келуге шығады. Бірақ әкесі Базарбай баласына теріс бата береді. Соның салдарынан Төлеген Бекежанның қастандық әрекетінен қаза табады. Төлегеннің інісі Сансызбай ағасын іздеп шығып, қалмақ ханы Қореннің Сырлыбай ауылын қамап жатқан кезіне тап болады. Қоренмен жекпе-жекке шығып, оны жеңеді. Екі жас қосылып, мұрат-мақсатына жетеді. Жырдың негізгі идеясы – махаббат жолындағы ерлік күресін бейнелеуден тұрады. Мұнда Төлеген батырдың ерлігі, ел намысын қорғауы, сүйген жарға адалдығы, қайтпас қайсарлығы батырға тән қасиеттер болып табылады.

Лиро-эпостық жырларда батырларды қаһарлы, сұсты етіп көрсетуден гөрі сұлу, көркем, нәзік жүректі, адал, мейірбан деп суреттеу басым. Бірақ батырдың бұл қасиеттері оның ерлік жасауына, қарсыласымен күресуіне кедергі келтірмейді. Яғни бұл жырларда халықтың эстетикалық талап-талғамы басым түсіп тұрады.

Қазақ фольклорының келесі бір маңызды, көлемді түрі – *батырлық жырлары*. Бұл шығармаларды қазақ халқының осы кезге дейін ұлт болып қалыптасуының отансүйгіштік негіздегі тарихнамасы деп айтуға болады. «Батырлар жыры – халықтың өткен өмірінің жанды көрінісі. Оның күші – халық мүддесін қорғайтын рухында, қоғамның ілгері басуына қажет қасиеттерді адам санасына, жүрегіне сіңіре білуінде. Сондықтан да батырлар жырының әлеуметтік, мәдени, тәрбиелік маңызы орасан күшті» екенін дәлелдей түседі [99, 7-б.].

Халқымыздың эпостық жырларының мазмұнына еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, әйел затына, үлкендерге құрметпен қарау, адамгершілік, имандылық, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік т.б. тақырыптар арқау болады. «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларындағы басты идея – халықтық ізгілік пен отаншылдық

қасиет болып табылады. Батырлардың ерлігін көрсетудегі белгілері – басқыншыларға, дұшпандарға, билеуші-қанаушыларға қарсылық көрсетуі, мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттер – жан дүниесінің тазалығы, турашылдығы, теңдесі жоқ ерлігі, халыққа шексіз берілгендігі, Отаны үшін өзін құрбан етуге дайын тұратындығы ашып көрсетіледі. Олардың мұндай қасиеттерін «Ер Тарғын» жырындағы батырдың бейнесін сипаттауға арналған:

«Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз қатып,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Атарына қолы ұзын,
Құланды қақтан қайырған,

Егескен жауды елі мен

Алтын тақтан айырған», - деген үзінділерден көруге болады [100, 131-б.].

Эпостық жырдағы батырлардың ерлігі, олардың жауға шабардағы кескін-келбетінің өзі де қаһармандық сезім тудырады.

Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі елдің тыныштығын, бірлігін сақтау, жаудың шапқыншылығына, зорлық-зомбылығына жол бермеу идеясынан туындайды, сондықтан батырлардың нақты іс-әрекеттері сипатталады. Ондай мақсатқа жету үшін әрі батыр, әрі ақылды ер керек. Алпамыс «Батыр туса – ел ырысы» дегендей, нағыз халықтың бағына туған ұл болады. Батыр елге қиянат жасаған хандарды жеңіп қана қоймай, олардың орнына адал, әділетті адамдарды қояды. Бұл Алпамыстың қайратты батыр болуымен қатар, парасатты ақыл иесі екенін көрсетеді. Батырдың тағы бір қасиеті – достыққа адалдығы. Ол Қаражан мен Кейқуаттың достығын жоғары бағалап, олар үшін жанын аямайды, сөйтіп оларды қиындықтан

құтқарып, үлкен дәрежеге жеткізеді. Сонымен бірге жырда батырдың айлалы, өнерлі екендігі көрінеді. Зынданда жатып, серкенің мүйізінен сырнай жасауы – осының айғағы.

Батырлардың қайратын да, парасатын да асқақтата жырлау, жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, оларды ерте есейген, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу жырларда қалыптасқан желі болып табылады. Тарихта болған, өмір жолдары мәлім Едігенің өзін халық санасы әділдік пен ақылдылықтың, қайсарлықтың асқар биігі етіп дәріптейді. Мысалы:

«Едіге деген ер екен,

Елдің қамын жер екен.

Ел шетіне жау келсе,

Мен шығайын дер екен», - деп сипаттайды [101, 6-б.].

Батырлық жырларында батырдың тұлғасын толықтырып тұратын адал жарын суреттеуге орын беріледі. Бұл жерде халықтың адалдықты, ерді сыйлауды, ізгілікті көксемгені көрінеді.

Сонымен бірге «Ат – ердің қанаты» деген сөзде үлкен мән бар екенін айтуымыз қажет. Қай жырды алып қарасаңыз да ат батырдың жақын досы, серігі ретінде суреттеледі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Құртқаның Тайбурылға қырық күнге шейін қулықтың, қысырдың сүтін емізгені, шөптің нәрлісін жегізгені, түндіктен күн бергені, кекілін, жалын тарап, баласындай мәпелегені, алтыннан оюлап жабу жауып, арнайы ер-тұрман қақтатқаны осыған дәлел. Сол сияқты «Қамбар батыр» жырында Қамбардың өз тұлпарына достық сезімін білдіруі, оның сұлулығын мадақтауы, соның көмегімен бетпе-бет келген жолбарысқа қорықпай қарсы шабуы осының айғағы болып табылады [102, 318-б.].

Осындай бір-бірімен байланысты ерлік дәстүрлерінің отансүйгіштік мәні ерекше. Біріншіден, қазақ халқының жылқы

жануарына деген өзіндік көзқарасын, ілтипатын, сүйіспеншілігін көрсетсе, екіншіден, тыңдаушының көркемдік талғамын жетілдірудің, поэтикалық жырға деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Демек батырлық жырларын отаснұйгіштік тәрбие берудің негізгі көзі деп айтуымызға болады.

Батырлық жырларындағы батырдың бейнесін былайша сипаттауға болады: батырдың жаратылысы ерекше, ол халықтың ұлы болып өседі, өмірінде адал жарын табады, сүйгеніне қосылады, соның көмегімен өмір жолында көптеген ерлік істерін басынан кешіреді, адал жары батырға ер қанаты тұлпарын таңдап, баптап, жорыққа шығаруына көмектеседі. Батыр халық камын ойлайтын ізгі жан болып табылады.

Халық ауыз әдебиетінің негізін құрайтын батырлық жырлары тұлғаның рухани ой-өрісінің дамуымен қатар, отансүйгіштік сезімінің оянуына әсер етеді. Батырлық жырларын оқыту отансүйгіштік тәрбие берумен бірге адамгершілікке тәрбиелеуге де көмегін тигізеді. Яғни эпостық жырлардағы кейіпкерлердің өз Отанын, елін қорғаудағы ерлік дәстүрлері, туған-туыс, бауырларын, сүйген жарын құрмет тұтуының барлығы да жасөспірімнің рухани дамуына жетелейді.

Халқымыздың ерекше қастерлейтін рухани мұраларының бірі – *шежіре*. Шежіре негізінен атадан балаға ауызекі түрде таралады. Қазақ халқы әсіресе ер баланың өз руын, ата тегін білуіне сахара халқының заңы ретінде қараған. Сондықтан да халқымыз ата тегін білмеген адамды «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп кемсітетін болған.

Қазақтың ағартушы-демократы Ш.Уәлиханов: «Қазақ шежіресі бұрыннан келе жатқан дәстүрден ауытқымайды, олар шығу тегін таратқанда ортақ бір кіндіктен тарайтындығын қатты діттейді», - деп көрсетеді [103, 108-б.].

Мұның өзі ұрпақ тазалығын, елдің бір-бірін тануы мен бауырмалдығын нығайтуға септігін тигізеді. Шежіренің тәлім-тәрбиелік құндылығы жайлы деректемелерге сүйенсек: «Шежіре – құрғақ хронология немесе адам аттарының жалаң тізімі емес. Қазақ шежіресінің тарихи айқындамасы туыстық байланыстарды саралауға негізделген», - деп келтіреді [104, 56-б.]. Яғни ру ішінен жеті атаға дейін қыз алысуға қатаң тиым салынады. Ал мұның өзі неке салдарынан болатын әртүрлі кеселдерден қорғануға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының шежіресі негізінен ауызекі түрде тарап отырған. Оны орақ ауыз шешендер, құйма құлақ шежірешілер немесе жыраулар жекелеген ру, тайпаның беделді батыр, билерінің ерлік дәстүрлерінен өнеге ретінде өлеңмен де өрнектеген. Мысалы, Шоңбай Жұбанұлы да шежіреден:

«Тамадан ерте шыққан Есет батыр

Кісі екен қысылғанда мыңға татыр.

Қалмақ пен Ойраттарды жер аударған,

Салыпты бастарына заман ақыр», – деп мәлімет береді [105, 29-б.].

Сайып келгенде, халық шежіресі жүздің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз), рудың, тайпаның, әулеттің, отбасының шежіресі болып жіктеледі. Бұлардың негізі халықтың географиялық орналасуын, әкімшілік, шаруашылық ерекшеліктерін айғақтай түседі. Шежіренің батырлардың тұрғылықты жерін, шыққан елін анықтауда көмегі көп. Жасөспірімдердің отансүйгіштік қасиетін нығайтуда шежіренің мүмкіндігі зор. Шежірелер арқылы жас ұрпақты бауырмалдыққа, сыйластыққа, үлкенді құрметтеуге, елдікті, тұтастықты, ұрпақ бірлігін, тазалығын нығайтуға тәрбиелеуге болады. Шежірені білу арқылы жасөспірімнің жеті атасын білуі, жақын бауырларымен (жеті атаға толмайынша) қыз алыспау т.б. заңдылықтарды сақтауының тәрбиелік мәні жоғары деп түсінуге болады. Демек, шежіре – қазақ халқының

отансүйгіштік тәрбиесінің алтын діңгегі деп түсініп, оны бүгінгі ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеуде ұтымды пайдаланғанымыз жөн.

Ел аузында күні бүгінге дейін маңызы зор ғұрыптардың бірі – *бата сөздері*. Негізінен бата беруге, бата алуға біздің түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы аса зор мән береді. Бата сөздері ырғақты ұйқасқа құрылып, тілек сөздерден тұрады. Бата сөздер кез келген жерде айтыла бермейді, бата беру рәсімі де кез келген адамға тапсырылмайды, сондықтан бата тілектер жеке адамның атынан айтылмай, көбіне көптің атынан беріледі. Бата сөздері белгілі бір жағдайға байланысты қолданылады, мысалы, ұрпақ қалдыру, ерлік көрсетіп, жеңіспен оралу, ақ жол тілеу т.б. Сондай-ақ бата тілектері орындалатын болғандықтан, олар магиялық сипатқа ие болып табылады. Мысалы, халықтың ауызекі шығармаларында баласыз жандар Бабай түкті шашты Әзиз, Қыдыр ата т.б. кісілердің ақ баталарын алып, ол қабыл болып, ұлды болады. Ұлдары батыр, ер азамат болып өседі. Соғыс, жаугершілік кезінде бұл батырларды пірлері қорғап жүреді. Демек: «Бата сөздер – шағын ғана сөзбен халықтың ұлттық келбетінің негізгі белгілерін сипаттайтын идеялық және этикалық-моральдық талаптарын, ішкі ұмтылыстарын, ізгі тілектерін білдіре алатындай жанрлық ерекшелікке ие фольклор туындысы» [106, 182-б.]. Осыған орай, бабалар тағылымы тектілердің тура жолын таңдауға, Отанын, елін қорғауға негізделген бата беру туралы көп айтуға болады. Батырлық жырларының қайсысын алып қарасаңыз да, бата жөнінде көп айтылады. Дәстүрлі бата сөздерінің негізгі түйіні - өскелең ұрпақты батыр, өжет, адал, ел намысын қорғайтын намысшыл болуға үндеу болып табылады. Мысалы, Имаш атасы Бауыржан дүниеге келгенде былай деп бата береді:

«Алатаудың қыраны мол еді,

Қырағы болсын құлыным.

Қойнауы суға толы еді,

Бұлағы болсын құлыным». Сондықтан нәресте Бауыржанға батырлықтың, ерліктің даруы ақ батаның қабыл болуынан шығар деп түсінген жөн. Бата сөздерінде алдыңғы ұрпақтың ерлігімен елге танылған батырларына теңеуі жиі кездеседі, мысалы:

- Ақ Меңтай бабасындай батыр болсын!
- Ақ Молда батыр бабасындай мәрт болсын!
- Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!
- Домалақ анамыз жар болсын! – деген қауымның батасы да қабыл болып, нағыз бабаларының ерлігі мен рухының қанқұйлы соғыста ерлік көрсетуге жетелегені деп түсінген жөн [107, 21-б.].

«Өр бол көкжал Барақтай,

Жауды бетке қаратпай,

Ұланы бол үш жүздің –

Кұйрық пенен қанаттай» деген сөздер адам бойындағы отаншылдық сезімге қозғау салып, Отанының қадір-қасиетін түсінуге мүмкіндік береді. Жас ұрпақтың бойындағы үлкен қайрат-күшті бұрынғы ақсақалдар дұрыс пайдалана білген, оларды бір жерге топтастыра отырып, Отан қорғауға шақырған. Батагөй ақсақалдар арнайы жорыққа аттанып, жол жүріп бара жатқан ер азаматтарға құдайдан жалбарына сұрап амандық, жеңіс тілеген. Сайып келгенде бата беру, бата алу ерлік дәстүрдің онды іске асуына халықтың өз батырларының аман болуына, мұрат-мақсатқа жетуіне және жеңіспен оралуына септігін тигізетін халық мұрасы. Қазақ халқының ертеден келе жатқан дәстүрлерінің бірі – бата берудің рухани, танымдық маңызы зор. Бата сөздерінің жеке тұлғаның дүниеге көзқарасының дамуына, адалдық, әділеттілік, танымдық нормаларының қалыптасуына әсері мол.

Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары, түрлері мен

әдістерінде негізінен салттар мен дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың тағылымдық мәні жоғарылығымен сипатталады. Сондықтан да әдеп пен әсем салт, ата дәстүрі, рәсімдер – бәрі-бәрі ғасырлар бойы қалыптасқан халық тағылымдары, адамгершілікке толы үлгі-өнегелерден тұрады. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесіндегі әдептілік қағидалары сол ұлттың тарихи, мәдени дәрежесін айқын көрсетіп, ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді. Қай түркі халқы болсын өз ұрпағын биік белестерден көргісі келеді. Сол себепті де бүгінгі жеткіншектің адам болып қалыптасуы оның туған ұясына, өскен ортасына, оқыған, көрген тәрбиесіне байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Шыр етіп дүниеге келген күннен бастап ана тілінің әлдиін, туған халқының тәлім-тәрбиесін, үлгілі салт-дәстүрін бойына сіңіре өсіру міндет. Салт-сананы бала бойына сіңіру көбіне анаға байланысты, өйткені анадан алған тәрбиесі, үлгі-өнегесі адам жүрегінде мәңгі жасайды. Халқымыздың болашағы аналарға байланысты деуіміздің бір сыры, міне, осында. Оның негізгі белгісі бала тәрбиесіндегі әдет-ғұрыптардың бір-бірімен тығыз байланысы, яғни баланың дүниеге келуіне арналған жоралғылар: баланы бесікке салу, шілдеhana, балаға ат қою, қырқынан шығару, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа отырғызу, ер бала мен қыз баланың тәрбиесі, оларды шаруашылыққа, еңбекке, өмірге бейімдеу т.б. болып табылады. Сонымен бірге түркі халықтарына ортақ киіз үйді қолдануы, мысалы, ноғайлар мен башқұрттар, қарақалпақтар мен түркімендер күні кешеге дейін киіз үйде тұрып келген. Тұрмыс-салт дәстүрлеріндегі, ұлттық киімдері мен тағамдары, төрт түлік мал бағу мен аңшылық, егіншілік кәсібіндегі тәлімгерлік бағыттарын айтуға болады. Ерлік дәстүрлеріне байланысты Отанын қорғаудағы отансүйгіштік тағылымдары, баһадүрлерін құрметттеудегі ерлік жырлары, туған жерді жаудан қорғауға бағытталған өнегелі сөздер мен бата-тілектерден тұрады. Ал әлеуметтік мәдени салт-

дәстүрлеріндегі үйленуге байланысты жоралғылар, туыстық қатынастар, түркі халықтарына тән музыкасы, қонақ күту, ұлттық мерекелерді атап өтуі, өлген адамды ақтық сапарға шығарып салудағы салттарын айтуға болады.

Сонымен қатар, бесік той салты – дүниеге келген нәрестені түркі халықтарының бәрінде де ерекше атап өтетін отбасы мерекелерінің бірі. Оған туған-туыстары жиналып, нәрестені бесікке салу рәсімі өтеді. Бесіктің жасауын қыздың анасы әзірлейді. Бесікке салу рәсімінде нәрестені бесікке алтан әйел адам арнайы таңдап алынады, яғни өнегелі, бірнеше баланың анасы болуымен қатар елге сыйлы болуын т.б. қасиеттері баласына дарыса екен деген ырымды алға тартады. Бұл кезде түбек салатын жерден әртүрлі тәттілерді тастап, «тыштырма» деген салт орындалады, сөйтіп балаларға тәттілер үлестіріледі. Бұл кезде баланы суға түсіреді, тырнағын алады, шашын қияды т.б. салт-дәстүрлер орындалып, бесік жыры айтылып, арты той-думанға жалғасады. Бесік бала денсаулығына, анатомиялық-физиологиялық тұрғыдан денесінің дұрыс жетілуіне септігін тигізеді, сонымен қатар бала денесінің қалыпты температурада болуымен қатар қорғаныштық қызметтер де атқарады. Яғни баланы құлаған заттардан, ыстық пен суықтан немесе әртүрлі магиялық факторлардан (көз тию, пәле-жала т.б.) қорғау үшін тұмар, қасқырдың тырнағы ілініп, бала жастығының астына пышақ, шаппа т.б. қояды. Бесік негізінен талдан иіліп жасалады. Басқа ағаштарға қарағанда тал өте деформацияланатын берік болып табылады. Бесіктің негізгі бөліктері: жастық, жөргек, түбек, шүмек, қолбау, тартпау т.б. болады. Бесік жырын жырлау сәбидің анасының импровизаторлық қабілетіне байланысты. «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында: «Бесік жыры – тұрмыс салт-жырларының көне түрі. Түркі халықтарының бәрінде де бесік жырына ереше көңіл бөледі. Бесік жырының негізгі тәрбиелік қызметі – бесік тербелісіне ыңғайлы сазды әуен баланы тыныштандыра отырып, оның

санасына ұлттық тәрбиені сіңіру болып табылады. Бесік жырлары құрамына қарай дәстүрлі және суырып салма деп екі топқа бөлінеді. Демек, ұрпаққа тұңғыш отансүйгіштік тәрбие берудің тәрбиешілері аналар екенін біліміз», - деп келтірілген [108, 153-б.].

Осындай бала тәрбиесінде елеулі орын алатын салттың бірі шілдеhana – отбасы мерекесінің бірі. Түркі халықтарының бәріне ортақ мерекенің орны бөлек болып табылады. Себебі көшпенділік өмірдің талабынан болар нәресте дүниеге келсе қатты қуанатын болған. Көбіне ер баланың дүниеге келгеніне ерекше қуанған. Сондықтан болар ұл баланың дүниеге келуін де «Ұл туғанға – күн туған» деп ерекше бақыт санаған. Яғни ер бала отбасының қорғаны, отбасының, ұрпақтың жалғасы, шаңырақтың иесі деген. Ал қыз бала туылса, «Қыз туғанға ай туған» деп, немесе «өрісіміз кеңейді, ырыс келді» деп ырымдайды. Зертеуші-этнограф С.Кенжахметұлының пікірінше: «Шілдеhana – жаңа туған сәбидің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той», - деп келтіреді [109, 60-б.]. Бала туғаннан кейін жан-жақтағы ағайын-туғандарға сүйінші сұрап ат шаптырады. Ұл бала дүниеге келгенде «атұстар», қыз бала болса «көйлек тігер» деп хабарлайды. Сондықтан сүйінші сұрап келген адамға айтқанын беру «міндетті» деп саналған.

Баланы қырқынан шығару салты түркі халықтарының бәрінде аталып өтеді. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң, оны қырық бір қасық су құйып суға түсіреді. Себебі осы күннен бастап бала адам қалпына келіп, көз тоқтатып, әртүрлі табиғат құбылыстарын сезе бастайды. Баланың шашын және тырнағын алу рәсімдері орындалады. Шашын немесе тырнағын кез келген адамдарға алдыра бермейді. Тырнағын әдетте он саусағынан бал маған өнерлі адамдарға алғызады. Сонымен қатар сәбидің қарын шашын алып, оны сәбидің өзінің киіміне орап, тігіп қояды. Кейін бұл рәсімдерге қатысқан әйелдерге кәде беріліп, той-думанға жалғасады.

Тұсау кесу рәсімі баланың тәй-тәй басып жүргеніне қуанған ата-анасы тарапынан оған өмір жолында ешқандай кедергі болмасын деп жасалатын салты. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғы байланып, оны «жолы болғыш, әрқашан сәтті істерімен белгілі» адамдарға қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Себебі балам соған ұқсап кетпесін деп ырымдайды. Тұсау кескен адамға кәдесін береді. Сонымен қатар тұсау кесу рәсімінде де жіпті дайындағанда, ақ пен қара жіп адалдықтың белгісі дейді. Кейбіреулер балам бай болсын деп, малдың тоқ ішегінен де өретін болған. Кейін шашу шашылып, думанды тойға жалғасып, үлкен кісілердің батасын алатын болған.

Түркі халықтарының ерекше атап өтетін салттарының бірі ашамайға мінгізу – баланы атқа мінгізіп үйрету мақсатында және ерлікке тәрбиелеу үшін жасалатын рәсім болып табылады. Баланың 6-7 жасқа келгенінде өзіне жуас ат атап, ашамай істеп (балаға арналған ер) жуас атты ерттеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың ой-өрісін дамытып, адамгершілік тұрғыдан есеюіне мүмкіндік береді. Мұның өзі балаларды отнасүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған халықтық тәжірибе болып табылады.

Көшпенді халықтардың бәрінде дерлік ер балаларды сүндетке отырғызады. Ер баланы тақ жасында 3, 5, 7 жасында сүндетке отырғызады. Бұл салт ислам дініндегі түркі халықтарына кең тараған. Сүндетке отырғызудың баланың денсаулығына, тазалағына зор пайдасы бар. Баланы сүндетке отырғызғаннан кейін ата-аналарының жақын-жуық достары бәрі жиналып «Сүндет тойына» жалғасатын болған. Кейбір ауқатты адамдар жалғыз баласын сүндетке отырғызғандағы тойды ат шаптырып жасайтын болған.

Кәде беру, сұрау – түркі халықтарының той-мерекелерінде сый немесе алымды «Кәде» деп атайды. Кәде жасамау – дәстүрді сыйламау, ел заңын бұзу деген мағынада айтылған. Көшпенділікпен өмір сүрген түркі халықтарының кәделері бір-

біріне өте жақын болып келеді. Мысалы кәделер той мерекенің түрлерін қарай әртүрлі болып келеді. Атап айтар болсақ, той кәделері – тойбастар, айттық, көрімдік, жырттық, сарқыт, сыбаға т.б. болады. Ал, құда түсуде кәделер өте көп болып келеді, яғни есік көру, балдыз көрімдік, сүт ақы, атбайлар, босаға аттау, сәукеле байғазы, қол ұстатар, ілу беру, күйеу табақ, күйеу аттандырар т.б. кездеседі. Балаларға арналған кәделер: ат қою, кіндік кесу, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, көрімдік т.б. болады.

Түркі халықтарында кең тараған салттың бірі көрімдік – негізінен жаңа туған сәбиге, жаңа түскен келінге сұралатын түркі халықтарының ереден келе жатқан салты. Сонымен қатар көрімдік пен байғазының өзіндік айырмашылықтары бар. Көрімдік адамға, жанды нәрселерге берілсе, байғазы ұстап-тұтатын бұйымдарға беріледі.

Сарқыт дәстүрі көбіне – айттан, тойдан ырымдап алып келген дәмнен отбасы мүшелеріне ауыз тигізеді. Сол сияқты сыйлы қонақтың табағынан алып берген етті де сарқыт деп беретін болған. Яғни үлкен кісілердің жолын, абройын берсін деп ырымдайтын болған. Оның танымдық, тағылымдық, тәрбиелік маңызы зор.

Соңғы кезде ұмытылып бара жатқан дәстүрдің бірі шүлен тарату – мырзалық пен жомарттықтың белгісі. Ертеден бері түркілерден қалған дәстүрлердің бірі шүлен тарту болып табылады. Бұрын малы көп мырзалар мен байлар сол аймақтың адамдарына тамақ таратқан. Мұның мағынасы кедей мен тұрмысы төмен адамдарға көмек беру деп білген. Бұл ешқандай зекет, садақа емес жай ғана халқының қамын ойлап жасайтын қолы ашық мырзалардың ел-жұртына деген қамқорлығы деп түсінгеніміз жөн. Сол дәстүрдің негізгі белгісі деп біз Түркістандағы «тайқазанды» дерек ретінде айтуға болады.

Ал, ерекше атап өтетін шашу дәстүрі – қуанышты той-мерекеде жасалатын ең жақсы дәстүрлердің бірі. Шашуды беделді, сол елдің ақ жаулықты анасы немесе келіні тәтті кәмпиттерді, кейбір ауқатты отбасыларда ақша шашады. Оның негізгі белгісі бізде осындай қуанышқа жетейік деп ырымдайды. Сонымен қатар, Оңтүстік аймақтарда көп жасаған, беделді азаматтардың намазында ақша шашады, оны «теңге шашу» деп атайды.

Аңшылық салты – түркі халықтарының ертеден келе жатқан салттарының бірі. Халық түсінігінде сауық, шынығу, ептілік, ерлік, мергендік т.б. қасиеттерді ұштайтын өнер деп атауға болады. Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы, кең дала тамылжыған табиғат т.б. аңға шыққан ер жігітке ерлікті шыңдауға кездесетін үлкен сынақ деп айтуға болады. Дегенмен табиғат жағдайын ойластырып жасау керек деп білеміз, себебі табиғаттағы аңдарды бей-берекетсіз қырып тастауға бомайды.

Жарапазан салты – түркі халықтарында ораза айт басталғанда балалар мен бозбалалар ауыз ашардан кейін әр үйдің тұсына барып жарапазан айтады. Негізінен «рамазан» сөзінің этимологиясы болуы мүмкін. Жарапазанды негізінен балалар топ болып жүріп айтатын тілек деп те айтуға болады, яғни:

«Үйің, үйің – үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Ақ төбедей көрінген,
Қандай байдың үйі екен?
Кірсін дәулет,
Шықсын бейнет.
Қиын дейді қиямет,
Жақын дейді ақирет.
Ажалға құдай сабыр ет.

Былай жүрген сайтанның,

Мойнына мінсін тауқымет!» - деп айтатын болған. Сонымен қатар жарапазанды кәсіп етіп, арнайы күндіз-түні айтатын жыршы-жыраулар да болған.

Соңғы кезде ұмыт болып бара жатқан салттың бірі шаңырақ көтеру – түркі халықтарының көшпенділік өмірімен тығыз байланысты қазақ, ноғай, қарақалпақ ұлттарында кездеседі. Әдетте киіз үй шаңырағын ер адам көтереді. Ал жас отаудың шаңырағын қазақта кәрі күйеуге ырым ретінде көтертеді. Себебі, кәрі күйеудің өз жұртына қарағанда қайын жұртында беделі арта түседі. Мұның өзіндік мәні бар, яғни «Күйеу қартайғанда жиен болады» деп, игі шараларды соның кеңесімен жүргізеді. Келін түсірген отбасы ауқатты болса, ол өз еңбегіне түйе немесе жылқы алады. Сонымен қатар, олжа байлау – қазақ дәстүрінде атып алған аңды, тауып алған нәрсені, сыйлық-сыбағасын өзі алмай, қасындағы жолдасына байлайды. Қазақ салтында олжаны алған кісі, олжаны берген адамды үйіне қонаққа шақырады. Оған қой сойып қонақ қылады, кетерінде шапан жауып сыйлайтын болған [110, 43-44 бб.].

Балалардың тәрбиеге жат әрекеттерін іскерту негізіндегі тыйымдар көшпенділікпен өмір сүрген түркі халықтарына ортақ халық педагогикасының тәрбие құралы ретінде қолданылады. Тыйым сөздердің тәрбиелік ролі туралы профессор С.Қалиұлы: «тыйым сөздердің мән-мағынасы жағымсыз іс-әрекеттен баланы жастайынан тыйып ұстауды көздеу болған. Яғни үлкендер балалардан жағымсыз іс-әрекет, қимыл-қозғалыс жасамауды талап ете отырып, жаман әдет, жат мінезден арылтуды көздеген», - деп келтіреді [111, 25-б.].

Сондай-ақ зерттеуші Н.Ақбаевтың пікірінше: «Қазақ халқының үлгі, тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер. Яғни, есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Мысалы, тізені

құшақтау – жалғыз қалудың, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі деп ондай істерге қатаң тыйым салған», - деп келтіреді [112, 156-б.].

Әдетте түркі халықтарының бәрінде дерлік жиі кездесетін тыйым сөздер негізінен тәрбие құралы ретінде қолданылады. Мысалы, «үлкеннің алдынан кесіп өтпе» деген тыйым сөзден, біріншіден, біз үлкеннің алдын кесіп өту әдепсіздіктің белгісі екенін және де оның инабаттылыққа жатпайтынын білеміз. Үлкенді әрдайым сыйлап, қадірлеу, оларға жол беру керек болса, екіншіден, үлкеннің алдын кесіп өткенде сол адамның жолы болмауы мүмкін. Келе жатқан адам көңіліне күдік алып, алдын кесіп өткен баланы кінәлап, наразылық танытады. Қазақта үлкеннің ризашылығын ақ батасын алу кішілер үшін үлкен рөл ойнаған.

Қолыңды жуып болған соң сілкіме – біріншіден, қолыңды жуып болған соң сілкігенде жаныңдағы адамдарға шашырайды. Егер тамақ ішіп отырғандар болса, тамақтарына тамыш кетуі мүмкін. Сондықтан ол әдепсіздіктің белгісі болып саналады. Екіншіден, үлкен қариялар қолды сілкүді балый түсіндірген: қолды тазалап жуып болған соң, оны сілку тазалықты сілкіп тастауды білдіреді екен.

Кесені төңкерме – шай ішіп болған кесені төңкерме, себебі несібесі төгіледі. Бұл жаман ырым ретінде түсіндіріледі. Ал, екіншіден, кесені төңкергенде ішіндегі шай жұғыны төгіліп, таза дастарханның бетін бүлдіреді. Демек тыйым салыну арқылы тазалық сақтау да жүзеге асырылады.

Үйге қарай жүгірме – үйге қарай жүгіріп келе жатқаныңызды үйдегілердің біреуі байқаса, сескеніп, тіпті қорқып қалатыны анық. Себебі ол сіздің бір шұғыл хабарды айтқалы келе жатқаныңызды, ол хабардың жақсылық емес екенін жорамалдайды. Өйткені үйге қарай біреу өлгенде немесе ауыр хал үстінде жатқан адамға көмек беру керектігін хабарлауға

асыққанда жүгіреді. Үлкендердің «Жамандықты шақырма» деп ұрсып тастайтыны сондықтан. Сонымен қатар, қамшыны ұстап төрге шықпайды. Себебі, бейбітшілік уақытта қамшыны төрге алып шығу, жаулық пен дұшпандылықтың белгісі деп тыйым салады

Бос бесікті тербетпе – бесікті бала жатқанда оны ұйықтату мақсатымен тербеткен. Ал бесікте бала жоқ кезде оны тербетудің қажеті жоқ. Бос бесікті тербету – балаға зар болып жүрген адамның немесе баласынан айырылып қалған ананың әдетін білдіреді. Сол үшін бос бесікті тербету жамандықтың бастамасы деп саналған.

Тамақты жатып ішпе – дені сау адам әдетте дұрыс отырып тамақтанады. Ал отыра алмайтын мүгедек адам жатып ішуге мәжбүр. Сондықтан денің сау бола тұрып, мүгедек адамның қылығын жасама, жамандықты шақырма деген мақсатпен айтылған. Екіншіден, дұрыс тамақтану үшін дұрыс отыру қажет. Дұрыс отырмай денсаулығыңызға зиян етіп жүріңіз мүмкін. Олай болса, ырым мен тыйым сөздерді ұлтымыздың қоршаған ортаға, табиғатқа және адамдардың ара-қатынасына берген философиялық тұжырымы, түйіндеген қағидалары десек артық емес. Қазақ халқы ұл-қыздарының бойындағы кейбір оғаш қылықтарын бетіне басып, жүгенсіздікті тыйымдармен тәртіпке салып отырған, яғни тәрбиенің бұл құралын мінез-құлық ережесі түрінде қалыптастыруға тырысқан. Жас ұрпақ бойына тек адамгершілік ұрығын, қайырымдылықты, адалдық пен әділдікті, ізеттілікті, имандылық пен инабаттылықты егіп, игі әдеттерді сіңіруге, тәрбиелеуге ұмтылған. Басқаша айтқанда, ырым мен тыйым сөздер тұрмыста заң іспеттес іске асып отырған. Осынау асыл мұраларымыз біршама уақыт ескілік сарқыншығы саналып, елеусіз қалып келді. Сондықтан да тәрбие көзі ретінде пайдалану үшін бұларды ең алдымен бір жүйеге жіктеп келтіру қажет. Адамның адамгершілігін оның айналасындағы әр нәрсені қадірлеп, қастерлей білуінен, қатыгездік пен көргенсіздіктен

аулақ болуынан, қайырымдылық пен обал, сауапты сезінуінен көруге болады. Мұны тыйым сөздердің мәнінен қарастырып көрейік. Мысалы, «нанды аяққа баспа», «малды теппе», «көк шөпті жұлма», «ақты төкпе» т.с.с. тыйым сөздер баланы тәртіптілікке шақырады, сыпайы да әдепті, жаман әдептен жиренуге итермелейді. Сонымен қоса, баланы тазалықты сақтауға, ұқыпты болуға, табиғатты қастерлей білуге шақырады.

Ырым халықпен бірге көптеп жасап келе жатқан әдет-ғұрып болып саналады, ал аян, елес, жақсылық нышаны ретінде де жасалады. Бұған жан-жақты түсінік беріп, талдайтын болсақ:

1. Адамның құлағы шуылдаса қазақ екі түрлі ырымға жориды. Жақын-туыс, ағайын-алаш, құда-жекжат, ауылдастардан біреу өлген деп ойлайды да, «оң құлағым, оң құлағым» деп үш рет айтады. «Жақсылыққа көріне гөр» деп, тілеу тілейді. Оң құлағы шуылдаса – қуанышты хабарға жориды. «Оңына бастау гөр» деп, оң құлағының түбін оң қолының бас бармағымен үш рет қағады. Онысы – жақсылыққа орнықты болсын дегені.

2. Қазақ тұзды бей-берекет шашпайды. Себебі, барлық тағамның тұзсыз дәмі жоқ. «Астың иманы – тұз» деп қарайды. Тұз төгілсе – ырыс төгіледі, дәм шамданады, ас азаяды. Жерге төгілген тұз еріп жоғалғанша сол жерге тұзды төккен адам тұздай ащы тұрмыс кешеді, деп ырымдайды.

3. Қазанды есік жаққа қаратып қисайта аспайды. Ол құласа «Несібе төгіледі, ырыс шайқалады, ас азайып, дән далаға қашады. Отқа төгіліп дән күйеді. Күл астында қалады. Қазан шайқалса, ырыс шамданады» деп ырымдайды.

Ырымдар мен тыйымдар, наным-сенімдер адам психологиясына қорқыныш, үрей сіңіру арқылы тәрбиелік мәнде қолданып, жақсылыққа баулиды. Мысалы: «Қараңғыда тамақ ішкен адамның баласы ұры болады» деп жастарды Шықбермес Шығайбай тәрізді түнде өз тамағын өзі ұрлап ішетін сараңдықтан

сақтандырған, әрі осы арқылы әдептілікке, тазалыққа баулыған. «Әйел адамға тырнақ өсіруге болмайды, тырнақ астында сайтан тығылады» деген наным сөз де тазалыққа баулудан туындаған. Бұл бүгінгі біздің қыздарымызға «тырнағынды өсірме» деп айтқан ескертпемізден әлдеқайда әсерлі болған. Оны «әйел басына тартқан орамалынан самай шашын шығаруға болмайды, онымен шайтан ойнайды» деген нанымнан да байқаймыз.

Жалпы түркі халықтарында бас киімдерін ешкімге сыйға тартпаған, сыйламаған. Оның себебі, басымыздағы бағымыз басқа адамға ауысады деп қорыққан. Бас киімді басының айналма, талма ауруы бар адамдар басынан айналдырып, адамдар көп жүретін ұзын жолдың үстіне тастаған, болмаса, қолға түскен құсты басынан үш айналдырып, бойын аластап, ұшырып жіберген. Жол үстінде жатқан қандай да бір зат болсын қолына ұстамаған, олжа көріп алмаған. Өйткені оның тегіннен-тегін жатпағанын білген. Әсіресе жол үстінде жатқан түйреуіштер, әдемі білезіктер мен моншақ, сырғалар қырсық пәлекеттерді, ауруларын бойларынан аластау мақсатында тасталған. Кейін оны ақшалай тастайтын болған. Барлық ырымдарға тоқталсақ, олар өте көп және де түрлі мағынада болып келеді, соған мысал ретінде төмендегідей ырымдар мен тыйым салынған әрекеттер бар. Қандай зат болсын өзінің молшылығымен, табиғат пен адам өмірінде алатын орнымен бағалы екенін бәріміз де білеміз. Алайда, кейбір адамдар табиғат қырын тегін дүние санайды. Табиғатта керексіз қалай болса солай жұмсап пайдалана беретін не ысырап қылатын тегін ештеңе жоқ екендігін түсінбейді. Молшылықты қадірлемеу, бағаламаудан тапшылықтың қасіретін тартқан кездер де болған, әлі де бола бермек. Қазақ халқы өмір тәжірибесінен дұрыс қорытынды шығарып: «Ей, шырағым, байқа, ағып жатқан су да тегін деме, судың да сұрауы бар» - деген даналық сөз қалдырыпты ұрпағына. Дені мал бағып, егін егіп, көшіп-қонып, ен даланы жайлаған қазақ халқы үшін, әсіресе, судың қадірі

кымбат болған. Бірақ олар аққан өзен мен көл, бұлақ суларын ешкімнің меншігіне жатпайтын қасиетті дүние санаған. Жолаушы қазақ ат шалдырарда кездескен кішкентай тұнбаның көзін көрсе, «Жарықтық-ай» деп, алақанымен не тастың жарықшасымен болса да, аршып, көзін кеңітіп кетеді. Аға алмай, арна таба алмай жатқан бұлақтың көзін ашып, кеңітіп кетуді қайда жүрсе де өзіне борыш санаған.

Түркі халықтарында суды қадірлеу жөнінде неше түрлі аталы сөздері бар. Ойнап жүрген балаларына ата-анасы, үлкендер: «бұлақты лайлама», «кең-көсінді су басынан аулақ төк», «суды сапырма», «суға түкірме», «суға зәр сындырма» деп жасынан үйретеді. Осы сөздерден су тазалығына қанша мән берілгендігін көреміз. Суды таза ұстау – қорғау деген сөз. Таза сақталмаған су тез құриды. Суды лайламау, былғамау әрбір дала тұрғынының тікелей борышына айналған. Мұның өзі – тек судың ғана қамы емес, ондағы балықтардың, су бойын мекендеген құстардың қамы. Сол араға тыныштық, жайлы тіршілік тілегеннен туған дәстүрлі сөздер болып табылады.

Міне, халқымыздың ұмыт бола бастаған дәстүрлерінің бірі – бұлақтың көзін ашуды қолға алудың өзі табиғат қорғау ісіне, еліміздің шаруашылығына үлкен пайдасын тигізеді. Өңір бұлағын - өмір бұлағына айналдыру – кезек күттірмейтін іс екендігі бәрімізге мәлім.

Түркілер үшін от ең қасиетті нәрселердің бірі саналады. Қазақтардың «отағасы» деп үй иесін атауы, «отың өшсін» деп қарғауы, «отбасы» деп Отанын, үйін айтуы оттың зор қасиеттілігін ұқтырады. Расында да халқымызда өмірінде отқа табыну, оттан аттамау, отқа түкірмеу сияқты ырымдар қатты сақталады. Мал төлдеп жатқанда отты басқа біреуге бермеу де бар. Сондай-ақ әйел босанып, баланың кіндігі түскенше басқаларға от бермеу, үйден от алып шықпау тағы да бар. Жаңа түскен келін босағадан аттарда «басынан от айналдыру», «отқа май құю» т.б. рәсімдер кездеседі. Қазақ халқында отпен аластау

да бар. «Алас, алас, әр бәледен қалас» деп от түтінімен аурудың төсегін, жас баланың бесігін, киімдерін аластайды.

Көшпелі түркі халықтары шетсіз, шексіз кең далада мал бағу, көшіп-қону, жолаушы жүру, түн қату және аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт-бағдарды белгілеп, өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп, ұқтырған.

Көне замандардан бергі күнкөріс, тіршілік тірегі түгелдей дерлік малмен байланысты болған. Халық төрт түлік малдың етін жеп, сүтін ішіп, өзін аяқ артар көлік етіп күн көрген. Күнделікті тұрмысқа керекті азық-түлік, киім-кешектің бәрін де халықымыз төрт түлік малдан тапқан. Алыста жақын, ауырды жеңіл ететін де талыққанда өзегінді жалғап, тоңғаныңда тон мен киімі болатын да – мал. Сондықтан қазақ баласы бір-бірімен кездесе қалса, сөзді «мал-жан аман ба?» деп бастайды. «Мал ашуы – жан ашуы» дейді ел ішінде. Қазақ қуанса, «Ақ түйенің қарны жарылды» деп қуанады. Қорықса, «Үріккен қойдай дүркіреп» деп сипаттайды. Қайғырса, «Ботасы өлген інгендей аңырады» дейді. Қатар өскен құрбысын айтса, «Құлын-тайдай тебіскен» деп, батыр-баһадүрді көрсе «адамның нары» екен деп таң-тамаша қалады. Жасы келген кәрі болса, «Кәрі қойдың жасындай жасым қалды» деп налитын болған. Жолаушы жүріп келе жатқан айдалада жатып түней қалса, төңірегіне жылқының қылынан есілген ала арқан тастайды. Себебі, жылқының қылына жылан жуымайды деп сенеді. Қазақта «Жылқыны басқа ұрма, бағың таяды» деген сөз бар. Қазақ халқының өткен дәуірлердегі экономикалық өмірінің негізі малға байланысты. Содан өнетін әр түрлі өнім: сүт, май, құрт, жүн, тері-терсек т.б. көшпелі елдің күнделікті күн көріс, тіршілігінің тірегі болған. Қазақ халқы сүтті, қымызды, шұбатты, айранды тағы басқа да сүт тағамдарын «ақ» деп атайды да, оны қасиетті, киелі зат санатына жатқызады. Сол сияқты ақ түсі де киелі, адалдық ұғымды білдіреді. Халық дәстүрінде ауылға келген көш алдынан шығу адамгершілік, мұсылмандық, болашақ

көршілік парыз. Ал сол көш алдынан ақ алып шығу «Осы ақтай таза, дәмді болайық» деген тілектен туындаған жайт. Мұндай жағдайда жаңа көшіп келгендер ризылық білдіріп, алыс айтады. Халқымыз ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды.

Үй жануарынан түркі халықтары (қазақтар, қырғыздар, башқұрттар, түркмендер, ноғайлар) түйені қасиетті санаған. Түйенің етін екіқабат әйелдерге бермейді. Өйткені екіқабат әйел түйе етін жесе, түйе секілді баласын 12 ай көтереді деп сенеді. Сол секілді ері бір жерден түйе етін жесе, түйе етінің бір кесімін міндетті түрде әйеліне әкеп береді. Түйені қазақтар көп, беталды соя бермеген. Түйе мына кездерде ғана сойылады: Меккеге қажылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызғанда. Мұндай кездерде әсіресе, ақ түйе сойылады. Халық аузында «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген мәтел осындай мерекені көрсетеді.

Түркі халықтарының бәрінде де түйені еш уақытта ұрмаған, теппеген, тіпті қатты сөзбен ұрыспаған, жүнін де қасиетті санап, жын-бәлекетті қуады деп ерекше бағалаған. Сол секілді қазақтар қойды да қасиетті санап, қатты құрметтеген. Қойдың жүні де тұмарды алмастырған. Қойдың жауырынын келешекті болжау үшін пайдаланған. Қойдың «кәрі жілігі» малды ұры-қарыдан сақтайды деп сенген. Аттың ерінің басына да іліп қойып, ертұрманды, атты бәлекеттен, ұрыдан сақтайды деп ырымдаған. Қошқардың мүйізін көкөністе «көз тимеу» үшін іліп қойған. Осы тәрізді сенімдер ел арасында әлі де кең тараған. Қазақтар малды балағаттап, тіл тигізуге болмайды, иесі өкпелейді деп сендірген. «Малға сөйлегенде оның кемшілігін айтуға, қой бағып жүріп өзіңе отбасыңа байланысты қайғылы нәрселерді айтуға болмайды» деп ескерткен. Мұның себептері де болған.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша адамдардың қасында биологиялық жылу өрісі болады екен. Егер ол тым күшті болса, жас балаға, жас төлге әсерін тигізуі ықтимал. Ал малдың да адам сезімін түсіне алатынын күні бойы мал соңында жүрген

бақташылар мен шопандар байқаған. Шындығын да жусап жатқан отардың шетіне барып отбасындағы, болмаса, жеке басы қайғы-қасіретіңізді айтып, жыласаңыз, қойлардың күйсегенін қоя қойып күрсінгенін байқайсыз. Бұл таза өмірлік тәжірибеден туған. Адам тәрізді мал да қайғылы күйді өте жансыз қабылдайды. Бұның шындығын кез-келген адам өз тәжірибесіне өткізіп, көз жеткізуіне әбден болады.

Түркі халықтарында көшпелі тұрмысындағы жылқының орны ерекше. Жылқы туралы қазақтың мақал-мәтелі: «Жылқының сүті шекер, еті бал», «Жылқы – малдың патшасы», «Ат тұяғын тай басар», «Жақсы ат жанға серік, жақсы ит малға серік» т.б. мақал-мәтелдерде жылқы мен адам қатар айтылады. Қазақтың жылқыны жақсы көретіндігінің шегі жоқтығы осыдан-ақ байқалады. Жылқыға қатысты қазақтарда ырым-тыйым сөздерде өмірде көп қолданылады. Мысалы, дос, жекжат, құда және туыстан сыйлыққа ат алмайды, атты басынан ұрмайды. Асқа немесе тойға толтырып қымыз әкелген сабаны біржола сарқып босамайды, түбіне бір ожау болса да міндетті түрде қымыз қалдырады. Атты сыйлағанда немесе сатқанда, нокта-жүгенін бермейді. Егер жолаушыға жол бойында танауымен оған қарап жатқан аттың немесе түйенің басы жатса, бұл жақсы белгі деп, ал егер керісінше болса онда жолы болмайды деп жорамалдаған. Халқымыздың тіршілік тірегі болған төрт түлік туралы ырым-тыйым сөздер өте көп.

Түркі халықтарында кейбір заттарды «киеге ие», егер осы «киелі» затты құрметтеп отырса, онда жақсылық әкеледі, ал егер оны ренжітіп алса – бір қырсыққа душар етеді деп сенген. Мұндай қасиетті зат не құбылыс «киелі» деп аталынып, олардың киесі ұрса, оны кесір деген. Біздің ежелде өмір сүрген ата-бабаларымыз бұғының, маралдың, арқардың мүйізін киелі санаған. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» эпосындағы арқар мүйізін қасиетті санап іліп қою немесе халықтың қол өнерінде сақталып

келе жатқан «қошқар-мүйіз» деп аталатын оюдың шығуы да сол киеге байланысты.

Ежелден итті де қазақтар киелі, қасиетті санайды. Қазақ халқының руларында «ит емген» атауларының болуы, Итбай, Күшік, Итжемес, Төбет секілді адам есімдерінің болуы, ит жатқан орынға таңертеңгі мезгілде «ит тиген» (рахит) сәбилерді үш рет аунатып алу, не болмаса сары иттің құлағын шертіп, қан алып жағу, не иттің жүнін көз тимес үшін жас нәрестелерге тағып қою, иттің қазақтарға қасиетті болғандығын көрсетеді. Сол секілді ежелден-ақ әйелдің баласы тұрмай шетіней берсе, жаңа туған баласына кигізетін алғашқы көйлегін иттің басына кигізіп, сонан кейін баласына кигізген. Сонда туған баласы өлмейді деп ойлаған. Ол көйлектің «ит көйлек» аталуы да сондықтан. Қазақтар итті ұрмаған, үстіне су шашпаған. Итке су шашса сол шашқан адамның үстіне сүйел қаптап шығады деген пікірді ұстанған. Ертедегі түркілер кейбір жыртқыш аңдарды киелі деп санаған. Қасқыр, жолбарыс, бүркіт сияқты түз аңдарының тұяғын, тісін, құлағын, терісін жас нәрестенің бесігіне тұмар ретінде іліп қою немесе бесікке жауып қою рәсімдері соның қалдығы болып саналады. Ал «Мұңлық-Зарлық» аңызында жапан далаға апарып тастаған балаларды киік емізіп, аналық қамқорлық жасап өсіреді. Немесе «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жырында, аңда жүріп дос болған Қарабай Сарыбайға буаз маралды атқызып, Сарыбай «кие соғудан» қайтыс болады. Осы аңыздар арқылы киік адамның нағыз досы, киелі аң екенін дәлелдемек болған. Халық маралды да киелі санаған. Халықтың аңыз-ертегілерінде мерген оғынан жараланған алтын мүйізді ақ марал шипалы қайнарға келіп, күнде жарасын жуып, жазылып кеткен. Әр түрлі жануарларды аулауға кей кездері тыйым салынған. Бұл тыйым кез-келген уақытта емес, дәл сол жануардың көбею кездерінде болған, мұны «Киесі атады», «Обал болады» деп уағыздаған. Түркі халықтарының өсиетінде «шөпті жұлма, оны жұлсаң, көктей соласың» деп өсиет айтуы, киіз үйді

кез-келген жерге тікпей, өткен жылғы жұртқа тігуі, ескі жер-ошақты пайдалануы, әйелдердің ағын суға кір шайқамауы, т.б. шөп пен суды қастерлеуден туған ырымдар. Жас өрендердің қашанда көңілдері пәк. Сондықтан да олардың өзін қоршаған ортаға қамқор сезімін оятып, қатыгездіктің алдын алуды осындай өнеге-өсиет сөздер мен үлгілі істер арқылы тәрбиелеп отырған. Осының бәрін айтқанда, тыйым сөздерінің түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінде тегіннен-тегін шықпағанын, оның түпкі мәні, көздеген мақсаты, қауіптенген қорқынышы, үміт еткен мүддесі бар. Қоғамдық ортада дұрыс өмір сүру белгілі бір мәдени-әлеуметтік құндылық ретінде бағамдалған. Ол әрбір түркі азаматының өмірлік ұстанымы мен парызы ретінде өмір мәнділік сипатқа ие болған.



2.2. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі негізінде қалыптасқан «түркілік рухы» жетілген тұлғаның жиынтық бейнесі

Түркі халықтарының тағылымдық мұрасындағы түркілік рух негізіндегі ізгілік тәрбиені жетілдірудің басты мақсаты – рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген, отансүйгіштік қасиеті жоғары жеке тұлға. Ал, рухани байлықтың көзі – этномәдениет болып табылады. Адам өзінің даму барысында қоғамдағы мүмкіншілігін, рухани дамуын мәдениеті арқылы көрсетеді. Ол қоғамның дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес мазмұны өзгеріп отырды. Олай болса, мәдениет өзгермейтін, өзгеріске ұшырамайтын нәрсе деп қарауға болмайды. *Этномәдениет* – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің жиынтығы. Түркілер Еуразия жерінде үш мың жыл бойы көшпелі өмір салтын басынан кешіп, сол өмірге лайық тәлтума мәдениетін қалыптастырған көшпелілердің адамзат өркениетінде өз орны бар. Демек, адам ресурсы қоғамдық жағдайда «түркілік рухы» мықты патриот тұлғамен толыға түседі: «Тұлға – қоғамдық үрдісінің басты элементі, қозғаушы күші. Егер тұлғаға анықтама беретін болсақ, бір іспен айналысатын, өзіне лайықты азды-көпті тәжірибесі, білімі, дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі, талғамы, мұраты, бағыт-бағдары бар, өзге адамдармен қарым-қатынас жасай алатын жеке адамды айтамыз. Ол өзінің тәжірибесіне сүйеніп түрлі іс-әрекет жасайды», - дейді [113, 21-б.]. Демек, түркі ұрпақтары тарих сынынан, бәсекелестіктің соқпағынан өткен өте толерантты халық екенін білеміз. Олай болса, түркі халықтарының тұтастығы, түркі мәдениетінің өркендеуі, тәуелсіздікті сақтау, түркілік құндылықтарды бағалау, отансүйгіштікті нығайту, халықтың салт-дәстүрлеріндегі тәрбиелік өнегеліктер т.б негізгі түркілік белгілер болып табылады. Яғни халықтық тағылымдар алдымен сол этностың

тағдыры мен болашағына алаңдап, оның жаңғыруы мен рухының асқақ болуына негізделеді. Халықтың өмір сүруі мен сақталуының кепілі оның тұтастығы мен ішкі бірлігі, ынтымақтастығы мен бірігуі болып табылады. Бұл қағидадан халқымыздың тарихы мен өткен тануға болады. Яғни «Бірлік, ар, намыс, бауырмалдық» басты саяси-әлеуметтік ұстаным ретінде қарастырылады. Ал, этикалық әдебиетте «ар» туралы көптеген анықтамалар мен ережелер кездеседі. Мысалы, Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында аталған ұғым туралы: «Ар, ұят – адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауаптылығын сезінуі және адамның өзіне-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуін бейнелейтін әдептанушылық категория», - деп сипаттама беріледі [114, 394-б.].

Ол үшін жас ұрпақтардың бойында түркілік намыс сезімін оятуымыз қажет. Сондықтан намыс ұғымын анықтап алу үшін, оған берілген түсініктемелер мен тұжырымдамаларға шолу жасауымыз қажет. Белгілі философ Г.Нұрышева мұны қазақ дүниетанымының негізгі ұғымы ретінде тани отырып, оған төмендегіше түсінік береді: «Намыс – қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиеттердің бірі, тіпті ең бастысы десек, қателеспейміз. Қазаққа әлі күнге дейін күш беретін екі қасиет – намыс пен аруаққа сиыну. Ол қазақ табиғатының ажырамас бөлшегі. ...Намыстың ғылыми сипаттамасын беруге талпынсақ, оны әрбір адамның өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігін, рухы мен жанын, ар-ұяты мен сенімін, саналы тіршілік етуші ретіндегі «Менін» аса жоғары асқақ, өр дәрежеде қадір тұту, қастерлеу сезімін ақыл-оймен ұштастырып, сана деңгейінде игере білуі деген анықтама беруге болады», - деп оның тарихи-әлеуметтік тамырларын аша келіп, «Намыс – ұлт пен мемлекет тәуелсіздігінің маңызды компоненті, қазақ ұлты үшін өмірмәнділік мәселе» болып табылатынын бүгінгі заман тұрғысынан да бағалайды [115, 20-б.].

Ал, зерттеуші Р.А.Джанабаева: «Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, күшті лап етпе сезім», сондықтан адамдармен, дос-жолдаспен араласып, қарым-қатынас жасау барысында біреудің намысына тию, адамды жөнсіз балағаттау, қол жұмсап, жәбірлеу барып тұрған әдепсіздік болып саналған», - деп, тәрбиелік-тәжірибелік түрде тұжырымдалған бұл түсініктемеде оның салдарының маңыздылығын атап өтеді [116, 21-б.].

Демек, «Намыс» – арлы адамның өзіне, айналасына, ұлтына кір келтірмес үшін күресте бойына қайрат беретін психологиялық құндылық болып табылады. Түркілердің намысқа ерекше мән беріп, халықтық тәлім-тәрбие жүргізеді. Тарихта оның мысалдары аз емес. Намыс үшін адамдар жанын да қиған. Батырлар, баһадүрлер мен мәмлүктер деп аталған түркілік ұландар өздерінің ар-намысы үшін жекпе-жекке шығып, бастарын қатерге байлаған. Намысты қолдан бермеуге барын салған. Жеке бас қана емес, отбасы, әулетінің, ауыл-аймақ, ата жұртының, ата мен ананың, туыстың абыройын қорғау да намысқа байланысты. Кешегі сұрапыл соғыста ер-азаматтарды туған жерден мыңдаған шақырым қашықта жаумен арыстанша алыстырған ортақ Отанды, одан кейін отбасын қорғау міндеті болса, одан кем емес екінші құдірет – алыста жатқан туған елінің, халқының абыройына дақ түсіріп, сөз келтірмейтін деген отты намыс болатын. Заман қаншалықты құбылып, өткенге көзқарас қаншалықты өзгерсе де, ол азаматтардың әлгі айтылған қасиетті сезімін қазіргі ұрпақ түсінуге, ардақтауға тиіс. Өйткені намыс сенің ұлтыңа, ұлысыңа, саясатыңа тәуелді емес, ол жалпы адамзатқа ортақ қасиет. Заң өзгерер, бәлкім, заман да құбылар. Ал адамшылық өлшемі ешқашан мызғымайды. Сондықтан ешкімнің намысына тимеу қоғамдағы, әсіресе мектеп пен әр түрлі оқу орындарындағы моральдық-этикалық нормалар тәрбиесіндегі басты бағыттарының бірі болуға тиіс.

Яғни осындай сипаттамаларды сараптай келе, тұлғаның бойындағы *түркілік намыс – жалпы өзінің адами тұтастығының сақталуы үшін туындайтын табиғи-әлеуметтік, мәдени-психологиялық сапаларының көрінісі және оны сақтау үшін қарсы белсенді реакция тудыратын өмірмәнділік феномен* деп анықтама беруімізге болады. Демек, намысшылдық рух қазіргі заманғы ұрпақ тәрбиесінің қажетті элементі болып табылатындықтан, оны қалыптастырудың педтехнологиялық-психотехникалық механизмдерін құру да тәрбие үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Осы жоғарыда аталған түркілік тағылымдық құндылықтар деп танылған компоненттерді жетілдіру қазіргі заманның басты талабы болып отыр. Жеке тұлғаның дамуына халықтық педагогикасының мұралары, түркілік тәлім-тәрбие зор үлес қосады. Тәрбие үрдісінде халық педагогикасында тәлімдерін енгізу арқылы қаны да, жаны да таза, елін, жерін, тілін қастерлей алатын азамат дайындауға жол ашады. Бүгінгі мектептің оқу-тәрбие үрдісіне этнопедагогиканың тәлімдерін және әлемдік мәдениет құндылықтарын енгізу мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектерінен орын алады. Осы құндылықтар жаһандану жағдайында мәдени қарым-қатынас және тәлім-тәрбие құралы болмақ.

Түркілердің тәрбиелік құндылықтарының негізінде «жауынгерлік абырой» немесе «абырой» кең мағынада қолданылады. Мағыналық тұрғыда алғанда ар-ұят, құрмет, қадір-қасиет деген ұғымдармен қатар қолданылатын философиялық моральдық ұғым, этикалық категория тұрғысынан алып қарағанда «адам бойындағы ең қасиетті азаматтық құндылықтардың бірі» деп сипаттама беруге болады. Осыған сәйкес, «абырой» сөзінің ғылыми анықтамасына келетін болсақ: *«адам бойындағы ең асыл құндылықтардың, кісілік пен адамгершілік қасиеттердің жиынтығы, кез келген іс-*

әрекеттің, жүріс-тұрыстың, мінез-құлықтың эталоны», - деп анықтама беріледі [117, 490-б.].

Адам абырой үшін қызмет етеді, кейін абырой адам үшін қызмет істейді. Абырой мысқалдап жиналғанымен, қапшықтап төгілуі ықтимал. Сондықтан халық әсіресе жастарға бата бергенде алдымен «Абыройлы болсын!» дейді, «А, құдай, абыройыңнан айырма!» деп отырады. Абырой адамның қоғамдық бейнесін, өз еңбегімен жинаған беделін танытады. Өйткені ол адамның бойына туа біткен немесе өзіне өзі сыйлайтын, беретін нәрсесі емес. Ол – айналадағы адамдардың, халықтың, қоғамның белгілі бір кісіге, оның еңбегіне деген аялы, құрметті көзқарасы. Одан айрылу – өзінің қадір-қасиетін білетін адам үшін өте ауыр жаза. Яғни, абырой – тарихи категория ретінде уақыт өзгерісіне қарай өзгеріп отыруы мүмкін. Ол әрбір кезеңдерге сәйкес әлеуметтік сұраныстарға қажетті талаптар қойлуы мүмкін. Дегенімен, жауынгерлік абырой нақтылы күйінде өзгеріссіз қалуы мүмкін. Яғни, үлгі эталонға сүйену арқылы адам өзінің абыройын сақтай алады. Егер ол эталоннан ауытқып кетсең абыройдан айырыласың. Түркілердің баһадүрлерді соғыс майданынан абыройлы келуін және абыройлы соғысуын қалаған. Егер аталған құндылықтар сақталмаса, оны «ез», «қорқақ», «сатқын» т.б. жазалар қолданылған. Осыған сәйкес, белгілі ғалым Қ.Б.Жарықбаев: «қорқақтық – батырлыққа қарама-қарсы жаман қасиет. Адамның бет-әлпетінен, қимыл-қозғалыстарынан байқалады. Кейбір кезде есінен айрылып құлап қалуы мүмкін», - деп сипаттама береді [118, 34-б.].

Түркілік дәстүрлерді берік ұстану, шариғат шарттарына адалдық, әлемдік ақсүйектік әдептерді жете меңгеру, достық, қарызға беріктік, ең бастысы ұлт мүддесі үшін бәрін құрбан ету сияқты асыл қасиеттерді көшпенділер бойынан табуға болады. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесіндегі отансүйгіштік құндылықтардың маңызын әр қырынан бейнелейді. Сайын

даланы қорғаудағы әскери психологиядағы ұйымшылдық, намыс, қайрат, ерлік т.б. қағидалары үлкен маңызға ие болды. Мәселен, көне түркі жазба ескерткіштерінде: «ел», «халық», «жұрт» «жер-су» ұғымдары рухани-әлеуметтік құндылықтар ретінде қастерленген. Күлтегіннің үлкен жазуында: «...Көкте Түрік тәңірісі, Түріктің қасиетті жері, суы былай депті: Түркі халқы жойылмасын дейді, Ел болсын дейді», - деп келтіреді. Мәселен, Сенека «ар» деп адамгершілік өлшемдеріне байланысты біздің мінез-құлықтарымызды құптайтын немесе айыптайтын ішкі дауысымызды айтады. Стоиктер, яғни ежелгі Стоя қаласының ойшылдары бұл ұғымды адамды қорғап тұрған күшке теңейді. Діни танымда оны адам бойындағы имандылық деп қарастырады [119, 121-б.].

Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыздың хадистерінде «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген пікір бар [120, 130-б.]. Белгілі философ Гегель «ар» жақсылықтың іштей айқындалу үдерісі ретінде бағаласа, философ Ж.П.Сартр оны тұлғаның қоғамдық талаптар қысымына өзінше берген жауабы деп бағалайды [121, 59-б.]. Қазіргі батыстық этикада ардың беделшілдік және гуманистік түсініктері айқындалған. Біріншісі сырттан танылған құндылықтарға икемделумен байланысты болса, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне қатысты. Қазақ халқының дәстүрлі әдеп жүйесінде «ар» ұғымы жоғары бағаланады. Кісіліктің негізгі қасиеттерінің бірі – арға кір түсірмеу. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп халық мақалында нақты түсінік беріледі. Қазақ халқында «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақал бар. Хакім Абай: «арды надандық ұят және шын ұят деп екіге бөледі. Надандық ұяты дегеніміз – жас баланың сөз айтудан ұялғаны сияқты ақылы қысқа, өрісі тар, ойы таяз жанның ұялмайтын нәрсеге ұялуы. Ал шын ұят – шарифатқа, абыройға теріс, ақылға сыйымсыз, сөкет қылықтан ұялуы. Бұл – тек есті адамға ғана тән қасиет», - деп келтіреді [122, 179-б.].

Ал, Шәкәрім барлық әдептілік түсініктерін «ар ілімі» маңайына топтастырған. Ары бар кісі ғана иманды, ізгі, парасатты болып келеді. Шәкәрім айтқан «арлы азамат» – жақсы мен жаманның айырмашылығын терең түсінетін, сөз бен ісі түзу, әділ, намысшыл адам. Оның пікірінше, руханилыққа жеткізетін төрт жол: еңбек, өнер, жалпы білім, ар ілімі [123, 62-б.]. Соңғысы моральдықтың түп қазығы болып табылады.

Мұнда бөрілік рухты көрсетуде қасқыр болмысынан көшірілетін атрибуты бөрі тотемін басқада хайуанаттар мен салыстырмалы тұрғыда «ұйқышыл-жайбасар» аюдан, жер бауырлаған жылан-айдаһардан, тек қана жемтігін аңдумен болатын мысық тәріздес жолбарыс пен арыстан, аспанда қалықтап ұшып, жемтік іздейтін қыран құстар немесе бүркіт т.б. қарағанда «бөрі» абсолюттік менталитеттік сипаттамаларды негізге алады. Осыған сәйкес зерттеуші С.А.Итеғұлованың ғылыми еңбегінде қасқыр бейнесіне төмендегіше сипаттама береді: «түркі халықтарының тотемдік ілкі ата-бабасы болып табылады. Тұтастай бір халыққа қысылған шақта көмекке келеді. Дәрменсіз сәбилерді асырап өсіреді. Жеке адамның нағуалына (жеке тотем) айналады», - деп ол батырлық пен қайсарлықтың, қайраттылық пен тапқырлықтың символы ретінде бейнелейді [124, 11-б.].

Ал, түрколог ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Түркілердің жеке тұлғаны «бөрілік» рухта тәрбиелеу салт-дәстүрлерінде кеңінен насихатталады, яғни «бөрі тотемі Түркі қағанаты кезінен қалған салт-үрдіс болып табылады. Әдетте, Түркілер қытайлармен соғысқанда аттың басына қасқырдың бас сүйегін іліп қоятын болған. Мұны біз «Оғызнама» ерлік дастанындағы Оғыз хан соғысқа аттанарда әскерлерін көкжал бөрі басқарып отыратындығынан көреміз. Демек, түркілік бөрі рухында тәрбиелеу қазақ салт-дәстүрлерінде кеңінен сақталғандығын негізге алуға болады», - дейді [125, 29-б.].

Осыған сәйкес біз деректерге сүйене отырып, жоғарыды аталалған «бөрі» - Ұлы даланы мекен еткен көшпенділердің қай-қайсысында болмасын, қасқырдың тотемдік атауы екеніне көз жеткіземіз. Ықылым заманнан бері бұл сөз «жауынгер» деген ұғымды білдіреді. Орта ғасырларда мұны тек далалық көшпенділер ғана емес, Қытайдан Мысырға дейінгі аралықтағы бүкіл халық білген. Ол елдерде көшпенділерді керуен мен қалаларды, тіпті мемлекетті қорғауға жалдаған, олар әмірлер мен патшаларды қорғаған [126, 14-б.].

Сонымен қатар, «Табиғи-биологиялық бөрі» мен «қоғамдық-әлеуметтік түркілік рухы жоғары тұлға» бірлігін аңсаған мифтік сана генетикалық тұтастық құрылымын жасаған, тұлға бойындағы бөрілік сапалық қасиеттерді ұсынудың этизмі, ел мен жерін қорғауға тәрбиелеудің тәлімдік тәжірибелері тарихи даму эволюциясында ол өмір бойы сақталып, физиологиялық шыңдалғандықтың толыққанды бейнесін табиғатпен ұштастыратын халық жасампаздығының сапалылығын сақтауға қызмет етті. Бөрі тотемі көшпенділік өмір салтында рационалдық: айлакерлік, ептілік, ұқыптылықты, әдіскерлікті т.б. қасиеттерді бойына жинақтаған атрибуттық сапаларды құраған.

Түркілердің негізгі ардақтайтын қасиеттері: намыс пен жігер, тағылым мен әділеттілік, шынайылық пен адалдық этикасының биік талаптарын; жұптасу мен оппозиция, топтық интеграция, тұлғалыққа өту мен көшбасшылыққа ұмтылу қатынастарының әлеуметтанулық асқақ мінберін, үйлесімділік пен теңдікке, өзін және өзгені бағалау, өзге мен өзін тануға, ардақтау мен персоналистік биік деңгейлерге ұмтылатын отансүйгіштік құндылықтар жүйесін ұғындыруға қажетті компоненттерін ашып көрсетеміз. Демек бөрілік рухты түркі азаматы өзіне көшірген деп бағамдауымыз қажет тәрізді. Осы аталған факторлардың жиынтығынан тұратын әлеуметтік

институттағы идеалды адам образы - тән мен рухтың дуалистік бірлігін қатар шыңдайтын тұлға дайындау болып табылады.

Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінде үрдіс бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктермен сипатталады. Халық педагогикасын халықтың үйрету, оқыту, бейімдеу, тәрбиелеу бағыттарындағы ғасырлар бойғы жиған-терген тәжірибелері десек, халықтық тәрбие деп біз белгілі бір ұлттың жеке адамға, соның ішінде балаға тәрбиелік ықпал етуінің тарихи қалыптасқан жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе халықтың бүкіл өмір тіршілігімен, болмысымен бір тұтастықта болады.

Адамзаттың даму тарихында әрбір ұлт өз субъектілерінің сапалылығына, табиғи сұрыпталуға төтеп беретін тұлғалар қалыптастыруға, өмір мен тәжірибе арқылы шыңдалып өсуіне аса мән беріп, «жан-жақты жетілген» ұрпақ қалыптастыруды ниеттеген. Осыған орай, біз жан-жақты жетілген, ой-өрісі кең, түркілік отансүйгіштік сезімі жоғары тұлғаны «түркілік рухы» жетілген тұлғаның жиынтық бейнесі арқылы түсіндіреміз (Сурет 1).

Тәрбие үдерсінің құрамды бөлімдері	«Түркілік рухты» тұлғаның жиынтық бейнесіне сипаттама
Бағыты	«Түркілік рухты» тұлғаға тән екі қасиет: Біріншісі – қайтпас қайсарлық, парасат пен ақыл қажет. Екіншісі – батылдық пен төзімділік. Түркілік дәстүрлерді берік ұстану, шарифат шарттарына адалдық, әлемдік ақсүйектік

	әдептерді жете меңгеру, достыққа беріктіктік т.б.
Қағидалары	Түркілік мінез, түркілік білім, түркілік бауырмалдық, түркілік рух, түркілік сана, қасиет.
Мақсаты	Этникалық беріктік, халықтық мұраларды насихаттаушы, тән құрбандығына дайын болу, ел қорғау мақсатын міндетке айналдыру т.б.
Міндеттері	Рухани, әлеуметтік асыл мұрат бауырмалдық, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, от басынан басталатын Отанының нығая беруі, оның рухани-мәдени байлығын кеңінен таныту, елдік пен бірлік, мемлекеттілік пен тұтастық ұстанымдары.
Мазмұны	Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» кітабы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» кітабы, Зия Көкалыптың «Түркішілдік негіздері», Бердақтың «Төрткүл», «Қырық қыз» атты еңбектері, Ғабдулла Тоқайдың «Татар халық ижады», «Батырлар жыры», «Татар яшьләре», «Елның дүрт фасылы» атты кітаптары, Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан», «Қорқыт» шығармалары.

Құралдары	Ойшылдардың мұраларынан ғибрат алу, түркі халықтарының өнегелік сөздері, ерлікке баулудағы жыраулар толғаулары, шешендердің суырып салма сөздері, хикметтер, діни уағыздар, тафсирлер т.б.
Қабілеті мен іскерлігіне байланысты	Көсем жігіт, дана жігіт, ержүрек жігіт, күрескер жігіт, шаруа жігіт, сұңқар жігіт, сұлтан жігіт, арыстан жігіт, қасқыр жігіт, нар жігіт т.б.
Нәтижесі	«Түркілік рухы» жетілген тұлға

Сурет 1 – «Түркілік рухы» жетілген тұлғаның жиынтық бейнесі

Аталған «түркілік рухы» жетілген тұлғаның жиынтық бейнесінің сапаларына түсінік беретін болсақ, әйгілі қазақ батыры Б.Момышұлы: «Жігерлену дегеніміз – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй», - дейді [127, 57-б.]. Яғни жігерлі тұлғаға отансүйгіштік тұрғыдан сипаттама береді. Ол қоғамдық ортада өзінің мейірімділігімен, бауырмалдығымен ерекшеленеді. Мейірімділік дегеніміз – ол адамгершілік сезім, жеке тұлғаның бойында тәрбие негізінде қалыптасады. Ал, бауырмалдық дегеніміз – ана сүтімен дарыған асыл қасиет. Сондай-ақ, өнерге деген көзқарасына байланысты, шеберлік үйрену, білу барысында қалыптасатын ептілік болып табылады. Халқымыз «жігітке жеті өнер де аз» деп айтады. Оқу-білім үйретуде маңызды қасиеттерге зеректік, алғырлық, тапқырлық т.б. жатады. Зеректік табиғат берген дарындылықтың білім үйрену барысындағы көрінісі деп айтамыз. Ал, алғырлық дегеніміз – ерекше белсенділіктің, іс-әрекеттің жемісі. Мұндай қасиеттердің өзі тұлғаның құрамдас бөлігіне сипаттама береді. Жалпы адам баласына тән қасиеттердің бірі руханилық (рухты, иманды, адал т.б.) болып табылады. Рухы мықты дегеніміз

тылсым күштердің әсерінен болатын сезім. Кейбір ғылыми еңбектерде рухты аруақпен қатар түсіндіреді. Нақты деректерге сүйенсек, «Аруақ, күш, қуат т.б.» деген сөздердің ауыспалы мағынасы деп сипатталады. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесінде үрдіс бірін-бірі қайталамайтын ерекшеліктермен сипатталады. «Түркілік рухы мықты» тұлға көшпенділер дүниетанымынан басты орын алатын жалпыадамзаттық моральдық рухани құндылықтар мен халықтың ата салты қағидаларын сақтау өлшеміне негізделген. Сондықтан әрбір тұлғалықты құрметтеу персонализмі – оны халықтық рухта жігерлендіру, өзінің түркі жұртының айбынды өкілі екендігін сезіндіру болып табылады. Олай болса, тұлғалыққа өту сынағында, сол жеткіншек ата-ананың немесе әлдебір бауырларының көмегінсіз өзі ғана шыңдалады. Демек, тәлімгерлік ой-пікірлерде ұрпақтардың өз бетінше, өзін-өзі іске асыруда, өзін-өзі өмірге дайындауда, өмірге белсене араласуда ешкімнен көмек күтпейтіндей өз істерін жеке оқшау атқаруы қажеттілігі мойындалды. Оның алдында сайын даланы еркін мекендеген, өршіл рухты, асқақ жігерлі көшпенділердің биік талаптары тұрады.

Түркі халықтарының этнопедагогикасының тағылымдық ресми бастаулары, арнайы құрылған түркілік тәрбие негіздерінің, халықтың дала мәдениетіндегі өнегелілік үлгілердің, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына айналған өзіндік тәлімдік ой иірімдері арқылы, төлтума озық ғибраттық идеялары бойынша, парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін тәрбиелік үрдістермен айрықша орын алады. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние пендешілікке тән. Сондықтан Абай Құнанбайұлы: «менікі» өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіңнің өзіңнен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат, адам бол деп үйретеді. Ал Ж.Аймауытов: «Тәрбиенің түпкі

мақсаты – адамды маңайындағы табиғат төңірегіне, әлеумет төңірегіне ыңғайласуға ықпал беретін құрал күш жасап беру» екенін айтса, белгілі түркі жұртының ақыны М.Жұмабаев: «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса, өзін аса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолда құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі болып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» - деп айтылған ойды тарқата түседі.

Сөзімізді түйіндей отырып, жеке тұлғаның бойында түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі негізіндегі «Түркілік рухы» мықты тұлғаның жиынтық бейнесі туралы мағлұмат берудің өзі ер болғанының өзінде де оның қаһарман, айналы, бауырмал, дұшпанына қатал, достарына адал т.б. қасиеттер болуы қажет. Осындай қырларына байланысты батырларды ұлтымыз құрмет тұтқан және ерліктерін аңызға айналдырған. Жалпы түркілер әлемдік дегейдегі әскери энциклопедияларда бірнеше ұғымдармен кездеседі: «ғұн», «сақ», «бөрі» «мәмлүк», «ұлан», «баһадүр» т.б. – осы көшпелілерден таралған әскери дәстүр болып есептеледі. Сәйкесінше, баһадүр түркі қоғамы үшін жауынгерлік өмір талабының айшықталған бейнесі. Баһадүр тұлғасының негізі – ел мен жерін қорғау үшін ғана арналғандықтан, олар әлемді «өзі» және «өзге» деп екіге бөледі, яғни өзі – ізгілік, өзге – зұлымдық. Осыдан отансүйгіштік ұғымы туындайды. Отансүйгіштіктің қалыптасуының жеке-даралық, психологиялық, әлеуметтік шеңберлерін бөліп көрсетуімізге болады. Табиғи инстинктінің өзін-өзі сақтаудың тәндік қуатқа негізделетін түрі – даралық, қорғану объектілерінің көлемділігі –

отбасын, елін қорғауға дейін кеңейе түседі, ал әлеуметтік сипат алған қорғану – елін, жерін қорғау шеңберіне келіп тіреледі.



Қорытынды

Бүгінгі таңдағы еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, түркілік рухани мұраларымыз бен көне дәстүрлерімізді қайта жаңғырту мен дамыту, ұлттық болмысымызды тұтастай архетиптік тұрғыдан зерделеуде түркілік дүниетанымның құрылымдық генетикалық ой-түсініктерін бағамдауда, соның ішінде түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұралары арқылы отансүйгіштік тәрбие берудің алатын орны ерекше. Осыған сәйкес, түркі патриотизмінің негізін түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұралары арқылы отансүйгіштік тәрбие берудің маңызы Отан қорғаудағы жоғары сезімдердің этникалық және тағылымдық сипатын қарастырады.

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұралары арқылы отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыру басты міндет болып саналады. Отансүйгіштік тәрбиенің бастаулары түркілік патриотизмнің көсемдері Күлтегін, Тоныкөк т.б. батырлар ісіне негізделеді. Сонымен қатар ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда негізгі орын алады. Этностың тарихи-мәдени дамуындағы «жаугершілік» деп аталатын кезең белгілі бір қатаң хронологиялық уақытпен ажыратылмайды, өмір сүрудің эволюциялық бейімделуінен туындайтын заманауи ерекше салтты құрайды.

Демек, түркілік тәрбиенің негізі түркілік ерлік дәстүрлерінен бастау алады. Сондықтан түркілердің тәлім-тәрбиелік мұралары әлдебір соғыстарды бейнелейтін тарих, зұлымдықты сипаттайтын қайсыбір әңгіме, әділетсіздікке үгіттейтін насихат емес, ел бірлігі мен ұлтын сүюді, отаншылдық

пен туған жерге махаббатты қастерлеуге шақыратын тәрбиелік туындылар. Бұл елімен, жерімен біте қайнасқан, төл жер-ананы құшатын жарық дүниедегі дауылпазды шабытты, жігерлі перзенттері мен ұлдарын қамтамасыз ету талабын қажет етті. Себебі өткен ата-баба өсиеті осы сахаралық мекенді мәңгілік сақтауды үнемі келер ұрпаққа табыс етіп отырды.

Сондықтан да өткен тарихқа үлкен құрметпен қарау және оны танып білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негізін айқындау, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, түркі халықтарының арасындағы мәдени сабақтастықты жаңғырту, өркениетті мемлекет құру қазіргі кезеңдегі қоғам талабы болып отыр.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай **ұсыныстар** жасауға болады:

- орта мектепте, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында түркі тарихы, түркі мәдениеті, әдебиеті, педагогикасы, психологиясы, этнографиясы және түркі халықтарының ғұламалары туралы деректерді оқыту пәрменді ұйымдастырылуы қажет.

- ХХІ ғасырда әрбір түркі халықтарының ұрпағы, соның ішінде қазақ халқы түркілік дәстүрлерге бай болып табылады, соны насихаттауда тұтас түркі халықтарының отбасында, қоғамдық орындарда тағылымдық консультациялар ұйымдастырылуы керек.

- болашақ мамандарды түркі халықтарының этнопедагогикасының мақсаты және міндеттерімен таныстырып, этнопедагогиканың ғылыми-теориялық негіздері жайында білім беру жолға қойылуы қажет;

- туыстас түркі елдерімен кең көлемде ақпарат алмасу, яғни тіліміздің, дәстүріміздің ұқсастығына сай бірыңғай алфавитке көшу жағдайы күн тәртібінен түспеуі керек;

- ғаламдық деңгейде проблемаға айналған жаһандану тұсында түркі бірлігін, түркі патриотизмін қалпына келтірудегі этномәдени дәстүрлерді дамыту қажет.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан түркілік және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру тұлға бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.



Глоссарий

Ақыл-ой тәрбиесі – ғылыми білімдер жүйесін, интеллектуалдық іскерлік пен дағдыларды, ғылыми-материалистік көзқарасты, шығармашылық ойлауды, танымдылық қызметті, қабілетті, ой еңбегі мәдениетін қалыптастыруға арналған мақсатта бағытталған процесс.

Ар-ұят – ізгілік пен мейрімділікті, имандылық пен инабаттылықты білдіретін ұғым. Ол адамның әдептілік нормаларды сақтап, одан аспауына, іс-әрекеті мен мінез-құлқына баға беруі мен байланысты туындайтын қасиет. Бұл адамның өзінің қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігін терең сезінуінен туындайды. Ұят ішкі сезіммен байланысты туындап, сыртқы бет әлпет пішіннен көрініс табады.

Әдеп – халқымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, әйелінің ері алдындағы немесе ерінің әйелі алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің көрінісі. Мысалы, ата-ананы, үлкендерді сыйлау, сәлем беру, үлкен адамның жолын кеспеу т.б. әдептілік нормаларды айтады. Әр адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі және т.б. халықтық тәрбиенің өзін-өзі тану жолындағы үлгісі болып табылады.

Әдет – әрбір жеке адамның бойындағы қасиеттер. Әдеттің жақсысы да болады, жаманы да болады. Мысалы, біреу жаман қылықтарды жасайды, өтірік айтады, енді біреулер басқаларға жақсылық жасайды, ата-баба салтын ұстайды. Мұның бәрі халық ұғымында әдет деп аталады.

Дәстүр – күнделікті өмірде терең орын алып, ұжымға, әлеуметтік қауымға арналған мінез-құлық ережесі, іс-әрекеттер, адамдар арасындағы қарым-қатынасты сақтау әркімнің

қоғамдық қажеттілігіне айналып, ұзақ мерзімді тәжірибе негізінде қалыптасады.

Ибалылық – үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау, инабатты болудың белгісі. Ибалы адам өзінің кішпейілдігі мен ізеттілігі мен адалдығымен қоғамдық ортада белгілі болады.

Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы.

Құқықтық тәрбие – азаматтардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын, құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру, ақпараттық және ұймдастырушылық сипаттағы шаралар кешені.

Мектеп – (араб тіл. **мактаб** – жазатын орын) – мұсылмандардың алғашқы оқу орны.

Менталитет (ағыл. **mentality** – ойша, ойдағы) – ақыл-ой қабілеті, ақыл-ой дамуы, психика; халықтың интеллектуалдық, ақыл-ой, психологиялық қабілетінен шығатын, олардың өмірінің тарихи, геосаяси, климаттық, этнографиялық, этникалық және тұрмыстық жағдайымен берілген, ерекше тән белгілердің жиынтығы.

Нақыл – өнеге-өсиет, тақпақ, жыр негізінде айтылатын тәжірибеден алынған тәрбиелік сөз. Ұлы адамдардың нақыл сөздері жастардың жадында сақталып, зор тәрбиелік рол атқарған.

Намыс – арлы адамның өзіне, айналасына, ұлтына кір келтірмеу үшін күресте бойына қайрат беретін сезім. Қазақ халқында намысқа ереше мән беріп, бала тәрбиесінде намысты, қайратты болуға үйреткен.

Отансүйгіштік тәрбие – халық дәстүрлері негізінде адам баласының бойына жинақталған ерекше белгі. Ол әрбір жеке тұлғаның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір тұлға өз Отанының патриоты болады.

Отбасы – туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, ата-анасы, әжесі т.б.), бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық бірлікте өмір сүретін адамдар. Мынадай функциялар жүзеге асырылады: репродуктивтік, яғни балалардың тууы; шаруашылық-экономикалық; тәрбиелеушілік; адамгершілік-психологиялық ахуалды қамтамасыз ету; отбасы ішілік қарым-қатынасты ұйымдастыру; бос уақытты өткізуді ұйымдастыру.

Өнеге – ұлағатты адамдардың жастарға көрсеткен үлгісі, айтқан насихаты.

Өсиет – кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге, ата-ананың ұрпағына айтқан тәрбиелік сөздері. Қазақ этнопедагогикасында халықтың ұлы адамдардың тәрбиелік өсиеттері ауыз-екі, кейде тасқа ойып жазған. Мысалы, Орхон-Енисей жазуын айтуға болады.

Патриотизм (грек. *patris* – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

Рух – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана – сезімі мен қимыл-әрекетінің озық тұжырымы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі.

Салт – халықтың кәсіп, сенім, түсінігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрдің бір түрі. Салт өз уақытына қарай жаңарып, қоғамдық болмыс ұстанымдарына бейімделіп отырады. Сондықтан салттың белгілі бір дәуірге тән сипаты басым. Әдеби тілде салт пен

дәстүрдің ішкі айырмасы ескерілмей, көбінесе салт-дәстүр түрінде бір ұғымда қолданылып жүр.

Тәрбие – 1) әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасы мен орындайтын қоғамның функциясы; 2) педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады.

Тәрбие құралдары – тұлғаға бағытталған іс- әрекеттердің түрлері, көрнекі құралдар, көптеген коммуникация құралдары, педагогикалық ықпал жасау құралдары (мұғалім, ата-аналардың, ересек адамдардың сөзі, олардың өнегесі т.б.) жатады. Оқушы тұлғасының қалыптасуында – тәрбиенің негізгі және толық құралдарын тиімді пайдалану, яғни тәрбиедегі шешуші рөл атқаратын нәрсе оқшауланған құралдар емес, керісінше олардың үйлесімді құрылған жүйесі екенін практика көрсетіп отыр.

Тотем – адамдардың нақты бір тобымен «туыстас» болатын тіршілік иесі (көбінесе жануар немесе өсімдік). Тотемизм ертеде келе жатқан қоғамдық құрылымдаға тән қандас туыстық қатынастардың табиғатқа проекциялануы болып табылады. Тотемнің болуы – ойлау үшін мәнді таптастыру функциясының және когнитивтік процестердің туындауы мен дамуына негіз болады.

Түркі патриотизмі – тұтас түркі әлемінің ерлік, қаһармандық дәстүрлерін қасиет тұтатын және бүкіл түркі мүддесіне адал қызмет ететін жеке тұлғаны қалыптастырудағы отансүйгіштік тәрбие жүйесі.

Түркі тағылымдық танымдары – түркілік өркениет пен рухани өміршендігінің көзі, ол түркілік бауырмалдық рухқа айнала отырып, онымен мәңгі бірлікте өмір сүретін этникалық тағылымдар жүйесі болып табылады.

Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі – дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени мирасқорлықтың халық болмысындағы тұтастығының негізі, этникалық қоғамның базисінің саяси-әлеуметтік-мәдени қондырмасы, түркі халықтарының жасампаздығы мен мәңгілік өміршендігінің тұжырымдамалық теориясы бола отырып, «өткен-бүгін-болашақтың» бейнесін әйгілейтін этникалық сана-сезімнің көрінісі.

Түркілік бауырмалдық – дегеніміз, сол халықтың құрамындағы тұлғалардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, елдің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты.

Түркілік білім – білім мазмұнындағы түркілік дүниетаным мен болмыстың көрінісі, діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі деп айтамыз.

Түркілік мінез – дегеніміз, түркі халықтарына тән этнопсихологиялық ұқсастықтары мен ерекшеліктердің жиынтық бейнесі болып табылады.

Түркілік рух – күрделі құбылыс, оның құрамына түркілерге тән метаэтностық сана мен сезім арқылы дамидын метаэтностық константа және тарихи жағдайларға сәйкес қалыптасатын құндылық бағдарға негізделген идеологемалар.

Түркілік тәрбие – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, ізгілік, отансүйгіштік деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік т.б. тағылымдық өнегелер.

Ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педагогикалық үдеріс бағытталған.

Түркілік ұстанымдар – дегеніміз түркі халықтарының жалпы бағдары мен мақсаттарының, түпкі ниеті және түркілік құндылықтар негіздерін сақтау мен өркендетуге бағытталған перспективті көзқарастар.

Тыйым – жаман, жағымсыз істен аулақ болуды талап ету. Тыйымдар тәрбие берудің негізі болып табылады. Діни наным-сенімдерге байланысты қазақ халқында тыйым сөздер көптеп кездеседі. Сол арқылы балалардың жаман әдеттерден аулақ болуына қолданылғын тәрбие құралы.

Ұят – адамның ұждан мен қоғамдағы моральдық принциптерге үйлеспейтін жағымсыз, теріс қылық жасаған кезде байқалатын сезімі. Ұят – адамгершілік қасиеті мол, парасатты адамдарға тән сипат. Ұялу сезімі сәбилік, балалық шақта үлкендердің іс-әрекетінен өнеге алу арқылы қалыптасады.

Үлгі-өнеге – жеке адамның басқаға үлгі көрсетіп, өнегесін үйретуі. Жеке тұлғаның білімділігі, еңбекқорлығы, имандылығы, үлгілі мінез-құлқы жастарға үлгі-өнеге болады.

Халық педагогикасы – бұл тәжірибе жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, мәлімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжіребесінің өнімі ретінде, көбіне ауызша түрде бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Халық педагогикасы мұрасы халық жасаған ертегілерде, аңыздарда, эпос, және мақал мәтелдерде сақталады және әртүрлі халықтардың ұлттық саяси және дәстүрлерінің призмасынан сынып, түбінде жас ұрпақты халық бұқарасының ең жоғары идеалында тәрбиелеуде және оқытуды мақсат етіп қояды.

Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып, өрлеуі, шығармашылық толғанысының жоғарғы шыңы.

Ырым – тұлғаның жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекеті. Ырымның тәрбиелік мәні зор болып табылатын арман тілектерінен тұрады. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұсауын жүйрік, жолы болғыш адамға кестіру т.б.

Ізгілік – адамның әдептілік дәрежесі. Оның қоғамдағы жағымды адамгершілік бейнісінің көрінісі.

Этномәдени білім беру – бұл жеке адамды ана тіліне және мәдениетіне баулу арқылы, сонымен қатар дүниежүзілік мәдениеттің құндылықтарын меңгеруге бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің жүйесі. Этномәдениеттік білім беру - ұлттық негіздегі оқыту мен тәрбиелеудің жүйесі. Этномәдени орта – халықтың этникалық санасын көрсететін мәдени құндылықтар.

Этнопедагогика – теориялық ойлаудың, ғылымның үрдісіне қатынасты. Ол халық бұқарасының өсіп келе жатқан ұрпағын тәрбиелеу тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыстық, педагогика, отбасылық, рудың, тайпаның, халықтың және ұлттық педагогика туралы ғылым.

Этнопсихология – адамның психикасының этникалық ерекшеліктерін, ұлттық мінезді; ұлттық өзіндік сананың функциясының және қалыптасуының заңдылықтарын, этностық таптаурындарды т.б. зерттейтін пәнаралық білім саласы.

Этнос – тілінде, мәдениетінде, мінез-құлқында ортақ ерекшеліктері бар. Белгілі бір аумақта (территорияда) тарихи қалыптасқан, өз қауымдастығының бірлігін сезінетін адамдар жиынтығы. Мысалы: тайпа, ұлыс, ұлт. Бұлардың әрқайсысын кейде «халық» деп те атайды.

Әдебиеттер

1. Айталы А. Ұлттану /Оқу құралы. – Алматы: «Арыс», 2000. – 237 б.
2. Есім Ғ. Қазақ Ренессансы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 98 б.
3. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы /Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 216 б.
4. Сейдімбек А. Ұлттық идея // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 15 тамыз
5. Сағидоллаұлы Қ. Ұлттық идеямызға көршінің көзқарасы немесе неге біз үшін басқаның басы ауырады? // Айқын. – 2008. – 7 тамыз.
6. Жалпы психология /В.Богословский және т.б. – Алматы: «Мектеп», 1979, – 240 б.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 199 б.
8. Гумилев Л.Н. Көне түріктер /Аударған Ә.Жұмабаев, П.Бисенов.– Алматы: «Білім», 1994. – 480 б.
9. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін... /Құрастырып, алғысөзін жазған филол.ғ.д., профессор Қ.Ергөбек. – Алматы: «Ана тілі», 2004. – 344 б.
10. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, - 2005. – 187 б.
11. Қожа Әли Термизи. Наурызнама // Қазақ әдебиеті. – 1996. – №12. –8-14 бб.
12. Шежіре /Орталық ғылыми кітапхана қоры. 1936 папка.

13. Шәкәрім. Наурыз // Қазақ әдебиеті. – 1993. – №9. – 13-14 бб.
14. Жамалетдинов Л. Көнкүреш әкиятләре. – Казан, 1986. – 92 б.
15. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары /Құрастырған С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс», 2005. – 1-т. – 328 б. +24 б. суретті жапсырма
16. Тоқтабай А.У. Түрік халықтарының этнографиясы /Көмекші оқу құралы. – Алматы, 2002. – 70 б.
17. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану /Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2007. – 312 б.
18. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакцияны басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
19. Смағұлов Е.М. Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси қызметі (XVIII–XIX ғғ. деректері бойынша). Тарих ғылымдарының кандидаттық дисс. Автореф. 07.00.07 – этнография, этнология және антропология – Алматы, 2007. – 26 б.
20. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Рауан», 1991. – 176 б.
21. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Қайнар», 1994. – 144 б.
22. Болғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: «Қайнар», 1983. – 128 б.
23. Қазақ халқының салт-дәстүрлері/ Құрастырған Б.Ж. Жүсіпова. – Алматы: «Көшпенділер»баспасы, 2007. – 160 б.

24. Лүтфи Шентүрік. Ислам дiнiндегi арамдар және үлкен күнaлар. /Аударған Сәуле Дағайқызы. – Анкара, 2003. – 63 б.
25. Мұхаммед Әли әл-Хашими. Мұсылмандық тәрбие/ Аударған Е.Тоқмырзаұлы. – Алматы: «Шапағат-Нұр», 2002. – 104 б.
26. Бұлұтай М.Ж. Ата баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: «Білім», 2000. – 504 б.
27. Бабыр З.М. Бабырнама/Аударған Б.Қожабекұлы. – Алматы: «Ататек», 1993. – 416 б.
28. Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна (Сарқұлов А.). Замана көшіндегі дін ақиқаты: Дін. Тарих. Этногенез. – Алматы, 2006. – 528 б.
29. Өзбекстан Мемлекеттік Архиві. И-1-қор, 32-тізбе, 384-іс, 1-11-п.
30. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық /Құраст. Мағауин М., Байділдаев М. – Алматы, «Жазушы», 1989. – Т.1. – 384 б.
31. Исәнбәт Н. Татар халық Мәкальләре. – Казан, 1990. – 183 б.
32. Этнография татарского народа. – Казань: «Магариф», 2004. – 287 с.
33. Әдәбият хрестоматиясы /Төзүчесе: Р.Гыйззәтуллина. – Казань: Татогосиздат, 1941. – 268 б.
34. Уразманова Р.К. К вопросу этнографической истории татарского народа. – Казан, 1986. – 280 с.
35. Надиров И. Халык һәм жыр. – Казан, 1961. – 194 б.
36. Урманче Ф.И. Татар халық ижаты. – Казан: «Мәгариф», 2005. – 383 б.

37. Хайруллин Г.Т. Традиционная культура татарского народа. – Алматы: «Қанағат – ҚС», 2000 – 120 с.
38. Хайруллин Г.Т., Хамидуллин А.Г. Казахстан – наш общий дом. Татары. – Алматы: «Білім», 1998 – 128 с.
39. Этнография татарского народа. – Казань: «Магариф», 2004. – 287 с.
40. Скағиқызы Ә. Түркі әлемі – кеше, бүгін, ертең // «Түркі әлемінің ролі» атты халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. – Алматы, 2009. – 99-104 бб.
41. Қорқыт ата кітабы / Құраст.Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: «Жазушы», 1986 – 128 б.
42. Türk dünyasi el kitabı. – Ankara, 1992. – 535 s.
43. Türk folkloru. Pentev Waili Boratav. – Istanbul, 2003. – 383 s.
44. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: «ҒЫЛЫМ», 1987. – 368 б.
45. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.7. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
46. Большая Советская Энциклопедия. «Никко-Отлиты» /Гл. ред. А.М.Прохоров и т.д. – М.: «Советская энциклопедия», 1974. – Т.7. – 632 с.
47. Ногай халық йырлары /Тузуьвши С.А.Калмыкова. – Москва, 1969. – 215 б.
48. Ногайдынъ кырк баътири. Эдиге /Туьзген Ашим Сикалиев. – Махачкала, 1986. – 157 б.
49. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960. – 203 с.

50. Ногай халық йырлары /Тузуьвши С.А.Калмыкова. – М., 1969. – 215 б.
51. Сафаргалиев М.Г. Ногайская Орда. – Саранск, 1967. – 346 с.
52. Сикалиев А.М. Ногайский героический эпос. – Черкесск, 1994. – 328 с.
53. Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері /Құрастырған, аударған Н.Оңдасынова. – Алматы, 1997. – 208 б.
54. Жер жүзінің жүзге жуық жұртының жұмбақтары /Құрастырған және аударған Қ.Мырза Әли. – Алматы, 2004. – 424 б.
55. Қарақалпақ әдебиятының тарихы /Құрастырған Н. Жапақов, Қ.Мәмбетов, Қ.Сұлтанов. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1983. – 230 б.
56. Айымбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1988. – 492 б.
57. Материалы и исследования по этнографии Каракалпаков /Под ред. С.П. Толстова. – М.: «Издательство АН СССР», 1958. – Т.3 – 412 с.
58. Қарақалпақ фольклоры /Редакциясын басқарған Қ.Мақсетов. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1975. – 3-т. – 208 б.
59. Айымбетов Қ. Халық даналығы. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1988. – 492 б.
60. Сағитов И.Т. Қарақалпақ халқының қаһарманлық эпосы. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1986. – 348 б.
61. Жиен жырау. Қырық қыз. Қарақалпақ халқының қаһарманлық дастаны. – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1959. – 572 б.

62. Байназаров Ж.А. Қазақ АКССР-і құрамындағы Қарақалпақ Автономиялық облысының қалыптасу тарихы (1924-1930): тарих ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2008. – 150 б.
63. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. «Ә-Г» /Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 2-т. – 720 б.
64. Антология башкирской поэзии. – Уфа: «Китап», 1971. – 254 с.
65. Ысқақов Б. Қазақ-башқұрт әдебиеттері байланысы тарихынан // Казахская литература и ее интернациональные связи. – Алма-Ата: АН Каз. ССР, 1973. – С.78-126
66. ГАОО. Ф.1. О.1. Д.1. Л.194-195.
67. ГАОО. Ф.1. О.1. Д.1. Л.125 об.
68. Лобысевич Ф. Главные начальники Оренбургского края (1734-1878 // Военный сборник. – 1872. – №5. – С.43-68
69. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828) /Под ред. М.П.Вяткина. – Москва–Ленинград: Издательство АН СССР, 1940. – Т.4 – 543 с.
70. Кононов А.Н. Опыт анализа термина «тюрк» // Советская этнография. – 1949. – №1. – С.41-52.
71. Халид К. Тауарих хамса: Бес тарих. – Алматы, 1992. – 304 б.
72. Қазақ Совет энциклопедиясы. «Ә-ВЕНГЕРЛЕР» /Бас ред. М.Қаратаев. – Алматы: «Қазақ Совет Энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1973. – 2-т. – 640 б.

73. Башкорт халық ижады. Тарихи кобайырзар, хикәйәттәр /Яуаплы ред. М.Кадыров. – Өфе: «Китап», 2000. – 5-т. – 392 б.
74. Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері /Құрастырған, аударған Н.Оңдасынова. – Алматы, 1997. – 208 б.
75. Мақалнама (Әр елдің мақал-мәтелдерінен және ойшылдардың нақылынан) /Аударған М.Әлімбаев. – Алматы, 1970. – 272 б.
76. Жүз халықтың жұмбағы (Башқұрт, Мордва, Татар халық жұмбақтары) /Аударған Қ.Мырзалиев. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 48 бет.
77. Башқұрт ертегілері /Аударған Б.Өтембаева. – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1960. – 123 б.
78. Сөләймәнов А., Рәжәпов Р. Башкорт халқының эпосы. – Өфе: «Гилем», 1998. – 125 б.
79. Башкорт халық ижады. Эпос /Яуаплы ред. Ғ. Б.Хәсәйнов. – Өфе, 1981. – 3-т. – 290 б.
80. Қазақ мақал-мәтелдері – Казахские пословицы и поговорки /Құрастырған және аударған М.Аққозин. – Алматы, 2000. – 212 б.
81. Қазақ халық әдебиеті /Құрастырған С.Садырбаев. – Алматы: «Рауан», 1990. – 240 б.
82. Қазақ мақал-мәтелдері /Құрастырған Ө.Тұрманжанов. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 176 б.
83. Қазақ мақал-мәтелдері /Құрастырған Ж.Дәуренбеков. – Алматы: «Ана тілі», 2001. – 192 б.
84. Ысқақбаев Ә. 777 жұмбақ. – Алматы: «Ана тілі», 1994. – 112 б.

85. Қазақ жұмбақтары. Жинақ /Құрастырған А.С.Аманжолов. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 112 б.
86. Әуезов М.О. Өмірі мен шығармашылық шежіресі. – Алматы, 1997. – 786 б.
87. Керкұла атты Кендебай. Қазақ ертегілері /Құрастырған Қ.Баяндин. – Алматы: «Қайнар», 1997. – 206 б.
88. Барласұлы Т. Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді // Қазақ әдебиеті. – 2000. – №39.
89. Ертегілер /Жауапты шығарушы А.Айдашев. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 4-т. – 304 б.
90. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. «П-Т». «ПЛАНЕТАРИЙ-ТАНДЫРУ» /Жалпы ред. басқарған А.Ы.Ысқақов. – Алматы: «Ғылым», 1985. – 8-т. – 591 б.
91. Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер /Құрастырған Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 364 б.
92. Керкұла атты Кендебай: Қазақ ертегілері /Құрастырған Қ.Баяндин. – Алматы: «Қайнар», 1997. – 206 б.
93. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Дастандар /Жауапты шығар. Т.Алпысбаев. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 1-т. – 304 б.
94. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: филол. ғыл. д-ры ... автореф.:10.01.02. – Алматы, 1997. – 55 б.
95. Батырлық дастандар /Құрастырушы Ү.Сүбханбердина. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 376 б.
96. Ертегілер. Көп томдық. – Алматы: 1988. – Т.1. – 180 б.
97. Илиясова Ы. Қозы мен Баян қай жерде өмір сүрген? // Зерде. – 2003. №2. – 24-25 бб.

98. Қозы Көрпеш – Баян сұлу /Баспаға әзірлеген
Ә.Марғұлан. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 96 б.
99. Батырлар жыры /Құрастырған, алғысөзін, түсініктерін
жазған О.Нұрмағамбетова. – Алматы, 1986. – 264 б.
100. Батырлар жыры. – Алматы, 1987. – 3-т. – 304 б.
101. Қазақтың батырлық эпосы /Құрастырған С.Дәуітов.
– Алматы: «Рауан», 1992. – 104 б.
102. Ақ сауыт /Батырлар жыры. 2 томдық. – Алматы:
1977. – 318 б.
103. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы»,
1985. – 560 б.
104. Қоңыратбай Т. «Қоңырат» эпосының тарихи-
эпикалық сипаты // Ұлт тағылымы. – 2000. – №3. – 55-65
бб.
105. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. – Алматы:
«Атамұра-Қазақстан», 1993. – 168 б.
106. Қалиев С., Оразаев М. Қазақ халқының салт-
дәстүрлері /Оқу құралы. – Алматы: «Рауан», 1994. – 224
б.
107. Жұматаева Е. Ұшқан ұя ұлағаты // Тәрбие құралы. –
2003. – №1. – 21-22 бб.
108. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. –
Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 656 б.
109. Кенжахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.
– Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2005. – 284 бет,
суретті.
110. Болат Бопайұлы. Қазақ кәдесі. – Алматы:
«Бастау»ЖШС, 2003. – 192 б.

111. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық. Қарасөз тағылымы /Құр. Қалиев С., Аюбай К. – Алматы, 2007. – Т.2. – 416 б.
112. Ата салтыңды аяла. Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным/ Құрастырған Н. Ақбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 160 б.
113. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. –Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
114. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. «А-Ә» /Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – Т.1. – 720 б.
115. Нұрышева Г.Ж. Философия /Оқу құралы. – Алматы: «ЗИЯТ-ПРЕСС», 2006. – 204 б.
116. Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері: пед. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 2006. – 42 б.
117. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы./ Бас ред. И.Н.Тасмағамбетов. Он томдық. 3-том. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 504 б.
118. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдептану негіздері: Оқу құралы V-VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.
119. Росенко М.Н. Основы этических знаний. – СПб., 1998. – 256 с.
120. Ислам. Энциклопедический словарь. – Москва, 1991. – 311 с.
121. Гусейнов А.А., Ирритц Г.С. Краткая история этики.– М., 1987. – 350 с.

122. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. - 272 б.
123. Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы, 1991. – 80 б.
124. Итеғұлова С.А. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі. Филол. ғыл. канд. дисс... Автореф. – Алматы, 2002. – 26 б.
125. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: «Ғылым», 1987. – 368 б.
126. Бегалин К. Алтын Орда хандары.– Алматы: «Адамар» ЖШС, 2007. – 272 б.
127. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы, 2002. – 1-т. – 480 б.



МАЗМҰНЫ

<i>БӨЛІМ</i>		беттер
	МАЗМҰНЫ	8
	АЛҒЫ СӨЗ	11
1	I тарау. түркі халықтарының тағылымдық мұраларындағы жеке тұлғаны тәрбиелеудің этномәдени негіздері	14
	1.1. Түркі халықтарының мұраларындағы жастарға этномәдени білім берудің мақсаттары мен ұстанымдары	14
	1.2. Түркі халықтарының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны	29
2	II Тарау. Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие мәселелерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері	50
	2.1. Түркі халықтарының этнопедагогикасындағы тәрбие құралдары, түрлері мен әдістері	50
	2.2. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі негізінде қалыптасқан	128

«түркілік рухы» жетілген тұлғаның жиынтық бейнесі	
Қорытынды	142
Глоссарий	145
Әдебиеттер	152
МАЗМУҢЫ	163

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ





NOTES

.....

.....

.....



NOTES

.....

.....

.....

